

Ә/Б отырысында қаралды
Хаттама № 1
31.08 2023 ж
Жүзеге

Келісемін:
ОІ орынбасары
А.К.Қошақасва
01.09. 2023 ж



Ш.Батталова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

МАД «А» сыныбы

Тәрбиеші : Тулеутаева С.С

2023-2024 оқу жылы

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсанындағы
№557 бұйрығына
3-қосымша**

Мектепалды сыныбына 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Аптасына өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жылдық жүктеме
1	Дене шынықтыру Дене шынықтыру**	Күн сайын	3 сағ.	100
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағ.	68
	Тілдік қарым- қатынас	Күн сайын		
	Көркем әдебиет		2сағ.	66
	Тілдік қарым- қатынас	Күн сайын		
	Қазақ тілі		2 сағ	68
	Қазақ тілі***	Күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері		3 сағ.	100
	Тілдік қарым- қатынас,танымдық әрекет	Күн сайын		
4	Математика негіздері		3 сағ.	100
	Танымдық,зерттеу әрекеттері	Күн сайын		
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағ	66
	Тілдік қарым- қатынас,танымдық,зерттеу әрекеттері,енбекке баулу	Күн сайын		
6	Сурет салу		1 сағ.	33
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Күн сайын		
7	Музыка		2 сағ.	67
	Музыка ****	Күн сайын		
8			20 сағ.	668 сағ

Ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы 20-25 минут

ДЕМАЛЫСТАР

КҮЗГІ

30.10.23 - 05.11.23 ж

ҚЫСҚЫ

29.12.23 - 07.01.24 ж

КӨКТЕМГІ

21.03.24 - 31.03.24 ж

ҚОСЫМША

05.02.24 - 11.02.24 ж

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

25.05.2024 ж

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) ҚММ

Мектепалды О «А» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі 01 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу					Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					«Табиғат мінезі» Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» «Көктем көрінісі» Мақсаты: көктем мезгілінің ерекшелігін білу. Шарты: суретке қарап әңгімелеу. Еңбек тапсырмасы: Кезекшілікті ұйымдастыру Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 1				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)					Психомоторлық жаттығу: <i>Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық</i>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
					1. Көркем әдебиет Міндеті: - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Мақсаты: . Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ; Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауы Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: мақалдың мағынасын айтады Білімін – бұлағын Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар.

					Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды Мақалды жаттап ал. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін кітапты көп оқу керектігін түсінеді
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»


				<p>Ойын: «Допты қуып жет» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</p>  
--	--	--	--	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

					<p>Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту Мақсаты: а) Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету. ә) Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. б) Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу. Күтілетін нәтижелер: жасайды: жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады. түсінеді: адам қолымен жасалған заттарды атап береді; жанды және жансыз заттарды бір- бірінен ажырата алады. қолданады: жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді; заттарды мақсатына сай пайдаланады; бақылау, еңбек және тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше анықтай алады «Тағы не істейді?» деген ойын ойнауға шақырады. Ойын тәртібі бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс. Балалардың жауаптары: Дәурен: Үйрек суда жүзе алады, тағы не</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>істейді? Сүгір: Сүнгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды. Д: Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады? С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді. Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады? С: Қалта шам, шам, көліктің шамы... «Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады: Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан сон педагог атаған адам немесе басқа дәбір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы: Менің достарым – тыныстай алады. Балалар жанды табиғат бөліктері бейнеленген үлгілерді көрсетеді</p>
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

		<p>Ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарды. Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.</p>
		

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

					<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Міндеті:- Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру -- Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау -- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану Мақсаты: -балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету -- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, ағаш бұтақтарын мүсіндеу -- жырту, уағжайлау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету</p>
--	--	--	--	--	--

					- табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындай білуге үйрету Балалармен топтық жұмыс
Үзіліс: « Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны.					
					<i>Ойын: «Өзен»</i> Кішкене өзен арқылы. Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді. Көрнекіліктер: тақтай, жіп. Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
					Музыка Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету Мақсаты: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)
Серуенге дайындық					Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен					Картотека №1 «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп, әңгімелеу. Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Мақсаты: Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату. «Алтын -сары,қызыл көк

					<p>Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап» Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», Мақсаты: Ойын ережесін тыңдай отырып, өздері ойын барысын бұзбай ойнауға баулу. Ептілікке, байқампаздыққа үйрету.</p>
Серуеннен оралу	Ішке кіру				
Балалармен жеке жұмыс					<p>Жеке жұмыс Адема және Мираспен Мектеп туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					<p>Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу</p>
Балалардың үйге қайтуы					<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ
 Мектепалды О «А» сыныбы
 Жоспардың құрылу кезеңі 04-08 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеп тұрған таңғы радио: «Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу» Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету.	Үстел үсті театр ойыны: «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Ойын– жаттығу: «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап Ойын:«Жер шары» Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.	« Сәлем жаңа күн» Д/ойын : «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер,су,ауа. Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем шашу	«Табиғат мінезі» Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы фломастер» еркін сурет салу. Не артық? Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. «Табиғат мінезі» жаттығуы Еңбек тапсырмасы: Кезекшілікті ұйымдастыру
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 1				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгерген шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	I - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті : Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-г, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Мақсаты: -«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлердітолықтырады; Түсінеді: "б" " п"	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Дыбыс туралы түсінік беру Мақсаты: -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстарды ажыратады. Түсінеді: дыбыстардың әртүрлі болатынын. Қолданады: тыңдайды, сұрақтарға жауап береді Педагог ұнтаспадан табиғатта кездесетін дыбыстарды тыңдатады. – Балалар, құстың шикылдауы, желдің соғуы, жанбырдың сылдыры, жапырақтардың сылдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар.	Сауат ашу негіздері Міндеті: -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру Мақсаты: -: -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстарды ажыратады. Түсінеді: дыбыстардың әртүрлі болатынын. Қолданады: тыңдайды, сұрақтарға жауап береді Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен) – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді	Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты: - «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады. Түсінеді: өлең мазмұнын, дыбыстарды айтатынымызды және еститінімізді. Қолданады: табиғи және жасанды дыбыстарды ажыратады – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз	Көркем әдебиет Міндеті: - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу Мақсаты: - - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру - Күтілетін нәтижелер: Жасайды: мазмұнының жүйесін сақтай отырып өлеңді айтып бере алады; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді, әдеби жанрды ажыратады; Қолданады: өлеңді жатқа

	<p>дыбыстарының ұқсастығын; Қолданады: әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады</p> <p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбак «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пак. Па-рак – жа-пы-рак. балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбак» сөздеріне сөйлем құратады. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.</p>	<p>«Көрсет» ойын-жаттығуы. 1. Жылан қалай ысылдайды? 2. Қасқыр қалай ұлиды? 3. Жапырақтар қалай сырдырлайды? 4. Жаңбыр қалай тамшылайды? 5. Ит қалай үреді? «Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады. Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсындар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!» деген мағынаны білдіреді. – «Шуу-шу-у» деп атты жүргізу үшін айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аууууу!», «Шүүу!», «Іңгәә!»</p>	<p>айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек. Мысалы: кқол, өззен, үйі, қасқыр, дооомбыра, құұұмыра, каннит, батығыр, арррба, баллға, баллла, шаррр, дөңгеллек, қаззз, құмммыра, көллік, құссс, қаайық, бөшпшке, шанышшшқы, түллік, көззз, қонңнырау, құллпы, бақққа, сазззан, тышшшшқан, сссан, көрррпе, керррлік, шыббын, аррра, баллла, жағға, тағға, құсс, тұззз, бііз, бәтеңңке, гүлл, баллл, сабббын, көззілдірік. (Ойынға барлық бала қатысады). Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: (мәәә) Сныр мөңірейді: (мууу) Жылқы кісінейді: (йюо) Түйе боздайды: (баа) Ешкі бақырады: (мәкк)</p>	<p>жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде гана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естіміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады. Педагог тақтада көрсетеді. – Сөз – белгілі бір дыбыстар жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен? – Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен. – Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады. «Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен). Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: аалма(а), тттин(т), кққасқыр(к), мммакта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), кққыс(к), аалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), кққияр(к), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық(ж), дддиректор(д), шшшпұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), кққолшатыр(к), бббақа(б), ииит(и), жжжарық(ж) «</p>	<p>айта алады, басқалардың пікірін тыңдайды. Күз – жомарт Тоңазып атырап, Көк жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. «Күз – жомарт» дейміз біз, Жемісін жейміз біз.</p>
--	--	---	--	---	--

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
«Лақтыр да, қағып ал»

Суретті тіл ұстарту:
Ша – ша – ша
Айшаның шанасы тама (ша)
Са – са – са
Қасқыр соқты Мү (са)
Ол – ол – ол
Ағашта лимон м(ол)
Ра – ра – ра
Дүкеннен нан алды Са (ра)
Із – із – із
Тамаққа қосты сәб(із)
Жу – жу – жу
Ыдысты тазалап (жу)



Ойын: «Лақтыр да, қағып ал»
Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады, соны санайды. - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

	<p>Қоршаған орта Міндеті: -- Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру. Мақсаты: - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады. түсінеді: адам қолымен жасалған заттарды атап береді; жанды және жансыз заттарды бір- бірінен ажырата алады. қолданады: жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді; заттарды мақсатына сай пайдаланады; бақылау, еңбек және тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше анықтай алады</p> <p>топтың жұмысын қағазды зерттеу бағытында ұйымдастырады. Қағаздың қасиеттерін зерттейді: оны қолмен ұстап, қайшымен қиып көреді, суға салады. Содан соның қасиеттерін атап көрсетеді. Төмендегідей қорытынды шағарады: Қағаз құрылымына қарай жұқа және қалың болып бөлінеді. Қағаз мықты және әлсіз. Қағаз суға еріп кетеді. Қағазды қайшымен қиюға немесе қолмен жыртуға болады. Қағаздан түрлі заттар жасауға болады.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Мақсаты:- кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды «Қайда барасың, непі табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шакафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда</p>	<p>Математика негіздері Міндеті:- Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Мақсаты: - кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды Топтық жұмыс. Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды 1-тапсырма. Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. – Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан? 2-тапсырма. Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті:- Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Мақсаты:-- кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды</p> <p>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды. «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті:- Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату Мақсаты:- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау Күтілетін нәтижелер: жасайды: күз мезгілінің белгілерін атап көрсетеді. түсінеді: себеп-салдар байланысын түсінеді; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі. қолданады: алған тәжірибесін күнделікті өмірде пайдалана біледі (маусымға сай киінеді және т.б.)</p> <p>Балаларды балабақша аумағындағы экскурсия кезінде проблема іздеуге және оны зерттеуге бағыттау. Педагогтің жапырағы селдіреп, көбірек түскен ағаш пен жапырағы көп түспеген ағашты табу туралы ұсынысын орындайды. Ағаштардың атауын атайды және оны қандай белгілеріне қарап анықтағанын айтады. Экскурсия кезінде балалардың назарын күзгі табиғаттың сұлулығына, ағаш жапырақтарының біртіндеп азайғанына, жәндіктердің жасырынып қалғанына</p> <p>құстардың топталып, оңтүстікке ұшып кетуге қамданып жатқанына аударады. Балаларға ауа райындағы өзгерістер мен өсімдіктердің қазіргі жағдайы арасындағы өзара байланысты (күн сәулесі түсетін уақыттың қысқаруы, ауа температурасының төмендеуі) түсіндіреді. Құстардың дауысы, шегірткелердің шырылы, ара мен шыбынның ызындағаны естілмей, айнала тыныштала бастағанына назар аудартады. Балалар ең әдемі, түрлі түсті жапырақтарды жинайды, оларды көлеміне, пішініне, бояуына қарай салыстырады, жапырақтардың қандай ағаштардан түскенін атайды.</p>
--	---	---	--	---	--

		барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады.	Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында	Егер жиналған жапырақтардың арасында (желмен ұшып келген) өзгеше жапырақтар болса олардың бұл жерге қалай келгенін айтып береді. Желдің күшін желбаққыш (флюгер) арқылы анықтайды. Балалардан құстардың тіршілігінде қандай өзгерістер болып жатқанын, олардың неліктен жылы жақтарға ұшып кетуі керектігін сұрайды (жыл мезгілімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістердің бір-бірімен байланысын ұғындыру үшін). Балаларға күн суытып, өсімдіктердің қурайтынын, жәндіктердің жасырынып қалатынын, тұқым мен жемістердің азаятынын, сол себепті, алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар, кейін тұқыммен және жемістермен қоректенетін құстар ұшып кететінін, бәрінің сонынан суда жүзетін құстардың жылы жаққа кететінін түсіндіреміз
--	--	---	--	--

Үзіліс: **Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»**

<p>Тілді жаттықтыратын тақпақ</p> <p>Кім келді? Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз! Апа, апа бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Әке, әке бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Ағатайым бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Қарындасым бұл сен бе? Иә, иә, иә! Біздер тату жан ұя Иә, иә, иә!</p>		<p>Ойын: «Айдаһардың құйрығы» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</p>
--	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты:- Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. Қолданады: сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті:- Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру Мақсаты: - Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттыулар жасау Мақсаты:- Мазмұнды жалғастыру арқылы ой- қиялдарын дамыту Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота. Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару Мақсаты: - Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: мақалдың мағынасын айтады -Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең сендерге ұнады ма? – Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Өлең не туралы? – Өлеңді тындағанда сенде қандай көңіл күй пайда</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті:- тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беру --тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беру - шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу - Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету Мақсаты:- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, - бедерлі мүсіндеу тәсілімен</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>береді. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді</p>	<p>сұрақтарды түсінеді, жауап береді. Қолданады: сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттын атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.</p>	<p>Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ -балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: 1 .Тebіншек ат – шегіншек. Шегіншек ат – тebіншек</p>	<p>болды? – Бүгін қандай мереке деп ойлайсың? – Мерекеде кімді құттықтайсың</p>	<p>таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу Топтық жұмыс: Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Күз Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.</p>
--	---	---	---	---	--

Үзіліс : Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа» ойыны

<p>«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.</p> 		<p>Ойын: «Жер, су, ауа» Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезіммен тәрбиелеу. Көрнекіліктер: асық Шарты: балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу. Біл бала отатаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.</p>
---	---	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін Мақсаты: - Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін Күтілетін нәтижелер:</p>	<p>Музыка Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Мақсаты: - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау; музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу бий» (чех халық</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қашықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Мақсаты:- Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қашықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру керектігін үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді, «Өз-өзіне кел» психологиялық-қозғалыс жаттығуын; Түсінеді: тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру Мақсаты:- Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыканың сипатын бейнелі мазмұнымен, оның көңіл-күймен байланыстыра білуді қалыптастыру Мақсаты:- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі ренктерін ажырату Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>Жасайды: «Ине-жіп» жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. Түсінеді: спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін Қолданады: баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын «Мұқият бол» ойын жаттығуы. 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p>әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын; Қолданады: екі аяқпен қалай секіру керектігін Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p>аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру Түсінеді: баяу жүргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p>«Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сикырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Картотека №2 Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. Жеке жұмыс: Балалармен мысық туралы өлең жаттау. Мысық сүтке тойды</p>	<p>Картотека №3 Мектеп ауласындағы құстарды бақылау Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын атату және қимыл-қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын таңдау. Еңбек: Балабақша</p>	<p>Картотека №4 Күз мезгілінде желді бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. Мақсаты: Өз ойын алаңдарын таза, жинақы ұстауға үйрету.</p>	<p>Картотека №5 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау.</p>	<p>Картотека №6 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың</p>

	<p>Көзін қысып қойды Әндетіп бір баяу Дейді мияу, мияу, мияу. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық», «Кім тез жетеді?» Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ, Тышқан ұстау талабы. Сылдыр етсе жапырақ, Дереву бұға қалады.</p>	<p>ауласындағы ілулі тұрған жем салғышқа, үлкендердің көмегімен құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Мақсаты: Қыс мезгілінде құстарға қамқорлықтың өте қажеттігін ұғындыру. Құстарды үркітпей қамқорлауға үйрету. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» (жүгіру) Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен, ойын ережесін бұлжытпай орындау. Көркем сөз: «Міне торғай, Үйін қорғай, Жер бауырлап зырлай Шырқап биік, күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды.»</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу. «Желді күн» (Ж. Смаков) «Ту-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» Қимылды ойындар: «Күн мен түн» (жүгіру) Мақсаты: Жүгіру, секіру, мергендік қабілет-терін дамыту.</p>	<p>Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орыңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу.</p>	<p>айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектену білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел» туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гүлдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып»</p>
Серуеннен оралу	Ішке кіру				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Ернұрға дыбыстың айтылуын жаттықтыру</p>	<p>Көзайым мен Алуаға заттардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.</p>	<p>«Құмырсқа» Ертегіні таныстыра отырып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Мединаға қағаздан түрлі геометриялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету.</p>	<p>Балаларға шығармашылық саласы бойынша топтасып ой-қиялдарымен ермексаздан жануарлар мүсіндеуді үйрету</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Ойын: «Керсінше айт» «Бір сөзбен ата» (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ойын: «Жазылмай қалған сандарды ата» «Орындықтар» (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Д/ойын: «Сиқырлы суреттер» «Қай қолымда көп» (құрастыру, матем. негіздері)</p>	<p>Ойын: «Ұзын-қысқа» «Кім епті» (Сөйлеуді дамыту, матем. негіздері)</p>	<p>Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда балаңыз өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 11 - 15 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер» Мақсаты: Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.	Дойын: «Кері айт» Мақсаты: мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдірін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» Мақсаты: конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Дойын: «Көліктерді ата» Мақсаты: балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен балабақша туралы әңгімелесу.	Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау.	Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі».	Құрылыс ойындары «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 2				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мнемосхемамен «Көліктер» К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.	«Көңілдімін» Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көліктің дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін,айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн	«Зу-зу етіп көшеде» Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.	«Көлік жүйрік шықты алға» Түрі, түсі, атауың, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.	«Бип-бип-бип дейді» Бип-бип-бип дейді Жол шегіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Мақсаты: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу	Сауат ашу негіздері Міндеті : Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді атайды, мағынасын	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Мақсаты: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді атайды, мағынасын түсінді. Түсінеді: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын,	Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты: «дыбыс», «сөз» туралы білімдерін бекіту. Күтілетін нәтиже:	Көркем әдебиет Міндеті: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну.

	<p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады; Түсінеді: досына деген адалдықты, сенімділікті; Қолданады: бір-біріне қол ұшын бере біледі.</p> <p>Үнтаспадан Б.Самединованың орындауында «Достар, достар» әні тындатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады. Мысалы: әке, ана, аға, тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк</p>	<p>түсінді. Түсінеді: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді. Қолданады: дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді Педагог балаларға ымымен «отырыңдар», «сөйлемдер», «тынышталыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру</p> <p>–Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тіктөртбұрышпен белгілейміз. Педагог сөз сызбасын тақтаға жазып немесе сызбасы сызылған көрнекілікті тақтаға іліп, көрсетіп, түсіндіреді</p> <p style="text-align: center;">[]</p> <p>«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т</p>	<p>түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді. Қолданады: дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді Педагог балаларға ымымен «отырыңдар», «сөйлемдер», «тынышталыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру</p> <p>«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу, шапалақтау, бір орында жүру т.б. Дәптермен жұмыс 1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. 2. Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.</p>	<p>Жасайды: дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді. Түсінеді: сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін біледі. Қолданады: берілген дыбысқа сөз ойлап айтады «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишканы беріп отырады). Мысалы айтылатын сөздер: алма, алақан, алмұрт, ананас, алша, автобус, ақула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, алпыстан, арқан, алқап, алтын т.б. Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады</p>	<p>себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату - Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады; әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын және еңбектің не екенін; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, әңгімені айтып бере алады</p> <p>– «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды? «Көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді». Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады Мақалды жаттап ал. Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның. Балалар педагогтің жетелеуімен еңбек еткен адамның өсіргені балдан да тәтті екенін түсінеді</p>
--	--	--	---	--	---








Үзіліс

<p>Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» Шарты: Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. Дыбыстық жаттығу Дан-дан-дан-манадан, Дан-дан-дан-шанадан, Ем-ем-ем – мінгізем. Ем-ем-ем – жүргізем.</p>	<p style="text-align: center;">ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ</p> <p>Олар 4 топқа бөлінеді: Ескертуші белгілер (алдағы қауіп туралы ақпарат береді)</p>  <p>Тыйым салушы белгілер (белгілерде көрсетілген бейнелердің жүруіне тыйым салады)</p>  <p>Сілтеуші белгілер (адамға қажетті нысанның қайда екенін көрсетеді)</p> 	<p>Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер. Ойын шарты: 1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. 2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. 3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.</p>
---	--	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары,</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: -- «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Міндеті: - - Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы,</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу</p> <p>Мақсаты: - отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> өз отбасы туралы әңгімелеуге байланысты тапсырмаларды орындайды/жасайды; отбасы мүшелері арасындағы байланысын түсінеді; өз отбасы туралы алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады. <p>Отбасы қандай болу керек?</p> <ul style="list-style-type: none"> Отбасы тату болу керек. Ал тату болу үшін не істеу керек? Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. Бір-біріне көмектесу керек <p>«Кім қалай жақын» ойыны. – Атаңның саған қандай жақындығы бар? – Әкемнің әкесі. – Әжелеріңнің сендерге қандай жақындығы бар? – Әкемнің анасы. – Сен оларға кім боласың? – Немере. – Сіңлің (қарындасың) сенің әкеңе кім болады? – Қызы. – Сен әкеңе кім боласың? – Баласы.</p>	<p>бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру</p> <p>Мақсаты: -заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>менгереді: «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды;</p> <p>түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын;</p> <p>қолданады: заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуы</p> <p>Педагог суретті карауға ұсынады. Балалар суретті қарайды. Суретте не бейнеленгенін айтады. – Дүкенде неше ойыншық бар? (Көп.) – Суреттегі қандай ойыншықтарды біреу деп айтуға болады? – Қандай ойыншықтар бірнешеу? – Түстері әртүрлі, бірақ бірдей ойыншықтар бар ма? Балалар суретті қарап, бір-бірден тұрған ойыншықтарды табады: бір ракета, бір гитара, бір аю, бір керік және т. б. Көп ойыншықтар машинелер, қуыршақтар, текшелер және т. б. Балалар сөйлеу барысында «біреу», «көп», «бірнеше» сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: машинелер көп, қайық біреу. «Алаңдамай жалғастыр» дидактикалық ойыны Педагог ойын шартын түсіндіреді: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтаңдар, егер «бір» деп айту керек болса, алақанды соғыңдар, «бір» деп айтыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтыңдар. – Аспанда жұлдыздар... (Көп.) – Аспанда ай ... (Біреу.) – Адамда ана ... (Біреу.) – Мұхитта балық ... (Көп.) – Егістікте бидай ... (Көп.) – Аспанда күн ... (Біреу.)</p>	<p>жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру</p> <p>Мақсаты: - заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>менгереді: «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды;</p> <p>түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын;</p> <p>қолданады: заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуы</p> <p>Топтағы практикалық жұмыс Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс ұсынуға болады. Әрбір үстелге көп қарындаштарды (таяқшалар және басқалары) қояды. – Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп.) – Қанша қызыл қарындаш бар? (Біреу.) – «Біреу» сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қойыңдар. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. – Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? Осы ойыншықтарды қоршап сызыңдар. Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде «бірнеше» немесе «көп», «біреу» сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды. Балалар түстері бірдей ойыншықтарды атайды</p>	<p>бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру</p> <p>Мақсаты:- заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды;</p> <p>түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын;</p> <p>қолданады: заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуы</p> <p>Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар» Айналасынан қандай заттардың көп екенін (орындықтар, үстелдер, қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. Педагог 3-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. – Суреттегі бант қандай түске боялған? (Қызыл.) Бір сыйлықты таңдап, бантиктің түсіндей түске бояйды. Қанша қорап бояусыз қалды? – Онда не болуы мүмкін? – Сыйлыққа қандай ойыншық алғыңыз келеді? Әр бала бір қорапты таңдап, оны бояйды.</p>	<p>ересек азамат болып ержетуі мен еңбек ету дағдыларды игеруге ықпал ету</p> <p>Мақсаты: -: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек ету дағдыларды игеруге ықпал ету .</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> мектеп ызметкерлері туралы әңгімелейды, сандар арқылы интербелсенді тақтадан тапсырмаларды орындайды/жасайды; мектеп мамандары балалар үшін жұмыс жасайтынын түсінеді; мектеп мамандарының қайсысы қандай жұмыспен айналысатынын туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады <p>«Қажетті құралдарды жина» ойыны (Үстелде әртүрлі заттар шашылып жатады, соның ішінен мейірбикеке қажетті құралдарды жинап, сөмкеге салу қажет). – Балалар, мейірбике асығып жүріп құралдарын шашып алыпты, оның медициналық сөмкесін жинауға көмектесулеріңізді сұрайды. Біз сізге көмектесеміз бе? Балалар үстелге келіп, мейірбикенің сөмкесіне медициналық құралдарды жинайды. – Барлығын дұрыс жинадыңдар ма, тексерейік, әр құралға ат қоямыз. Балалар әр медициналық құралдың атын атайды, не үшін қажет екенін анықтайды. – Жарайсыңдар! Мейірбике сендерге өте риза болады деп ойлаймын. Еркін, зырылдауықты айналдыр. Қандай цифр? Цифрға сәйкес тақтадан суреттер пайда болады: кіржуғыш машина, жаюлы кірлер, сабын, кір жуғыш ұнтақ т.б. – Балалар, біз қандай бөлмеге келдік? – Осы заттармен жұмыс жасайтын адамның мамандығын атаңдар. (Балалар өзара сөйлесіп, мамандық иесі – балабақшадағы кір жуушысы ... апай екенін табады). Слайдтан бейнебаян арқылы кір жуушы апай сөйлейді: «Балалар, балабақшадағы көрпе жаймаларың, төсеніштерді, сүлгілерді, барлық есік, терезе перделерін, аспаз мейірбике киетін халаттар т.б. заттарды тазартып, жуу – менің жұмысым «Не үшін керек?» ойыны Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш машина, үтік, үтіктеу</p>
--	---	--	---	---	---

					тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы.
Үзіліс					
<p>Сюжетті - ролді ойын: «Кім үздік жүргінші?» Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жағ) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. Корнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы. Ойын барысы: Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.</p> 	<p>Саусақ ойындары Ойын: «Қозылар» Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. Тіл дамыту жаттығуы Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты, Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді, Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп, Қопарды да өзі сурет салды, Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп, Бүкіл ағаларын итеріп тастады.</p> 	<p>Саусақ ойыны: «Құрттар» Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Тіл дамыту жаттығуы 1,2,3,4,5 Құрттар серуенге жүрді, Бір уақытта қарға алдарынан шықты, Басын шайқап иіле, -Менің түскі асым- деп, Енді қараса құрттар жоқ.</p> 	<p>Психологиялық ойын: Ойын: «Сәлемдесу» жаттығуы. Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-біріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.</p>  	<p>Аз қимылды ойын: Ойын: «Кеме» Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Қажетті атрибуттар: ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар. Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.</p>  	
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	<p>Қазақ тілі Міндеті: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу Мақсаты: -мектепке не үшін</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану Мақсаты: - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: сөз өнеріне баулу, жаңылтпаш айту Мақсаты: . сөз өнеріне баулу, жаңылтпаш айту Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады; әңгімені</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті:- Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу</p>

	<p>баратынын әңгімелеп айтып беру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді атайды, сөйлемдерді құрастырады, тақпақ жаттайды, қайталайды. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: шағын мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап беледі Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Танертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p>(басы, ортасы, соңы). Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Түсінеді: адамгершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді. Қолданады: балабақша қызметкерлерімен қазақша амандасадy, қарапайым сұраққа жауап береді. Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? – Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.</p>	<p>сенімділігін дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады; Түсінеді: досына деген адалдықты, сенімділікті; Қолданады: бір-біріне қол ұшын бере білуді -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал</p>	<p>мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын және еңбектің не екенін; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, әңгімені айтып бере алады – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Әңгімені мәнерлеп оқу -Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды Жаңылтпаш Не деген таңғажайып бақша бұл Төбеден алма қарша жауып тұр</p>	<p>- Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын мүсіндеу - Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану - Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ыдыстарын құрастыру Мақсаты: - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту -тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету -- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, кино, жапсыру дағдыларын қалыптастыру - қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру - Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар? Сендердің үйлеріңде осындай тостағандар бар ма? Суретін салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Топтық жұмыс</p>
--	---	---	---	---	--

Үзіліс

<p>Сюжетті-рөлді ойын:« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық» Мақсаты: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты тандау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүнгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа әзір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр. Ойын шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның</p>	<p>Қимылды ойын: «Машинамен саяхат» Мақсаты: Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту. Көрнекіліктер: Ойын алаңы, фишкалар. Ойын барысы: Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.</p>	<p>Сюжетті-рөлді ойын: « Ұшқыштар» Мақсаты: Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту. Жағдаят: Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда. Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару. Ұшақ далада жұмыс істеуде. Тәрбиешінің іс-әректі: Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс- әрекетін басшылыққа алады. Балалардың іс-әрекетті: Техник ұшақтың моторын тексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды. Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі. Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылап басқарады. Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді.</p>	<p>Қимылды ойын: «Автобус жүргізуші» Ойын мақсаты: Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қажетті атрибуттар: руль, абонементтер, орындықтар, микрофон. Ойын шарты: Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады.</p>	<p>Релаксациялық жаттығу:«Теңізге саяхат» Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады. Жүргізуші:Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен</p>
--	--	--	--	--

үстінде, қараңғыға үніліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүнгүірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, қраншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.

Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.

Механик машиналардың жұмысын тексереді. Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды; Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.



Радист балықшылар диканшылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды.

Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі. Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі.

Ұшқыштарға түсік ас дайындайды.

Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді. Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді.

Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды.



Зымыран



Ғарышкер

Жүргізуші роліндегі бала «ал кеттік» деп, аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады. Тексеруші ролін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады. Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады.



жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз.

Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру

Міндеті: -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру
Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру

Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру:

Музыка

Міндеті:- Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету
Мақсаты: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: шығармаларды тыңдайды, қарапайым күй жанрларын ажыратады;ән орындайды.

Түсінеді: ән айту дағдыларын.

Қолданады: мәнгерлі қимылдарды орындайды

Музыка тыңдау:

Дене шынықтыру

Міндеті: арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру
Мақсаты: : арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру
Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап

Дене шынықтыру

Міндеті: скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу
Мақсаты: скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: тыныс алу гимнастикасы, 4 метр артпен жүру, «Минга арналған гимнастика» жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру.

Түсінеді: таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау

Музыка

Міндеті: -Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру
Мақсаты: Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады;ән орындайды.

Түсінеді: бидің вальс, полька, халық биі сияқты жанрлары болатынын.
Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнгерлі қимылдарды орындайды

	<p>Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды.</p> <p><u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. Балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санандар. Бір, екі, үш – ал тарандар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады</p>	<p>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).</p> <p>Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Сикырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>	<p>жүруді, «Өз-өзіңе кел» психологиялық- қозғалыс жаттығуын;</p> <p>Түсінеді: тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын;</p> <p>Қолданады: 1,5 минутқа дейін орташа қарқынмен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын)</p> <p>Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) (10 рет). Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет). Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады</p>	<p>кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүргінде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін.</p> <p>Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргінде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін</p> <p>«Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.</p> <p>Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.</p>	<p>Музыка тыңдау: «Вальс» (К. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Мендіғалиев)</p> <p>Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)</p> <p>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

Серуен	<p>Картотека №5 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсын Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орынды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу.</p>	<p>Картотека №6 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектену білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел»туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып»</p>	<p>Картотека № 7 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге десер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық » Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: 1. Қуаласпақ. 2. Тығғылспақ.</p>	<p>Картотека № 8 «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар «Құйқылықтып дала күйін, Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шашпандыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды»</p>	<p>Картотека № 9 Қоңыр күзді бақылау, салыстыру Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп біткі тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді .</p>
Балалармен жеке жұмыс	Медина мен Альфияға құстарды танып,атын атауға үйрету.	Аңсат пен Мариямға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»	Муслим мен Арманға қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	Еркем мен Дамирға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»	Айлин мен Ерназарға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Пазл ойындары.	Ж.Р.О:«Шаштараз»	Д/ойын: «Сықырлы қорап»	Суреттер, ертегі кітаптар қарау.	Еркін ойындар
Балаларды үйге қайтару	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзіңше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ


Мектепалды О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 111 -апта 18 - 22 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	Еркін ойын: «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	Пж ойын: «Қайтала» Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шімен қайталайды.	Пж ойын: «Ойыншықты тап» Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	Еркін ойын: «Сенде не бар?» Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары «Үй жиназдары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туыскандары туралы әңгімелеп беру .	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»	«Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін»	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру 87778165367	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу	Сөздік ойын «Қимылын көрсет»
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті : -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету Мақсаты: -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды; Түсінеді: ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін; Қолданады : дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты дыбыстарды ажыратады. Түсінеді: дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз айтылатынын, Қолданады: дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді.</p> <p>«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету. – Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен). Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады. Түсінеді: жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Күпия сөз» дидактикалық жаттығуы – Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. – Ол қаладан алыста да, жақын да, да орнала береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт-түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады. – Ауыл. – Иә, балалар, бұл – ауыл. Енді келесі құпия сөзді табуға тырысындар. – Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі. Балалардың жауабы тыңдалады. – Дұрыс айтасындар балалар, мен отбасы туралы айттым. – Оны құрайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді. – Құпия сөз – ұя.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады. Түсінеді: жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Тақтаға суреттерін іліп көрсету. – Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді. Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ, у. Айнаны қолымызға алып жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. Жуан дауысты дыбыстарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық. Ерніміз өртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңестеніп кейін жиырылады. Айнаға қарап алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз сөздерін айтайық, бұл сөздер жуан дауысты дыбыстардан басталып тұр. Дыбысты айтқанда тілімізді қай жерде соған мән береміз. Жуан дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты: өлеңді мәнерлеп, логикалық екпінмен, үзілістермен айтуға дағдыландыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрды ажыратады. Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды. Жемістер жыры Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Көктемде ерте гүлдеймін, Кешігуді білмеймін. Уылжыған өрікпін, Мен бау-баққа көрікпін Өлең ұнады ма? – Өлең не туралы? Жемістер қайда өседі? – Алманың, өріктің дәмі қандай? – Қандай жеміс ұнайды? – Сен қай жеміс түрінің дәмін таттың? – Неліктен жемістерді жақсы көресің? – Осы жемістерден мол өнім алу үшін тынбай еңбектену керек. Жемістерді күтіпбаптасақ, мол өнім аламыз. «Еңбек – бәрін де жеңбек» деп халық бекер айтпайды. Еңбектің арқасында жақсылық та, қуаныш та, байлық та – бәрі болады Дидактикалық ойын: «Дәмін тат». Ойынның шарты: Ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала дәмі бойынша қандай жеміс екенін табады</p>
Үзіліс					



<p>Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ Мақсаты: Сандарды жаттау, санауды дамыту. Бір ауыз сөз, Екі айтпайтын адам. Үш қайтара сәлем, Төрт түлік мал, Бес уақ намаз, Алты алаш, Жеті қабат жер асты, Сегіз қырлы жігіт, Тоғыз торау жол, Он сақа ой.</p>		<p>Ойын: «Үкі». Мақсаты: Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.</p>
---	---	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бар әрпіне сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды</p>	<p>ажыратады «Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: (С) Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; (Ғ) ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз, жаға, Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, ғанибет; (Б) бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, кобыз, бақыр; (Қ) қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ</p>	<p>дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді. Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді. Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң дауыссыздардың жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: п, қ, к, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа) Қатаң дауыссыз дыбыстар тек салдырдан жасалады, олардың жасалуына дауыс шымылдығы қатыспайды «Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, ток, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, ті</p>	<p>«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауыссыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар. Мысалы: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, шетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль. «Сөзге қатаң дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы – Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек. Мысалы: қа..., ша..., автобу..., тара..., голь..., үгі..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса..., қайра..., қамы..., қайы... т.б</p>	<p>бар. Күжірейген жалды, Білсең айт бұл анды? (Арыстан Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, Мысықтан қорқады. (Тышқан) – Суретке қараңдаршы, ертегі не туралы деп ойлайсыңдар? Бүгін біз «Арыстан мен тышқан» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Тышқанды арыстан қалай ұстап алды? – Тышқан арыстанға не деді? – Арыстан тышқанның уәдесіне неге күлді? – Арыстан тұзаққа қалай түсті? – Арыстанның даусын естіген тышқан қандай көмек жасады? – Арыстан тышқанның көмегіне неге ұялды? Қалай ойлайсың?</p>
<p>Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Торғайлар мен мысық»</p>					
		<p>Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанатын. Үсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)</p>			
					
<p>2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>					
	<p>Қоршаған орта Міндеті: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Мақсаты) Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Күтілетін нәтижелер:</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 5,6 сандарының пайда болуымен, 5,6 цифрмен таныстыру Мақсаты : 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 5,6 сандарының пайда болуымен, 5,6 цифрмен таныстыру Мақсаты 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 5,6 сандарының пайда болуымен, 5,6 цифрмен таныстыру Мақсаты 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау Мақсаты : ауыл мен қаладағы адамдардың еңбегімен таныстыру Күтілетін нәтиже</p>

	<p>жасайды: балабақша маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.</p> <p>түсінеді: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі.</p> <p>қолданады: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер</p> <p>Өзекті мәселе: Неліктен күзде ағаштардың жапырақтары түседі? Болжамдарын айтады: Күзде күн сәулесі азайып, күн қысқарады. Бұл ағаштарға қысқа дайындалу қажеттігі туралы белгі болып есептеледі. Егер ағаштар түспейтін болса қыста бұтақтар қалың қарды көтере алмай сынып кетуі мүмкін. Ағаштар жапырақтарын тастау арқылы қысқа дайындалады және өзін қорғайды. Сонымен қатар ағаштар жаз бойы діңі мен бұтақтарына крахмал жинайды. Ол аязды күндері қантқа айналады. Ағаш қыс бойы сонымен қоректенеді. Жұмбақты пайдалану арқылы балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын оятады. Жұмбақтардың шешуін табады:</p> <p>Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріңдемің үйіңнің. (Шырша) Шырынын оның бүкіл ел «ем» деп ішіп келеді. (Қайың) Үлкейткіш әйнектің көмегімен күзгі жапырақты зерттеу. Балалар жапырақтың құрылымымен танысады, сабақ, тамыршаларын байқайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 5 және 6 сандары мен цифрын;</p> <p>түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;</p> <p>қолданады: көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды.</p> <p>Педагог алдымен 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін ұйымдастырылған іс-әрекетте тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Бес). Қалай кейіпкерлер саны 5-еу болды? (5 дегеніміз – 4 және 1). Ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкер келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Алты). Қалай кейіпкерлер саны 6 болды? (6 дегеніміз – 5 және 1). Қызығушылық танытады. Ертегі кейіпкерлерін санайды. Педагог 1-тапсырмада моншақтарды санауды ұсынады. Төменнен сонша моншақты бастырып сызуды сұрайды. Тағы біреуін бастырып сызса, нешеу болады? – Қанша моншақ болды? (Бесеу) 5 цифрасымен танысу. Үстелдегі карточкалар немесе дәптердегі жазбалар арасынан 5 цифрын табады</p>	<p>қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 5 және 6 сандары мен цифрын;</p> <p>түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;</p> <p>қолданады: көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды</p> <p>Педагог тақтада, ал балалар үстелде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санайды. (Алты.) Содан кейін педагог дәптерге тағы бір моншақты салуды ұсынады. Осылай балалар 6 санын табады. 6 цифрасымен танысу. Педагог 6 цифрды бар карточканы көрсетеді. Педагог 6 саны мен цифрды туралы өлеңдер оқиды. Бір, екі, үш Жинап алдық күш Төрт, бес, алты Біз жазамыз мықты Дәптерімізді ашайық Көрсетілген үлгіге, Әдемі етіп жазайық</p>	<p>қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 5 және 6 сандары мен цифрын;</p> <p>түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;</p> <p>қолданады: көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды</p> <p>Ойын жаттығулары Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше). Педагог балаларға әр үстелге текшені таратып береді, оның әр қырларында бірден-алтыға дейін нүктелер болады. Педагогтің текше және заттық суреттері бірдей. 1– 6 зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Жұмысты топпен орындайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды. Санақ материалымен жұмыс. Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға – модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады. Одан кейін педагог жұмыс дәптеріндегі 3-тапсырманы орындауды сұрайды. Сана. Тиісті санды қоршап сыз. Алдымен тапсырманы талқылайды. – Қанша қарындаш бейнеленген? (Бес.) 5 цифрды тауып, бояйды</p>	<ul style="list-style-type: none"> • адам еңбегі туралы тірек сөздерді пайдаланып, әңгімелеуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • барлық еңбек бір-бірімен байланысты екенін, адамдар бір-бірінің қажеттілігін өтеу үшін еңбектенетінін түсінеді; • адамдарының еңбегін бағалауды, дастарқандағы тағамның, өндіріс, өнім туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады. <p>– Адамдар не үшін еңбектенеді? Еңбек – әртүрлі құралдардың көмегімен орындалатын, адамның мақсатты қызметі. – Балалар, айналадағы заттардың бәрі – адам еңбегінің нәтижесі. Педагог кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасалғанын балаларға әңгімелеп береді. – Ауылдағы адам еңбегі мен қаладағы адам еңбегі бір-біріне ұқсай ма? Ойын сәті. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сырдың). – Сырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар). – Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер). – Ауылда адамдар тағы қандай шаруашылықпен айналысады? – Егін егеді, мал өсіреді, балық аулайды, құс өсіреді, бағбандықпен айналысады. Ауылшаруашылық қызметкерлері үй жануарларынан сүт, ет, жұмыртқа сияқты мол өнім алу үшін, көп еңбек етеді. Педагог тағы бір ауылдағы мамандық иесін атайды. – Бұл кісі ерте тұрады, қамқорлығында өте көп</p>
--	--	---	--	--	--


мал бар, олар уақытымен шөп, жемдерін жеп, су ішу үшін, таңертең ерте тұрып, жайылымға айдайды. Кім туралы айтып тұрмыз? – Малшы

Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар
«Күн мен түн»



Ойын: «Күн мен түн»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: «Күн» мен «Түн» деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен карап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.

- Ереже:
1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру
Мақсаты күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды. Диалогке қатысады.
Түсінеді: сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.
Қолданады: жемістердің атауларын қолданады, сұрақтарға жауап береді.

Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім». Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді, балалар атын атайды

Қазақ тілі
Міндеті: сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу
Мақсаты сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады.
Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді.
Қолданады: жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады
Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»
Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?

Сөйлеуді дамыту
Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту
Мақсаты , «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды;
Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді;
Қолданады: өз ойларынан ертегіге тақырып қояды




Қорыққанға қос көрінеді ертегісісін театрландыру деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды

Көркем әдебиет
Міндеті: Диалогты сөйлеуін қалыптастыру
Мақсаты . Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады;
Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді;
Қолданады: әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.
Дәптермен жұмыс:
1. Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді? Сен осы балалардың орнында болсан, не істер едің? Әңгіме қалай аяқталады?
2. Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя.
3. **Мақалды жаттап ал**
Бірлік болмай, тірлік болмас.

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Міндеті: - балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру -- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндету
- шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу -- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан шығармашылықпен құрастыруға баулу
Мақсаты: - балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру; -- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндету -- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу - ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп,

		Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер		Мақалдың мағынасын педагог «Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та болады», – деп түсіндіреді	шығармашылықпен құрастыруға баулу Топтық жұмыс.
--	--	---	--	--	---

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны.

	 	<p>Ойын: «Кесіртке» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі</p>
--	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру Мақсаты: Ептілікті, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп секіруді, күштілікті дамыту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру. Түсінеді: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу. Қолданады: тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. «Жолақтарға аттан секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту Мақсаты: Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Мақсаты Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Айдаһар» (Зрет). Балалар бір тізбекке тұра қалады. Бұл – «айдаһар». Балалар арқасымен, кеудесімен допты қысып тұрады. Белгі бойынша «айдаһарлар» мәреге қарай бет алады. Ешбір добынан айырылмай бірінші болып мәреге келген команда жеңіске жетеді</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру Мақсаты алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру «Секіргіштер». Екі тізбекке қайта сап құрады. Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады. Команданың барлық ойыншылары бір орыннан ұзындыққа секіреді. Барлығы секірген соң жүргізуші әр команданың секіру қашықтықтарын қосып, ұзаққа секірген команданы анықтайды. Сөйтіп, олар жеңіске жетеді</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. Мақсаты Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>
--	--	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
-------------------	---	---	---	---	---

Серуен	<p>Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жаңбыр, өткіш жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?</p> <p>Төгіледі төбеден. Көк теңізден</p> <p>құйғандай</p> <p>Көл-көсір су не (Жаңбыр)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгтендеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.</p>	<p>Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлиарды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Ойын барысы: Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыр теке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыр теке бақ-бақ», - деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыр теке» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз».</p>	<p>Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырнарларды бақылау. Мақсаты: Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім-кешімі үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылдық ойын: «Аттамақ» Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі-төмен, оны аттап өту керек, екіншісі-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап, алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Тырнарлар болып</p>	<p>Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Жұмыс келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Орамал тастау». Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқа оушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады. Дербес ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру) Тренинг: «Қолшатыр астында».</p>	<p>Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралынан одан әрі дамыту және сөздік қор молайту. Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға, үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже-шөже, іркіт-бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылтыруға болады. Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік «Мені қуып жет» Тренинг: «Шаңырақ»</p>

			ұшайық » .		
Балалармен жеке жұмыс	Азамат пен Мариямға барлық дыбыстарды анық айтуға үйрету. Ойын: «Сөзімді қайтала»	Муслим мен Аңсаққа геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Д/ойын: «пішіндерді ажырат»	Айлинмен Ибраһимге дөңгелек пішінді алманың суретін салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.	Аяла А мен Амираға жануарларды ажырата білуге үйрету. Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»	Еркеммен Мирасқа бейненің жартысын тауып атауға және сипаттауға үйрету. Ойын: «Жартысын тап»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	Ж.Р.О «Дәрігер»	Д/ойын: «Көлеңкесін тап»	Еркін ойындар	Үстел-үсті ойыны: «Домино»	Суреттер, ертегі кітаптар қарау
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ

Мектепалды О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 111-апта 16 - 20 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1.Бірім, екім, Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтаңды ал да, Жүгіріп шық. 2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Психомоторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріне жымындар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.	«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..	«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пеп махаббатты Сезініп өмір сүреміз.	«Психомоторлық жаттығу» «Біз әденні баламыз» Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.	«Психомоторлық жаттығу» Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремің. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды балам
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: : ұяң дауыссыз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үнді дауыссыз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.

	<p>ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Мақсаты: Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады; Түсінеді : сөздің дыбыстан құралатынын; Қолданады: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады</p> <p>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойындаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды</p>	<p>дыбыстар туралы білімді меңгерту Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойландар. – Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа. – Г дыбысынан басталатын сөз ойландар. – Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады. Ойын соңында фишқаларды санап, жеңімпазды анықтайды.</p>	<p>Мақсаты: : ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естисендер, қол шапалақтайсындар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бөтенке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.</p>	<p>дыбыстар туралы білімді меңгерту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді. Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы: «л»– Ләззат, лақ, лаула, лок, лақтыр, лағыл, Ләйлә; «м» – мақта, малта, маймыл, малақай; «н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін ажыратады; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді жатқа айтады</p> <p>Педагог жұмбақ жасырады. Егістікте сары алтын, Дастарқанда наны алтын. (Бидай) Педагог балаларға бидайдың сабағын көрсетеді. – Бұл – астық, дәнді дақыл. Мынау – бидайдың дәні. Бидайдың дәнінен біз нан түрлерін дайындаймыз. Бүгін ақын Қосжан Мүсіреповтің «Алтын астық» өлеңімен танысамыз Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Өлеңді кім жазған? – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің? – Астыққа не жатады? Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің?</p>
--	--	--	---	--	--

Үзіліс : Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»

Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:
Қысқыштармен ойналатын ойын
Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.
«Жаңғақтармен ойын»
Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



Ойын: «Тығылыспақ»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар:
Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік,




2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Мақсаты нанның дастарқанға келу жолын түсіндіру арқылы дикан мен наубайшының еңбегі туралы ұғындыру Күтілетін нәтиже: • нанның дастарқанға келу жолын сызба бойынша әңгімелеуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • бидайдың тұқым кезінен бастап, нанға айналу кезеңдерін, дәнді дақылдар туралы түсінеді; • үлкендердің еңбегін құрметтеу, нанды қастерлеу қажеттігі туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады</p> <p>Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер? Балалар мақал-мәтел, тыйым сөздерді айтады. – Ас атасы – нан, нан атасы – дән. – Нанды бір қолмен үзбе. – Нан қоқымын басуға болмайды. Педагог әңгімеден үзінді келтіреді. «Нанды қадірлейік» әңгімесін оқу. Кейбір балалар нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нан еңбекпен табылады. Дикандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады, оны жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты комбайнмен орып алады. Жүргізушілер астықты мәшиненен астық қабылдау орындарына</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7.8.9 сандарының пайда болуымен, 7,8,9 цифрмен таныстыру Мақсаты 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 7, 8 және 9 сандарын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс Балалар ойын алаңында ойнайды. Төбешіктен сырғанауды шешті. Педагог 6 баланы төбешікке орналастырады. Ал 7-ші баланы төменгі баспалдақтың қасына қояды. – Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 6 цифры жазылған карточканы қояды. – Қараңдаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Санайық. (7 бала.) – Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Санайық (8 бала.) – Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Санайық. (9 бала.) –</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7.8.9 сандарының пайда болуымен, 7,8,9 цифрмен таныстыру Мақсаты 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 7, 8 және 9 сандарын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. 3-тапсырма. Балалар суретті қарайды. Жануарларды, гүлдерді атайды, цифрларды жазады. Сұрақ қояды: – Суретте не бейнеленген? – Жайылымда неше жануар жайылып жүр? – Қандай гүлдер өсіп тұр? Олар нешеу? – Енді жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Нешеу? – Аспанда қанша бұлт бар? –Қанша көбелек ұшып жүр? Қажетті цифрды жазады. 4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосады, тапсырманы орындайды. – Текшелердің қайсысы басқаларынан ерекшеленеді? (4 саны бар, мөлшері мен түсі әртүрлі</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7.8.9 сандарының пайда болуымен, 7,8,9 цифрмен таныстыру Мақсаты 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 7, 8 және 9 сандарын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. «Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны Педагог ойын шартын түсіндіреді: тоғыз балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден тоғызға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, таныстыру Мақсаты Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту Күтілетін нәтижелер: жасайды: құстардың атауларын біледі. түсінеді: қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді: құстардың пайдасын жақсы біледі. қолданады: құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар Күрделі сұрақ: құстар неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді? Ал күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады. Жәндіктермен қоректенетін құстармен таныстырады. Олар: қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл, қаратамақ торғай. Балалар: «Күн суытқан соң құстарға жейтін азық қалмайды» деген тұжырым жасайды. Себебі, күзде көптеген жәндіктер жоғалып кетеді: біреулері тіршілігін тоқтатса, енді біреулері ұясына жасырынып қалады. Яғни жәндіктермен қоректенетін құстардың жейтін тамағы болмай қалады. Жәндіктермен қоректенетін құстарды қалай ажыратуға болатынын талқылайды. Оларды тік, ұзын немесе ұшты болып келетін тұмсығына қарай тануға болады. Бұл</p>
--	--	--	---	--

	жеткізеді. Бидайдан ұн дайындайды. Наубайшы ұннан неше түрлі нан пісіреді. Мұның бәрі – адам еңбегі. Нан – тіршілік нәрі. Сондықтан да оны қадірлеуіміз керек. Балалар әңгімені тыңдап, талдайды. – Бидай неден өсіп шығады? – Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? – Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар. – Тракторшы, диқан, диірменші, комбайншы	Санағанымызда суретте 9 бала бар. Тағы бір рет санайық (әр баланы төбешіктен домалатып, бәрі хормен санайды) біз ешкімді жіберіп алған жоқпыз ба? 7, 8, 9 цифрларымен танысады. Карточканы көрсетеді. Балаларды үйлеріне шығарып салуды ұсынады, кері санау жүргізеді		жәндіктерді ұстауға өте қолайлы « Үшіншісі артық » атты дидактикалық ойынның ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі
--	---	---	--	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.
Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.



Ойын: « Көбелектер бақалар»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар катысады, тәрбиеші де қатысады.


3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: Сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу Мақсаты сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді. Қолданады: жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға Мақсаты өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. Түсінеді: ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) Мақсаты , Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады; Түсінеді: сөздің дыбыстан құралатынын; Қолданады: күз мезгілінің</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрды ажыратады; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналайды</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: жеткізе білуін жетілдіру - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді пішіндегі заттарды қию -- тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты: - балаларға дөңді дақылдардың түрлері туралы білім беру</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көкөністер.</p>	<p>Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.. Ойын ойнауға шақырады. «Қызық екен» ойыны Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра. Көкөністер. Қандай көгөністерді білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) <i>қима суреттерден көрсету.</i> Сурет бойынша сөйлем құра.</p>	<p>ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады</p> <p>Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын. Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады</p> <p>Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрындар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды</p>	<p>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді. Жұмбақ ойын: «Айна». Педагог бір кейіпкердің қимылың, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.</p>	<p>-- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию -- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	---	--	---	--	--


Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

<p>Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!</p>				<p>Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.</p>
				



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру»

Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру
Мақсаты: Биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруге жаттықтыру
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруді.
Түсінеді: сапка қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін.
қолданады: жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде
Тепе-теңдік – орындық үстінде текшелерді аттап жүру (ені – 20 см, биіктігі – 40 см), бір бүйірмен текшелерді аттап жүру. Бастарын төмен түсірмей, тура қарап және бір-біріне кедергі келтірмей жүреді. Нұсқау – тепе-теңдікті сақтау.

Музыка

Міндеті: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру
Мақсаты: Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру
 Музыка тыңдау:
 «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев)
 Ән айту:
 «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)
 «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)
 Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
 «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова)
 Билер:
 «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша)
 Ойындар, хороводтар:
 «Күн мен жаңбыр» ойыны

Дене шынықтыру

Міндеті: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру
Мақсаты: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: : скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруді
Түсінеді: жүру шеберліктерін қолданады: тепе-теңдікті сақтауды
Қимыл-қозғалыс ойыны:
«Аңшылар мен қояндар» (4 рет).
 Ойыншылар «аңшылар» және «қояндар» болып екіге бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында тұрады, «қояндар» сызықтың ортасында тұрады. Педагогтің белгісімен «қояндар» сызықтың сыртына секіріп шығады. Осы кезде оларды «аңшылар» ұстауға тырысады. «Қояндарды» көп ұстаған бала жеңімпаз атанады

Дене шынықтыру

Міндеті: -әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;
Мақсаты - әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: - әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыруды
Түсінеді: гимнастикалық скамейка бойымен жүруді.
қолданады: жаттығуды орындау барысында шыдамдылықты
Қимыл-қозғалыс ойыны:
«Үшінші артық» (3 рет)
 Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шенбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым.
 «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады.
 «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады.
 Жүргізушіге ұстатпауға тырысады

Музыка

Міндеті: Қолымен бағыттың (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату
Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту
 Музыка тыңдау:
 «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)
 Ән айту:
 «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)
 «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)
 Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
 «Марш» (Е. Андосов)
 Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)
 Ойындар, хороводтар:
 «Тенге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p>Серуен</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: « Таза алаң » . Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » . Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: « Қасқыр мен қаздар » . Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: « Тымпи-тымпи » . Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап</p>	<p>Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек : Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: « Аю жүрген орманда » . Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын : « Монданақ » . Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Өне кетті монданақ,міне кетті монданақ » , -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Орта доп 2.Өткеншек тебу 3.Қуаласпақ Тренинг: « Бір шаңырақ астында » .</p>	<p>Бақылау: Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты:Елтілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек : « Таза алаң » Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері » Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Қимылдық ойын: « Көрші » . Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүргірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан</p>	<p>Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . Еңбек : Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірма » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: « Итеріспек » Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. Еңбек : Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам » Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліпті алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын: « Үрпек төбет » Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Өнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.</p>
----------------------	---	--	--	---	---

	күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді. Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау . Тренинг: « Біз біргеміз » .		сайлайды. Дербес ойындар. Тренинг: « Біз татумыз »		Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Төбешіктен-төбешікке секір. 2.Күн мен түн Тренинг: « Күн шуағы » .
Балалармен жеке жұмыс	Нұрислам мен Рахат құстарды танып,атын атауға үйрету.	Нуридин пен Мариямға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»	Мұслим мен Арманға қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	Еркем мен Дамирға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»	Айлин мен Ернарға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	Пазл ойындары.	Ж.Р.О:«Дәрігер»	Д/ойын: «Сикырлы қапшық»	Суреттер, ертегі кітаптар қарау.	Боямақтар бояу.
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда балаңыз өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Кімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замқсыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ

Мектепалды даярлық О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі IV-апта 23 - 27 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды		Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (бауа қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»		Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.		«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Артикуляциялық жаттығулар жасау Мақсаты: , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды; Түсінеді: күз мезгілінің ерекшеліктерін; Қолданады: ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды Күзгі жапырақтар Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырыққық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту Күтілетін нәтиже: Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді. Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады	Сауат ашу негіздері Міндеті: Мақсаты:	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау (кір.25.10)- Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратады. Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болатынын.	Көркем әдебиет Міндеті: -Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), Мақсаты: ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу (Мақта қыз бен мысық) Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегіні сахналайды; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сюжет бойынша ертегіні сахналайды . Суреттер бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. Мысық не істеді? Мақтақыз неге ашуланды? Досыңмен

	тартады атырап	<p>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларын керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б. Дәптермен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын суреттерді көк түсті үшбұрышқа, ұяң дауыссыздан басталатын суреттерді көк түсті домалаққа, қатаң дауыссыздан басталатын суреттерді көк түсті төртбұрышқа қос.</p>	<p>Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді. «Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасындар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-го, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, ха-ла, ца-на, чо-ро, ше-уе, хо-йо. «Белгі бер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға ұяң (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс берулері керек. Сол сияқты басқа ұяң в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады</p>	<p>кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Жұмбақты шеш . Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған. (Мысық) Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.</p>
--	----------------	--	--	--

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар **«Мысықтар мен балалар»**

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
А-а-а-а-а-а
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
Мә-ә-ә-ә-ә
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
Мо—о-о-о
(Балақай, жан жануарлардың дауыстары сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)
Майлыаяқ.
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р
«Тамақ жеймін ашпым д», -деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,



Ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.
Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.
Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

<p>Күжірейтіп желкесін Ырылдады қасқыр кеп: (орташа дауыспен)-р-р-р-р-р «Қорықпаймын сенен»,-деп, «Сазайыңды берем»,-деп, Дірілдетіп қасқырды Айбатын ит асырды: (қатты дауыспен) –р-р-р-р «Мынау бәле екен» деп, «Түбіме бұл жетер» деп, Қорқып қасқыр жөнелді, Қайтып келмес ол енді. (Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе? Өзара екі топқа бөлініндер де, қасқыр мен иттер болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтырар.)</p>		
---	--	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	<p>Қоршаған орта Міндеті: -Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту Мақсаты Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу . Күтілетін нәтиже: • ән, мақалдарды тыңдай отырып, мазмұнын түсінгенін әңгімелеуге, өз ойын жеткізуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • өз Отанының, жерінің, сол жерде тұратын адамдар үшін қымбат екенін түсінеді; • өзінің туған жері туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады</p> <p>Педагог М. Әлімбаевтің «Туған жерім тамаша» өлеңін оқиды. Туған жердің жырларын Қызғалдақтай терейік. Кең өлкенің қорларын Жүр, аралап келейік! Жүр, аралап, келейік! – Өлең не туралы? –Туған жер, Отан туралы. – Бүгінгі оқу қызметіміз қандай тақырыпқа арналады деп ойлайсындар?</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлемінд егі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен, 10 цифрмен таныстыру Мақсаты: 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; түсінеді: заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 10 заттан тұратын топтарды – Сабағымызға тағы бір спортшы келді. – Отан қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифра қажет: 1 және 0. - Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. – Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл» «0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің. Үйлеспесе айналмас, 0-сіз 1-ің 10 болмас. Педагог бірліктің жанына нөлді қойып, сұрақ қояды: – Мына санды жазу үшін неше цифрды пайдаландық? (2 цифрды). Педагог 10 цифрды көрсетеді. Дәптермен жұмыс Педагог 1-тапсырманы ұсынады. Суретті қарайды, сұрақтарға жауап береді. – Неше бала шеңберге тұрды? – Неше бала орындықта отыр?</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Мақсаты</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлемінд егі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен, 10 цифрмен таныстыру(кір.25.10) 10 көлемінд егі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен, 10 цифрмен таныстыру Мақсаты0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; түсінеді: заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 10 заттан тұратын топтарды 3-тапсырманы орындауға ұсынады. Ойыншыларды реті бойынша сызып қосады. Кейін педагог доптарға көңіл бөлуді сұрайды. Қай доп артық, неге? Мақсатына қарай теннис добы «артық» болуы мүмкін. Түсі бойынша – ақ футбол добы. Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды. Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы,</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту Мақсаты : еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Күтілетін нәтиже: • рәміздер туралы әңгімелеуге, еліміздің рәміздерін құрметтеуге, мақтаныш тұтуға арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • елтаңбада берілген бейнелердің қандай мағына беретінін; гимназия әр сөзінің мағынасын; мемлекеттік рәміздері қай жерлерге ілінетінін түсінеді; • өз елі, Отаны, туған жері туралы білетін білімдерін күнделікті өмірде қолданады. Әңгіме өткізу . – Мемлекеттік рәміздерге не жатады? – Мемлекеттік Елтаңба. – Мемлекеттік Ту. – Мемлекеттік Гимн. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді Дәптермен жұмыс 1. Суретке қара. Еліміздің мемлекеттік рәміздер туралы не білесің? 2. Мемлекеттік рәміздердегі суреттерді тауып белгіле. Бұл суреттерді қай мемлекеттік рәмізден көрдің? 3. Басқа елдердің елтаңбаларымен таныс.</p>

	<p>Әңгімелеу. – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Қазақстан. – Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ ұлты. Қазақстан сөзі «Қазақ» және «стан» сөздерінен құралған, яғни Қазақ елі деген мағына береді. Біздің жеріміз кең-байтақ</p>	<p>Шеңберде 10 бала тұр, орындықта ешкім жоқ.</p>		<p>сегізінші, санауын сұрайды. Дәптермен жұмыс 4-тапсырманы орындайды. Вагондарды тура және кері санайды, нөмірлерін жапсырады. Балалар дауыстап санайды, нөмірлерін жапсырады.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын тап. Белгіле. 4. Мемлекеттік Гимнді айтып тұрғанда қандай ережені сақтау керек? Айсұлудың сұрағына жауап беру: Елтаңба мен Туды қандай ғимараттан көрдің? Ойланып, жауап бер.</p>
--	---	---	--	---	---

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

<p>Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары «Жасыру» саусақ ойыны. Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады. Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. «Салат» саусақ ойыны. Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)</p>		<p>Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секірітіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./</p>
--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Тақырыбы Ойнайық та ойлайық Міндеті: Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға Мақсаты өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. Түсінеді: ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді. Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: Неше? Санау Міндеті: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру Мақсаты сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: оңға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді.</p>	<p>Сөйлеуді дамыт Міндеті: -Артикуляциялық жаттығулар жасау Мақсаты: , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды; Түсінеді: күз мезгілінің ерекшеліктерін; Қолданады: ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды Өлеңде қай мезгіл бейнеленген? Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды неге теңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: -Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер). Мақсаты: ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу (Мақта қыз бен мысық) Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегіні сахналайды; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сюжет бойынша ертегіні сахналайды -Балалар, суреттен неі көріп</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: -Тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету – - табақты мүсіндеу - геометриялық пішіндерден табақ кию - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту Мақсаты: - тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету --табақты мүсіндеу --геометриялық пішіндерден табақ кию -- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.</p>	<p>Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақпен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).</p>	<p>алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет көрініс</p>	<p>тұрсындар? – Мысық қалай дыбыстайды? – Ол нені жақсы көреді? – Бүгін «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі не туралы? – Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты қалай жазалады? – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі? – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?</p>	<p>Топтық жұмыстар</p>
--	---	--	--	--	-------------------------------

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары
«Кірпі» жаттығуы
Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)
Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).
Кіріп кетсе қолыңа,
Өкпелеме жарайма!
Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.
Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.
А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.
Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.
В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.
Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.



Ойын: «Көжектер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.
Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Міндеті: Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту Мақсаты: Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Көңілді қолшатырлар биі</p>	<p>Дене шынықтыру .</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру (кір.25.10) –Бір сыздыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру Мақсаты Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру(-) Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді, «Өз-өзіне кел» психологиялық-</p>	<p>Музыка Міндеті: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов)</p>
--	---	------------------------------------	--	--

	<p>:Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет) Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады.</p> <p>Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.</p>	<p>(педагогтің таңдауымен)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>		<p>қозғалыс жаттығуын;</p> <p>Түсінеді: тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын;</p> <p>Қолданады: 1,5 минутқа дейін орташа қарқынмен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын</p> <p>«Мұқият бол» ойын жаттығуы.</p> <p>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу.</p> <p>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау.</p> <p>Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p>2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыру: серіктесіне допты басынан асыра лақтырып беруді үйрету. Жаттығуларды дұрыс орындауларын қадағалау.</p> <p>Қарама-қарсы екі сапқа тұрып, бір-біріне доп лақтырады. Доптың лақтыру бағытын бұзбауға тырысады, лақтыру кезінде қолдарын ширақ созады. Бұйрық бойынша бір тізбектегі балалар допты себетке салып, секіруге арналып сызылған сызық жанына тұрады.</p>	<p>Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p>Серуен</p>	<p>Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек : Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат . Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: « Біз кішкене отбасы » Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын: « Шымшық доп » Ойын барысы : Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанатын. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. Балалардың өз бетімен ойының ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру.</p>	<p>Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: « Қояндар секіреді » . Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояңғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .</p>	<p>Бақылау: Өткініші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткініші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық созылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » .</p>	<p>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанатын. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .</p>	<p>Бақылау: Кемпіркосақты бақылау . Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпіркосақ шығатынын туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек : Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Жеке жұмыс : Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпіркосақ) Мақсаты : Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » . Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын : « Қимақ » . Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » , - дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Прек жолмен жүру.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Аяла А мен Азаматқа киіз үй құрылысын атауды үйрету. Д/ойын: «Менің үйім »</p>	<p>Муслим мен Дамирға сөздерді анық айтуға үйрету. Д/ойын: «Сөзді айтуға көмектес»</p>	<p>Амира мен Айлинге пішіндерді ажырата білуге үйрету. Ойын: «Пішіндер доминосы»</p>	<p>Арман мен Ибрахимге қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»</p>	<p>Мирас пен Анисаға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел</p>	<p>Пазл ойындары.</p>	<p>Ж.Р.О:«Шаштараз»</p>	<p>Д/ойын: «Сиқырлы қорап»</p>	<p>Суреттер, ертегі кітаптар қарау.</p>	<p>Еркін ойындар</p>

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар					
Балаларды үйге қайтару	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	«Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	«Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	«Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады	Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны)	«Гүлді құрастыру»Топтық ойын	Жапырақ гүлін жасау	Фантикті жинау	Қағазды бүктеу,жазу
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 5				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін	Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту -- Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану ёкірік.25.10) Мақсаты Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады; Түсінеді: өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; Қолданады: өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады Педагог балаларға түбірлес сөздер	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дауысты, дауыссыз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады Ғажайып сөт. Бүгін бізге Айгүл өзімен бірге суреттер ала келіпті.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады Күтілетін нәтиже:	Көркем әдебиет Міндеті: -- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту (Әдептілік әлемі) Мақсаты : Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;

	<p>БӨЛІМЕ ГҮЛДЕРІН білдіретіндерін немесе ойындағы затты білдіретінін таңдап алыңдар; Оларды бірінші шеңбердің айналасына орналастырып, орталықтағы шеңбермен сызық арқылы қосыңдар. Әр топ қолдағы бар материалдар жиынтығын жасайды. Мысалы: БӨЛІМЕ ГҮЛДЕРІ сөзінің айналасынан құмыра, топырақ, су сепкіш, таяқша, қазтамақ т.б. сөздерді/суреттерді көруге болады.</p>	<p>үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді. Эксперименттік іс-әрекет 1. Педагог балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады. Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. – Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі) 2. Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз. Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды. 3. Педагог екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды. Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды. Пікірталасан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету). Бұл өлшемді барлық адамдар пайдаланады. Оны шартты өлшем деп те атауға болады</p>	<p>Сонда не істеу керек? (Үстіне қою, жақындату). Өлшем ретінде – таяқшаларды (кесектер, «Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады. Мысалы, Лего: Жолақтарға қанша кішкене бөлшектер сәйкес келеді? Педагог шартты өлшемді қолдану арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған іс-әрекеттерін түсіндіреді, балаларды өлшеу нәтижесінің процесін талқылауға шақырады. Бірінші жасағанмыз – өлшеуішті таңдадық. – Өлшемді неден бастаймыз? (Жолаққа өлшеуішті жақындату). Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетіне сәйкестендіру керек. – Енді не істейміз? Өлшемнің соңын қарындашпен белгілейміз, белгіге кері өлшеуішті қойып өлшемді жалғастырамыз. Бірінші рет өлшеуішті қойып өлшеуіштің соңын белгілеген жерге, ойыншық немесе бір затты белгі ретінде қою керек. Ол бізге өлшеу бір рет толығымен орындалғанын айтады. Өлшеуішпен кері өлшедік, белгіленген сызыққа жылжытып, өлшеуіштің соңын кері белгілеп ойыншық қойдық, ол бізге өлшеу тағы бір рет толығымен орындалғанын айтады. Өлшеу ережелерімен алғашқы танысу кезінде педагог балаларға өлшеу әдісі мен ережелерін көрсетеді, талқылайды, қорытындылайды, нәтижесін анықтайды. Содан соң балаларға өз бетінше өлшем жасауды ұсынады. Балалар іс-әрекеттерін түсіндіреді, содан кейін өлшеу нәтижелерін бірге талқылайды. Балалар өлшемдерді санап, жазып алады (саны бар карточканы көрсетеді), сұрақтарға жауап береді. Балаларға өлшеу ережесін белгілеуге көмектеседі: өлшемдерді бірінен соң бірін, арада бос орын қалдырмай орналастырып, санау керек.</p>	<p>қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір таспа қайсысы? Топтық жұмыс. Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды.</p>	<p>мұқият қарап шығады және оның жапырақтарының пішіні мен түрі қандай болып келетінін айтып береді. «Гүлдер» атты дидактикалық ойын ойнауды ұсынады. Мақсаттары: балалардың бөлме гүлдері мен бақша гүлдерін атауларын білу және оларды жіктеу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрып тұрады. Балалардың бірі бөлме гүлінің атын айтады (қожағай), содан соң допты көрші балаға береді. Ол басқа гүлдің атын айтады (бегония). Ойын осылай жалғаса береді. Жауап бере алмаған бала ойыннан шығады. Екінші айналымда ойынды жүргізуші бақша гүлінің атын атайды. Ойын әрі қарай жалғасады</p>
--	--	---	--	--	---

			Ұзындықты салыстыру үшін өлшеу керек деген қорытынды жасайды	
--	--	--	--	--

Үзіліс:

<p>Сюжеттік - рөлді ойын: «Көше» Мақсаты: Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобуска міну, көшеден өту ережелерін үйрету. Жағдаят: Бағдарламалық мазмұны: 1. Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. 2. Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету. Атрибуттар: түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі, реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.</p> 	<p>Саусақ ойындары Ойын: «Су толтыру» Мақсаты: Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету. Керекті құралдар: шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке. Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p>  <p>Тіл дамыту жаттығуы</p>	<p>Саусақ ойыны: «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мұляжы. Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.</p>  <p>Тіл дамыту жаттығуы</p>	<p>Психологиялық ойын: Ойын: «Атомдар мен молекулалар» Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. Ойын шарты: «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады.</p> 	<p>Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ойын шарты: Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.</p> 
---	--	--	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты жана сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: апта күндерінің қазақша</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету Мақсаты сөздік</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: -бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Мақсаты Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын айта</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру (Ақмақ қасқыр) Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу.</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>айтады. : койылған сұрақты түсінеді. Қолданады: апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар дүйсенбіде доп ойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды. Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі</p>	<p>қорларын жаңа сөздермен толықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды. Түсінеді: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді. Қолданады: таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. – Сәлеметсіздер ме?! Қуыршақтар хат алып келеді. Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті). – Қандай керемет, мына суретте кім бар? Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді</p>	<p>алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; Түсінеді: хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау. Жаңылтпаш жаттау Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лактай? Қай лақ бармақтай?</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сюжет бойынша ертегіні сахналауға қатысады. Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің басқа жанрдан айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (қосымшаны қараңыз). Сөздік жұмыс: өріс – мал жайылатын, шөбі қалың жер қалың ши – су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?</p>	<p>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Мақсаты:- Сюжеттік композицияларды салдырып, мүсіндеп, жапсырып, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
Үзіліс: .					

<p>Аз қимылды ойын: «Кім алысқа» Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.</p>   	<p><i>Қимылды ойын: «Сақинаны лақтыр»</i> Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.</p> 	<p>Сюжетті-рольді ойын: « Құрылысшы » Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Тәрбиешінің іс-әректі: Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.</p> 	<p><i>Қимылды , еңбек ойын:</i> «Ойын алаңын тазалау » Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. Құралдар: Сыпыртқы, күрек, қап; Ойын шарты: Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты коқысқа төгеді. Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тапқақты Жаттату: Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша, бауды, тауды да Бояған аппақ түспенен.</p>   	<p><i>Қимылды ойын:</i> «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Жаттату: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл аланда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріндер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендендер», - дейді, ойын қайта басталады.</p>  	
<p>4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>					
	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен</p>	<p>Музыка Міндеті: -Музыканың сипатын бейнелік мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер:</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту Мақсаты Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру Мақсаты - Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!» Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.</p>	<p>Музыка Міндеті: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)</p>

	<p>орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін.</p> <p>Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)</p>	«Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»			«Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p><i>Күнді бақылау</i> Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады: (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шапшылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ.</p>	<p><i>Ағаштарды бақылау</i> Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көлек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ</p>	<p><i>Шықты бақылау</i> Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) Жұмбақ: Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық) Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық) Қозғалмалы ойын: «Мысық пен</p>	<p><i>Күзгі аспанды, бұлтты бақылау</i> Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. Жұмбақтар: Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр) Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай</p>	<p><i>Аула тазалаушыны бақылау</i> Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Камымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қанишама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»</p>

	<i>Мырзалиев</i> Қимылды ойын: «Қоңыздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	жинады?»	<i>торғайлар»</i> Алаңдағы еңбек: қураған өсімдіктерді жинау.	кезде болады? (Күз) Жұмбақ: Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. (бұлт) Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау». Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)	Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау
Балалармен жеке жұмыс	Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.	Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету.	Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету.	Аманға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.	Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау	«Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шандарын сұрту. Ойын: « Күншуақ » Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, ақкөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады» Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	« Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, мақал-	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты: сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір дауысты	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты . сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді	Көркем әдебиет Міндеті : : айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңге қызығушылық танытады; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді;

	<p>мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады</p> <p>Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездесе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездесе, тыныш отырады</p>	<p>дыбыс барын. Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады – Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті. «Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады. Сендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр. – Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу. – Бірінші буынның кім айтады? – Бірінші буыны – Ай. – Екінші буыны – -сұ. – Үшінші буыны – -лу. – Дұрыс, үш буыннан тұрады. – Себебі үш дауысты дыбыс бар. Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді. Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. Мысалы: А-рай, А-сыл</p>	<p>бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын. Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады</p> <p>«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады</p>	<p>буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын. Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады</p> <p>1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2. Суреттерді ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт.</p>	<p>Қолданады: өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды Дәптермен жұмыс: 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата. 2. Суретте не бейнеленген? Сен Нұр-Сұлтан қаласында болдың ба? 3. Сурет бойынша саяхат жасайық. 4. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Туған жерге туынды тік. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Мақалдың мазмұнын түсіндіреді. – Туған жеріңе лайық бол, әрқашан биіктен көрінуге талпын. Ондай адамдар әрқашан өз елін қорғайтын азамат болады</p>
--	---	--	--	--	--

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»

<p>Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты: Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып</p>  <p>Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды? Ыы.....Ыс – с – сссс</p>	 	<p>Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап» Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.</p> 
---	--	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет	Қоршаған орта	Математика негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері	Қоршаған орта
--------------------------------------	----------------------	-----------------------------	-----------------------------	-----------------------------	----------------------

	<p>Міндеті: Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату</p> <p>Мақсаты: Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді.</p> <p>түсінеді: өсімдіктердің дамып жетілу кезеңдерін түсінеді.</p> <p>қолданады: өсімдіктерді күтім жасаудың қарапайым жолдарын; тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілеттерін пайдаланады</p> <p>Суреттерді қарап шығып, талқылауға қатысады. Гүлдің даму кезеңдерімен танысады. Алдымен болашақ гүл жерге құлап түсіп, өсіп- жетілуіне мүмкіндік беретін тұқым-бесікте кішкентай саби секілді күш жинайды. Содан соң мен тұқымды құнарлы жерге көміп, үстінен су құйдым. Жылы әрі ылғал топыраққа түскен гүл-балақай ұйқысынан оянып, өсе берді, өсе берді... Міне, ол аздап өсті. Енді оның«жаялықтары» кішілік ете бастады. Гүл-балақай «жаялықтан» шыға бастады. Бірақ оны әлі гүл деуге болмайды. Ол әлі өскін. Су құйылып тұрған соң, күн нұрынан нәр алған өскін нығайып, көлемі үлкейді және ең алғашқы жапырағы пайда болды. Жапырақтары біртіндеп көбейе берді, көбейе берді. Енді, міне, ең алғашқы гүлдері де пайда болды. Бірер күнде қайталанбас сұлулыққа толы гүл ашылды. Біз оған сүйсініп қызықтай қараймыз. Гүлдің ашылуы – нағыз таңғажайып оқиға! Педагог балаларды тәжірибеалдық жұмысқа тарта отырып (әліппе-дәптердегі тапсырма) олардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады.</p>	<p>Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді; түсінеді: шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін; қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды</p> <p>Педагог түстері әртүрлі шаршы мен тіктөртбұрышты көрсетеді. – Бұл не? (Шаршы.) – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) – Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) –Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш. – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді. – Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық. – Балалар, тәрізкедегі шаршы мен тіктөртбұрышты алып, алдарына қойындар. –Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырындар. Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіріндер. – Тіктөртбұрыш пен шаршының қабырғалары туралы не айтуға болады? (бір қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырақ)</p>	<p>Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді; түсінеді: шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін; қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды</p> <p>Топпен жұмыс Санамақ арқылы балалар 4 топқа бөлінеді. Педагог балаларға белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығын(әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратады. Әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі. Балалар пішіндер қандай да бір белгі – үлкен – кіші, сондай-ақ түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс. Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады). Одан кейін педагогтан балалар жұмыс істеген заттардың қалай аталатынын сұрайды. Педагог пішіндерді кезек-кезек атайды. Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа</p>	<p>Міндеті: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру</p> <p>Мақсаты геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: пішіндерді атауды, сандықты безендіруді; түсінеді: шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін; қолданады: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды</p> <p>«Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды.</p>	<p>Міндеті: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі</p> <p>Мақсаты Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді.</p> <p>түсінеді: өсімдіктердің дамып жетілу кезеңдерін түсінеді.</p> <p>қолданады: өсімдіктерді күтім жасаудың қарапайым жолдарын; тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілеттерін пайдаланады</p> <p>Балаларды өсімдіктердің көбею жолдары жайында қарапайым түсініктермен таныстырады (бадана, түйнек, өркен). Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: Гүлдің баданасын қалай егеміз? (Педагог көрсетіп береді). шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз; бадананы (тұқым) қазылған шұңқырға орналастырамыз; төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты жақындамаймыз сонан соң оған су құямыз. Балалар гүлдің баданасын егеді. Балалар жапырақтарды санап, есінде сақтайды. Жаңа жапырақ шығып, бадана топыраққа тамыр жая бастады деген сөз. Гүлге су құяды. Педагог балалардан бұршақтың не екенін сұрайды. Ол дән бе, тұқым ба? Тұқыммен тағы қандай дақылдарды егуге болады? (Қызанақ, қияр және т.б.)</p> <p>Педагог тарапынан ұсынылған «Кімге/неге айналамыз?» ойынына қатысады. Тұқым неге айналады? Жұлдызкүрт неге айналады? Жұмыртқа кімге айналады? Балапан кімге айналады? Ұн не болады? Бала кім болады?</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>Тәрбиеленушілерге гүлдердің баданасын, түйнегі, өскіні, тұқымын көрсетеді. Бұл не? Бұлардың өсімдіктерге не қажеті бар? деген сұрақтар қояды. Балалар үлкейткіш әйнектің көмегімен тұқымдар жиынтығымен танысады. Олардың пішіні, түсі мен көлемі туралы әңгімелейді. Қайсысының салмағы ауыр екенін анықтау үшін оларды өлшейді.</p>		<p>балаларға көрсетеді. 5-кестемен жұмыс істеу. Тапсырма: «Бұл неге ұқсайды?» – пішініне сәйкес заттарды табады.</p>		
Үзіліс:					
<p>Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p>Қимылды ойын:« Көгі-гөк » Мақсаты: Шашпандыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p>Қимылды ойын: « Акқу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шашпандыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шегіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шегіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үнгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне</p>	<p>Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>	<p>Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p>	




		ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.	
--	--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу Мақсаты -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Тақпақ жаттау. Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Орған терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Мақал-мәтілдерді жаттап ал. Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Мақсаты Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: -әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады Мақал-мәтелдерді қайталау. 1. Анаға бала алтыннан да қымбат. 2. Жаны саудың – тәні сау. 3. Ата – балаға сыншы. 4. Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: : айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңге қызығушылық танытады; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, басқалардың пікірін тыңдайды – Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұлдарымыз. – Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды. Сөздік жұмыс: тәуелсіздік –</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау) - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару Мақсаты:- - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету Топтық жұмыс</p>
--	---	---	--	---	--

				еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді еркіндік – ешкімге тәуелді емес, еркін ел теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз – Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? – «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

<p>Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты: Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту</p> <p>1.Т: Күй сандықты ашайық Б до- до- до Т: тілдерін біз бастайық Б: ре - ре - ре Т: бас дыбысты бастайық Б: ми - ми - ми Г Жайлап әнге салайық Б: до - до - до 2. Шалқып шығар сонда күй Б: фа - фа - фа Т: Бәрі до - дан басталар Б: до- до -до Т: До -ны қоштар басқалар Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до</p> 	 	<p>Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру» Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету. Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі. Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады. Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді. Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.</p> <p>Ойынның ережесі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады. 2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек. 3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс. <p>Әдістемелік нұсқаулар. Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек. Ойынның педагогикалық маңызы. Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.</p>
--	--	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Міндеті: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Мақсаты: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру</p> <p>екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру</p>	<p>Музыка Міндеті: -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру Мақсаты арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру</p> <p>Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру Мақсаты) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру</p> <p>«Классиктер»: бір құрсаудан екінші</p>	<p>Музыка Міндеті: -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. Мақсаты Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту</p> <p>Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет)</p>
--	---	---	--	---

	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Күтілетін нәтиже Жасайды: сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады; Түсінеді: өңір, желу сөздерінің мағынасын;	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды шар сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды доп сөзіне дыбыстық талдау	Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға толық жауап береді. Жұмбақты шеш. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап,

	<p>Қолданады:қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!</p>	<p>«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. 1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. 2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. 3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. 4. Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек</p>	<p>шар сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, Шар сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударындар. – Шар сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасындар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Шар сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Шшшар бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы. – Ш дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Ш дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады. – Қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап шааар сөзін оқиды. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасындар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? Жуан дауысты дыбыс, өйткені [а] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «шарrrr» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасындар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «Р» дыбысы дауыссыз дыбыс. – Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба? – «Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді. – Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Шар – 1 буын, 3 дыбыс.</p>	<p>жасатылады. Д – дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Доп – 3 -дыбыс, 1 буын.</p>	<p>Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 3. Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Ұйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді (Шымшық) Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар». Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты: балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады.</p>
Үзіліс :					

<p>Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар» Мақсаты: Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. Жағдаят: Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспорттарды қарау;Экологиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлеу;Экологиялық жағдаяттарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу.</p> 	<p>Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Зертеушілер» Мақсаты: Ойынатылытын ойынның этаптарының біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диалогты моделдеуге үйрету. Жағдаят: Зерттеу объектісін таңдау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.</p> 	<p>Сюжеттік ойын: Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын Мақсаты : Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардың мейірімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . Жағдаят: Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.</p> 
---	---	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру Мақсаты Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру Декоративті балықтарға арналған үй қалай аталады? Балықтарды не үшін үйде, аквариумда ұстайды? Суреттерді қарап шығып, балықтар мекендейтін үйдің аквариум деп аталатынын айтады. Балықтарды аквариумда ұстайтын себебі: ол өте әдемі. Онда тіршілік ететін балықтар аквариум балықтары немесе декоративті балықтар деп аталады. Үйінде аквариумы барлар әсерлерімен бөліседі. Балықтардың атауларын атайды: гуппи, семсербалық, кішкентай лақа, шілтеқұйрық. Қуаныш күрделі сұрақ қояды: Ондағы балықтар адамның қамқорлығынсыз тіршілік ете ала ма? Зерттеу жұмысы: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Талқылайды, тәжірибелік жұмысқа қатысады. Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау Мақсаты . уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді? Педагог демонстрациялық материалдан 10-кестедегі суреттерді көрсетеді. Сағаттың үлгісін қолданады (циферблат сағат тілімен). 10-кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау Мақсаты уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды Сағаттың модельдерімен жұмыс Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау Мақсаты уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды. 2-тапсырма. Мәтінді тындайды. Сағат тілін аяқтап сызып салады, суреттермен сәйкестіреді. Кейін мәтінді оқиды. - Балалар таңғы сағат 8-де балабақшаға барады. - Суретке</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру Мақсаты Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру балаларды шкафта жатқан: алжапқыш, балықтарға арналған тамақ, құстарға арналған тамақ, су құятын ыдыс, майлық т.б. заттарды мұқият қарап шығуға шақырады. Ересек адамның көмегімен балыққа күтім жасау тәсілдерін көрсетеді (алжапқыш тағады, балыққа арналған тамақты шығарады, қорапты ашады т.б.) Педагог баланың іс-қимылын түсіндіріп отырады, қажет жерінде түзетеді. Жұмыс аяқталғаннан кейін заттарды бір жерге алып қояды. Педагог белгілі бір нысанды жасырады. Балалар сұрақтар қоя отырып, оның қандай зат екенін табады. Тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болатын сұрақтарды ғана қоюға болады. П: Мен бір жануарды жасырамын. Б: Жануарлар әлеміне жататын зат па? (Иә) Ол жанды табиғатқа жата ма? (Иә) Ол жануар ма? (Иә) Ол жәндік пе? (Жоқ) Құс па? (Жоқ) Ол балық па? (Иә)</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды, тығылады. Және оларды жейді. Балықтың тіршілік етуі үшін судың маңызы зор. Аквариумға құятын суды бірнеше күн бұрын тұндырып қоямыз. Себебі, судың құрамындағы балықтарға зиянды заттар түбіне шөгуі тиіс. Содан кейін аквариумға ұлуларды саламыз. Олар аквариумның қабырғаларын, түбін тазалап, балықтардан қалған тамақтардың қалдығын жейді. Ұлулар – аквариумның санитарлары.</p> <p>Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін. Бірақ ондағы суды қатты жылытуға да болмайды. Қатты жылытылған су лайланып кетеді және онда оттегі аз болады. Салдарынан экожүйедегі тепе-теңдік жойылып, балықтар өліп қалуы мүмкін. Сондықтан аквариумда белгілі бір температура сақтаған жөн</p>	<p>балалардан тәуліктің қай мезгілі бейнеленгенін сұрайды. Балалар күннің бөліктерін анықтайды, атайды. Педагог балалардан жауаптарын түсіндіріп беруін сұрайды: таңертен балалар беттерін жуады, тістерін тазалайды. Күндіз балалар балабақшада ойнайды. Кешке анасы ұйықтар алдында балаларға кітап оқиды. Балалар түнде ұйықтайды. - Бұл қай мезгілде болады? Сағатпен танысу. (№ 23 демонстрациялық материал (циферблат сағат тілімен). Сағат не үшін керек? Сағаттың қай түрін көрдің? (қабырға сағаты, қол сағаты, үстелге қоятын сағат) Саны бар шеңберді циферблат деп атаймыз. Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар. Егер ұзын тілі 12-ні, ал қысқа тілі 1 цифрасын көрсетсе, бұл сағаттың 1 болғанын көрсетеді.</p>	<p>көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.) Педагог балаларға өлең тындауды ұсынады. Таңертен тұрамын, Бетімді жуамын. Тісімді тазалап, Шашымды тараймын. Киімімді киемін, Бақшаға келемін Мен әдепті баламын. Балалар өлең тындап отырып топпен жұмыс жасайды: сағат тілін өз бетінше қозғап, таяқша қай бағытта қозғалатынын қадағалайды.</p>	<p>қараңыз, сағат тілі қай жерде орналасуы керек? Оны салыңыз. Содан кейін педагог тапсырманы оқиды, ал балалар оны өз бетінше орындайды. -Отбасы кешкі сағат 7-де тамақ ішеді. -Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды. Тапсырманы жұппен тексерген дұрыс. Педагог «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізеді. Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?</p>	<p>Ол аквариум балығы ма? (Жоқ) Өзенде тіршілік ететін балық па? (Жоқ) Ол жыртқыш балық па? (Иә) Ол адамға шабуылдай ма? (Иә) Оның ала түрі бола ма? (Иә) Ендеше ол – акула! (Иә)</p>
--	---	--	---	---	---

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»

Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.

Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.

Ықтимал күрделендіру: тез ойла

Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.

Ойын: «Оюларды құрастыр»

Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.

Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері

Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау.



-



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ү-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-э-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-к-к-ү-ү-кү-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер-ғарышкер Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш менгергенді Дәрігер менгере ала ма? Дәрігер менгергенді Ұшқыш менгере ала ма? Жаңылташты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Күтілетін нәтиже Жасайды: сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады; Түсінеді: <i>өңір, желу</i> сөздерінің мағынасын; Қолданады:қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға толық жауап береді – Балалар, ненің суретін көріп тұрсындар? (Слайдтан көрсету, әңгімелеу). – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз.</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалау - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Мақсаты:- мерекелік отшашу суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыруды үйрету Топтық жұмыс</p>
--	---	--	---	--	--

Үзіліс:

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы: бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.

Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреле «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.

Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру

Міндеті: - Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру

Мақсаты: Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау

«Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.

Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды,

Музыка

Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту
Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру

Музыка тындау:
«Желтоқсан» (П. Чайковский)
Ән айту:
«Шырша әні» (К. Қуатбаев)
«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер:
«Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)
Ойындар, хороводтар:
«Айналым дөңгелек»

Дене шынықтыру

Міндеті: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу

Мақсаты: Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау
«Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды,

Дене шынықтыру

Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).

Мақсаты: Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету
«Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.к.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады

Музыка

Міндеті: -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту
Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру

Музыка тындау:
«Желтоқсан» (П. Чайковский)
Ән айту:
«Шырша әні» (К. Қуатбаев)
«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер:
«Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)
Ойындар, хороводтар:

	саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	(«Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)	саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет		«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	

Серуен	<p>Судың қатқанын бақылау Мақсаты: судың құрамымен таныстыру, табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру. Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды? Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады. Тақпақ: Қар жатыр аппақ Ойнауға жақсы-ақ Осындай шақта Кім үйде жатпақ? Жұмбақ: Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз) Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс». Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту. Еңбек: есік алдын сытырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</p>	<p>Тоғайларды бақылау Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету; Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу. Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады. Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек» Тақпақ: Қазақ жері – сәніміз Мәуесі мол бағымыз Саясында жетілер Балдай бала шағымыз. Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю» Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.</p>	<p>Ағаштар мен бұтақтарды бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру. Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер. Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады. Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады. Тақпақ: «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай, қарағай Мейірбанды анадай. Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар» Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау</p>	<p>Қар үстіндегі іздерді бақылау Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Тақпақ: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.	Қимылды ойын: «Мерген кім?» Мақсаты: - заттарды лактыруға жаттықтыру; Жеке жұмыс: «Ағаш суретін сал» Мақсаты: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.	Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар	Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.	«Қолғап» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті колдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті

<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйреге беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамактану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы [Ш.Батталова атындағы ТМ \(РО\) КММ](#)
 Мектепалды О «А» сыныбы
 Балалардың жасы 5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 18 – 22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.12	Сейсенбі 19.12	Сәрсенбі 20.12	Бейсенбі 21.12	Жұма 22.12
Балаларды қабылдау		«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	«Маймылдар» ойыны Мақсаты: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды таңу
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлқ ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сауат ашу негіздері Міндеті: –Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Кім білгіш?»	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Тал» сөзінің дыбыстық талдауы.	Көркем әдебиет Міндеті: - - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты: өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін жасайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, сұрақтарға жауап береді. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?	

		<p>дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады</p>	<p>жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Дөп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.</p>	<p>[Т] дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. [А] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңгелекпен белгіленеді. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. [Л] – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ыргағын өзгертуге келеді. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар</p>	<p>– Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді. Жаңа жыл келді Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!</p>
--	--	--	--	---	---

Үзіліс :

Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші»
Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:
Ұйымдастыру кезеңі.
Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.

Ойын: «Дұрысын тап»
Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсындар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
Ойын: «Тігінші»
Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диалог қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен

Артикуляциялық жаттығулар:
Ойын: «Часы» «Сағат»
Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.
Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
• «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
«Дәмді тосап»
Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
Әдістемелік нұсқау.
1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Саусақ ойыны: «Тасбақа»
Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.
1.Тасбақа
Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.




Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.
Фонетикалық жаттығулар
Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.1
.Баудағы кім? Ара болсаң, ызында



3-3-3, ж-ж-ж, 3- 3-3, ж-ж-ж
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
(3- 3-3) - қатты\жай

рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.



2. Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....



3. Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Математика негіздері

Міндеті Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту
Мақсаты : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;
түсінеді: оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);
қолданады: апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуы.
Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен (13-кесте) ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.

Математика негіздері

Міндеті Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту
Мақсаты : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;
түсінеді: оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);
қолданады: апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуы.
Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол» Педагог ойын шартын түсіндіреді: мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар.

Математика негіздері

Міндеті Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту
Мақсаты : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;
түсінеді: оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);
қолданады: апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуы.
Апта күндерін атайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар тапсырманы орындайды. Жұмбақ шешуді сұрайды. Жаңбыр жауып басылды, Аспан шәйдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды.

Қоршаған орта

Міндеті: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, (кір.18.12)
-Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау
Мақсаты Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру
Күтілетін нәтижелер:
жасайды:жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді.
түсінеді: олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.
қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана

		<p>Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7). Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн. Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды. Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата» Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды</p>		<p>(Кемпіркосақ) Кемпіркосақтың неше түсі бар? Апта күндерінде Кемпіркосақтың да жеті түсі бар. 3-тапсырма. Апта күндерін кемпіркосақтың түсімен бояйды. Балалар тапсырманы орындайды «Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек.</p>	<p>алады Педагог «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында <i>салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.</i> Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: <i>Сипатта</i> – балалар табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарды сипаттайтын белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. <i>Салыстыр</i> – балалар қыспен күздік арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. <i>Ұқсас заттарды тап</i> – тақпақтың үстел үстіндегі суретке сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (балықтар, атжалман, теңіз шошқасы, қоян, тасбақа). <i>Талда</i> – жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлардың дене мүшелерін атап көрсету керек. <i>Пайдалан</i> – балалар табиғаттың бұрышына тән элементтердің суреттерін көптеп салуы тиіс. <i>Дәлелде</i> – балабақшадағы жануарлар тіршілік ететін бұрыштың пайдалы жақтарын дәлелдеу қажет.</p>
--	--	---	--	---	---

Үзіліс:

<p>Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ Ойын:<i>Жүретін саусақтар.</i> Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталады.</p>		<p>Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин) Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Керекті құралдар:ойынға керек ресурстар. Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Мандайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
--	--	--

		<p>Қазақ тілі Міндеті - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).(кір.18.12) Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету . -Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді. – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы. – Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – «Кешір» деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, (кір.18.12) Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Мақсаты «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту Мақсаты - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (косымшаны қараңыз).</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязтаның қалай пайда болғанымен таныстыру - Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру - бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану - бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады Мақсаты:- Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту Топтық жұмыс</p>
--	--	---	--	---	---

Үзіліс: .

Психологиялық ойын:
 Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»
Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.
Ойын шарты:
 Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.
 Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
 "Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



Аз қимылды ойын:
 Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»
Мақсаты: балаларға тез бұлттарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.
Ойын шарты:
Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
 Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
 Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
 Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
 Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
 Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.
Ойынның ережесі:
 1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
 2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.
 Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.
 Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.
 Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.
 Ойынның педагогикалық маңызы.
 Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.
 Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Балалар бәрі бірдей. Өлгің қайда? - Қалды сайда! -деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p>Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарына бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>
--	--	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: - -Туған өлкеңің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Мақсаты Өсімдіктер де жанды табиғатқа жататыны туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Әлемде өмір сүріп жатырмыз. Айналаға қарасаң, бізді көптеген заттардың қоршап жатқанын білеміз, олар:неше түрлі әдемі ғимараттар, жолдар, көпірлер, ұшақ, жиһаздар және т.б. -Бірақ айналамыздағы заттардың көпшілігі адамның көмегінсіз өздері пайда болған. -Оларға жер мен су, ағаштар мен жануарлар, күн мен аспан жатады, оларды бір сөзбен табиғат деп атаймыз. -Табиғаттың бір бөлігіне азық та, су да, киім де қажет емес, олар-тау-тас, ауа, ғаламшар, яғни жансыз табиғат. -Ал енді бір бөлігі -Балаларға әр жыл мезгіліне байланысты</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - Биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру</p> <p>Мақсаты шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Педагог балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ). Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады. Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді). Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді. -Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек. -Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз. Педагог өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді. Педагог балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану</p> <p>Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тен» – Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру</p> <p>«Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны –Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p> <p>Практикалық жұмыс. Балалар үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ. –Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) –Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды. –Сопақшаға қандай заттар ұқсас? (Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді көрсетеді.)</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: - . -Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату</p> <p>Мақсаты Қысқы ағаштарды бұтағына ,діңіне қарап ажырата білуге үйрету.</p> <p>Қыста ағаштар қандай күйде болады? -Жапырағы бар ма? Қыста ағаштың күйі жапырағы жоқ,бұтақтарын қырау басып тұрады.Қар қалың жауса ағаш бұтағына иіліп сәлем беріп тұрған тәрізді болады.Ағаш басына кейбір құстар ұя салады.Жазда тоқылдақ ағаштың дініндегі зиян келтіретін құрт-құмырсқаны тазартады.Адамдар ақтап қояды.</p> <p>Өлең: Ертеңгісін байқадым М.Әлімбаев «Қыс келбеті» Жердің беті ақ қырау Аққу мамық ұлпа қар, Дәл маржан деп айтамын, Жамылады қырқалар. Төгілуге шақ тұр-ау, Шымшып аяз бетіңді, Өзеніне,көліне Ширатады етіңді Әдемі ою ойыпты, Ағаштардың бәріне Алқа тағып қойыпты. Сергіту сәті: Табиғатты сүйеміз Қанат жаям жалма –жан Иіліп келіп қол созам Аяғымның ұшып</p>
--	--	--	---	---

	<p>суреттер көрсетіледі. Жанды және жансыз табиғат арасында қандай байланыс бар? 1. Өсімдіктер немен тыныс алады. (ауа)</p> <p>2. Өсімдіктің тыныс алатын және суды буландыратын мүшесін ата. (жапырақ)</p> <p>3. Күн бізге не береді. (жарық)</p> <p>Олай болса, Ағаштар, Бұталар, Шөптесіндерді бір сөзбен не деп айтуға болады.</p> <p>– Өсімдіктер</p>	<p>Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады.</p> <p>Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ.</p> <p>«Тең заттар» ұғымымен таныстыру.</p> <p>Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.</p> <p>-Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады?</p> <p>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.</p> <p>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді</p>		<p>Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды.</p> <p>–Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз.</p> <p>Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар?</p> <p>Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>–Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз.</p> <p>–Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді?</p> <p>–Бұл фигуралар несімен ұқсас?</p> <p>Балалар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышта қарама-қарсықабырғалары тең.</p> <p>Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар.</p>
--	--	---	--	--

Үзіліс:

Қимылды ойын:
« Шарлармен алмасу »
Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.
Ойын мазмұны:
 Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады

Қимылды ойын:
 « Кішкене өзен арқылы »
Мақсаты:
 Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу
Ойынның шарты:
 Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағанын екінші жағына өтуге көмектеседі.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы айту Мақсаты Отан туралы түсініктерін</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Мақсаты ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Өпитеттерді, салыстыруларды қолдану Мақсаты -«Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру.</p> <p>Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: -- Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну Мақсаты әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. Педагог жұмбақ жасырады.</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - Жыл мезгіліне салуда бере білу білігін бекіту - - Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -- Қайшы мен желімді дұрыс</p>
--	--	---	--	--

	<p>кеңейту</p> <p>Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап» – Сенің Отаның қалай аталады? – Менің Отаным – Қазақстан. – Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). – Отанымыздың бас қаласын ата? – Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстан – тәуелсіз мемлекет</p>	<p>«Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек. – Мамандық иелерін ата? – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Бөлмеде не бар? – Сыпайы сөздерді ата. – Таңертең не істейміз? – Апта күндерін ата. т.б</p>	<p>1. Өңгімеде жылдың қай мезгілі? 2. Өңгімеде не туралы? 3. Су торғайын кім сипаттап береді? 4. Су торғайы жемін қайдан табады? 5. Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей</p> <p>Педагог әңгіме мазмұнын 5–6 балаға қайталап айтқызады. – Балалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. – Өңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар? Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. – Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1) Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп</p>	<p>Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) – Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Өңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді – Өңгіме қалай аталады? – Авторы кім? – Кішкентай қыз не істеп отырды? – Анасы қызына қандай ақыл айтты? – Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды? – Оны не алып кетті? – Анасы оған не деді? – Өңгімені қалай аяқтауға болады?.</p>	<p>қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. – Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру байланысты өзгерісті сурет</p> <p>Мақсаты:– қар кесегі суреті н салумүсіндеу, жапсыру, құрастырту</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	---	--	--	--	---

Үзіліс: .

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:


Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

Шалқан: Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о!**» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



Жыланның ысылы: Жылан қалай дыбыстайды?

Ыы.....Ыы – с – сссс



Ыы – с – сссс



Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»

Мақсаты:

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

Ойынның шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады.

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанатын.

Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.

Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.

Ойын 2-3 рет қайталанатын.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу Мақсаты: - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру</p> <p>Шлө әлемі «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейд Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» ұнтаспасын тыңдайды.</p>	<p>Музыка Міндеті: - Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Мақсаты Музыканы тындай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: -Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею Мақсаты - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру</p> <p>Шөл әлемі «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейді. Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» ұнтаспасын тыңдайды.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Мақсаты Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету</p> <p>«Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, допты траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.</p>	<p>Музыка Міндеті: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету . - Мақсаты Музыканы тындай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) :</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы	Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға	Бақылау: Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату** Отқа жанбас,	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын өшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен

	<p>Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қим.ойын: «Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>	<p>Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшаңдыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>		<p>көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Суға батпас” (мұз) Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қазан». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p>қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылдық ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Нұрманға үйге кетерде сұрануға үйрету.</p>	<p>Альфия мен Заңғарға қаламмен сурет салғызу.</p>	<p>Санат пен Ерасылға түстерді атап айту.</p>	<p>Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.</p>	<p>Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.</p>	
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атайды.Қай пішін жетіспейтінін табады.</p>	<p>:Дидактикалық ойын: «Сыйқырлы қапшық» Мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстырады, топтастырады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерін естерінде сақтайды. Апта күндерін рет-ретімен айта алады.</p>	<p>:Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты:Балалар рөлдерге бөлінеді, өздері алған рөлдерін сомдайды.</p>	<p>:Балалармен Әңгімелесу: «Туған ауыл туралы»</p>	


<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
-------------------------------	--	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы **Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ мектебі**
 Мектепалды сынып **О «А» сыныбы**
 Балалардың жасы **5 жас**
 Жоспардың құрылу кезеңі **4-апта 29– 31 қаңтар 1- 2 ақпан 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.01	Сейсенбі 30.01	Сәрсенбі 31.01	Бейсенбі 01.02	Жұма 02.02
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат	«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны Мақсаты: Пішіндерді ұшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	«Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 10				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Жер-Ана, сағанмыңалғыс, Сыйлайсыңбізгекуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!	Көк аспанда күнкүлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.	Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Жарқырап,күн де ашылды Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлықкүн! Бізсүйкімдібаламыз	Армысың шапағатты Күн-Ана! Армысың қайырымды Аспан-Ана! Армысың мейірімді Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты: – Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жүрк етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. «Қар қандай?» Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды:	Сауат ашу негіздері Міндеті Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?» Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в,	Сауат ашу негіздері Міндеті Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы Педагог	Сауат ашу негіздері Міндеті Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларын керек, мағынасы бойынша	Көркем әдебиет Міндеті: Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Мақсаты: ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? Ертегіде не туралы айтылған? Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Өтешті түлкі қалай алдады? Мысық өтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па? Есіңде сақта! Дос болсан, берік бол, Досыңа

	<p>Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?</p>	<p>ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.</p>	<p>балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.</p>	<p>ұқсайтын сөз болу керек. Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (этеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б. «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.</p>	<p>серік бол. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сикырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді</p>
--	---	--	--	---	---

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

<p>Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары: Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа. Ағайынды аралар. Ағайында арарармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз. -3-3-3-3-3 Шырын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз -3-3-3-3-3 (Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара Қалмай ұшып соңынан, Ара қуды Мұратты. -3-3-3-3 Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)</p>		<p>Ойын: «Допты қуып жет» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</p>
--	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>.Қоршаған орта Міндеті: -Арнайы көлік құралдарының түрлерін,оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау Мақсаты көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. Күтілетін нәтиже: *көлік түрлерін ажыратуға, олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелеуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; *өрт сөндіргіш машина, жедел жәрдем, құтқарушы машиналардың арнайы көлік түріне жататынын; көлік түрлерінің қажеттілігін түсінеді; *көліктердің қызмет сапасы туралы алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады. «Автобуста» ойыны. Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің » рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобуска кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лактырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобуска алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық. Қосымша ақпарат – Балалар, бұрынғы кезде атамыз қазақ, түйеге, атқа жүк артып, көшіп жүрген. Бұрын машина болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы көшпенді халық болған. Адамдар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, Мақсаты Балаларды «\Leftrightarrow» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара біртүрлі сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Күтілетін нәтижелер: менгереді: санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды; түсінеді: белгінің мәні мен мағынасын; қолданады: сандарды санауды және салыстыруды. Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салындар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, $5=5$, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «\Leftrightarrow» белгісін қоюға болады.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау Мақсаты Балаларды «\Leftrightarrow» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара біртүрлі сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Күтілетін нәтижелер: менгереді: санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды; түсінеді: белгінің мәні мен мағынасын; қолданады: сандарды санауды және салыстыруды. 1-тапсырманы орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады. Педагог сұрайды: - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру . Күтілетін нәтижелер: менгерелі: қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды; түсінеді: 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін; қолданады: 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді. Сонымен $10 - 1 = 9$, $9 - 1 = 8$, $8 - 1 = 7$, $7 - 1 = 6$ Натурал сандар қатарын (немесе сызықшаны) көрсетуіне болады. Одан кейін педагог вагондардың бір-бірден туннельден шығып жатқанын хабарлайды. Біз оларды қалай санаймыз? Жазба жазуға болады</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау Мақсаты Үй құстарының атауларын білу және оларды бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту Күтілетін нәтижелер: жасайды:үй құстарының бірнеше түрін атап береді. түсінеді:адамға әкелетін пайдасын, қылықтары мен ерекшеліктерін түсінеді. қолданады:коммуникативтік байланыс орната біледі. Алдын ала жұмыс: иллюстрациялық материалдарды қарап шығу, жұмбақтар шешу, көркем әдебиет оқу, бейнефильмдер (тұсаукесер) қарау, дидактикалық ойындарға қатысу, бақылау Суреттерді қарап шығып, ондақандай құстар бейнеленгенін атап беруді сұрайды. Өзге құстардан айырмашылығы қандай? Балалар қалай аталады? Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды. Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды. Балаларды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады. Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды. Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды. Балалар бөлінген бөліктерден әтеш, күрке тауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады</p>
<p>Үзіліс:</p>					


<p>Саусақ ойындары Ойын:Су толтыру. Мақсаты:Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. Керекті құралдар:шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p>	<p>Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар. Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Домино» Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.</p>
---	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Тақпақ жатта. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Мақсаты –Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Ал дауыссыз дыбысты ше? Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?» Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейнелену қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Мақсаты ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң аптай. (Өтеш) Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. (Мысық) Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі) Мысық, өтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? Бүгін біз «Мысық, өтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегіні өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кино, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін -Мақсаты:- балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға,құрастыруға үйрету Топтық жұмыс</p>
--	--	--	---	---	--

Үзіліс:

<p>«Гүлдерді күтеміз» ойыны Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптөкті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.</p>	<p>Қимылды ойын: «Ту». Мақсаты: Топтағы қарым-қатынасты нығайту. Ойынның шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табындар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)</p>	<p>Қимылды ойын: «Шұңқырдағы қасқырлар» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Ойынның шарты: Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.</p>
---	---	---



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет






	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді Мақсаты: - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. «Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.</p>	<p>Музыка Міндеті: Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу Мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Вальс» (К. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян бий» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көленке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді Мақсаты: - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. «Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Мақсаты: - Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. (2 рет) Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.</p>	<p>Музыка Міндеті: - Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру Мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру :Музыка тыңдау: «Вальс» (К. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян бий» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көленке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған</p>	<p>Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайганақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиісінше орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілділікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға,</p>	<p>Бақылау: Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>

	қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қим.ойын: «Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшаңдыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».	жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мүз) Мақсаты: Мүз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қазан». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
Балалармен жеке жұмыс	<i>Кәусар Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.</i>	<i>Мәди Қарындашты дұрыс ұстай алуды үйрету. (үш саусақпен)</i>	<i>Жанаберген Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.</i>	<i>Жақсылық құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел,орындық,) құрастыруға үйрету</i>	<i>Дана Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету</i>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	<i>«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат Мақсаты: Қандай зат бейнегенің айтып береді.</i>	<i>«Қай қолымда көп?» Мақсаты: Заттың екі жиынтығын салыстыра біледі.</i>	<i>«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.</i>	<i>Ойын жаттығуы «Тапшы, кімнің дауысы». Секір, секір деген кім, Білгіш болсаң тауып көр. Тауып ал да, өзің көр, Сол орынды ала көр Мақсаты: Балалардың достарын дауыстарын ажыратады.</i>	<i>Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты:Пазл арқылы жануарларды құрастырады.</i>
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ(РО) КММ мектебі
 Мектепалды сынып О «А» сыныбы
 Балалардың жасы 5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі I-апта 12 – 16 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	Дидактикалық ойын «Кімде не бар?» Мақсаты: Заттардың (шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	Әңгімелесу : "Менің ойыншығым" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	Дидактикалық ойын "Атын атап бер" Мақсаты:түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)	«Аспан» Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Сықырлы таяқша» Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	«Қыс» Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	«Шана» Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шапаменен зулаймыз
Мектепке дейінгі ұйым кестесі	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

<p>бойынша ҮІӨ</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Мақсаты : Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>–Қыс мезгілінде неше ай бар? –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. –Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа</p> <p>Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.</p> <p>Қаңтар</p> <p>Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дыбыстармен жаттығулар. Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет» Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б. Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жінішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді. Мысалы: а, о, ұ, ы, ә, ө, е, э, і, у, и, ү, у. Сөздермен жаттығулар. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны Педагог балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды. Мысалы: доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), алма ... (дәмді), құмыра ... (қызыл), ата ... (енбекқор), қазан ... (қара), жүзім ... (дәмді), ешкі ... (мүйізді), орындық ... (ыңғайлы), ат ... (жүйрік), түйе ... (қоңыр), маса ... (кішкентай), кітап ... (қалың), үй ... (жасыл), шырша ... (биік), кілем ... (қысқа), үстел ... (қоңыр) т.б</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Сөздермен жаттығулар. «Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны –Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар. Мысалы: ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшак(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і). – Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатын). – Оны қайдан білдік? – Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, бірінші дыбысына мән беріндер.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Мақсаты Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету</p> <p>Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 5. Штрихта 6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру Мақсаты: театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сахналық қойылымға қатысады; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға жауап береді . Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? – Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? – Қай қыздың әрекеті ұнады? Рөлге бөліп ойнау</p>
<p>Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»</p>					


<p>ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .</p>	    	<p>Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.</p>
---	---	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау Мақсаты Үй құстарының атауларын білу және оларды бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. Күтілетін нәтижелер: жасайды: үй құстарының бірнеше түрін атап береді. түсінеді: адамға әкелетін пайдасын, қылықтары мен ерекшеліктерін түсінеді. қолданады: коммуникативтік байланыс орната біледі. Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды. Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды. Балапандарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады. Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды. Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды. Балалар бөлінген бөліктерден әтеш, күрке тауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды; түсінеді: 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін; қолданады: 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын. . Педагог сурет бойынша балалар не істеп жүргенін әңгімелеп берулерін сұрайды. - Төбешікте неше бала тұр? (3). Неше бала көтерілді? (1) Барлығы нешеу болды? (4). Екінші сурет бойынша: – Неше бала төбешіктен сырғанады? – Төбешікте неше бала қалды?</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін «Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау Мақсаты Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту Күтілетін нәтижелер: жасайды: үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді. түсінеді: оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді. қолданады: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі. Үйде, адамның қасында қандай жануарлар тіршілік ете алатынын еске түсіреді (мысық, ит, тасбақа, кірпі, қоян, тотықұс, теңіз шошқасы, атжалман). Балаларға кез келген үйде асырайтын жануарды жарнамалап, әңгіме құрастыруды ұсынады. Балалар үйде асырайтын жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін, қылықтарын мен жейтін тамақтарын мысалға келтіре отырып әңгімелейді. «Алмаз» техникасы. Педагог заттар мен тапсырмалар жазылған карточкаларды жайып қояды. Қысқаша жауаптан кейін сурет «алмаздың» тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: Үйде асырайтын 1 жануарды</p>
---	---	---	--	--

					<p>таңдап ал. Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап. Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таңдап ал. Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгіні ата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл. Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал. Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру. Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата.</p>
--	--	--	--	--	---

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»


<p>« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .</p>		<p>Ойын: «Жалауша» Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша. Мазмұны. Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады. Ойынның ережесі. 1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. Әдістемелік нұсқаулар. Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.</p>
---	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: -- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру Мақсат Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.. Постермен жұмыс. Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, такпақты жаттау Мақсаты Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Өңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу Мақсаты Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Мақал-мәтелдер 1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. 2. Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3. Қыс қамынды жаз ойла. Дидактикалық ойын:</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру - Мақсаты . театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сахналық қойылымға қатысады; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету -- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен</p>
---	--	--	--	---

	<p>бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.</p> <p>– Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген?</p> <p>– Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген.</p> <p>– Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім?</p> <p>– Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов.</p> <p>Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды</p>	<p>бейнеленген.</p> <p>– Елтаңбада тұлпар бейнеленген.</p> <p>– Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</p> <p>2. Тақпақ жатта.</p> <p>Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p>«Дауыссыз дыбыстарды анықта».</p> <p>Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.</p> <p>Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады</p>	<p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.</p> <p>– Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім?</p> <p>– Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді?</p> <p>– Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді?</p> <p>Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз.</p> <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу</p>	<p>толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>Мақсаты:- Қаршақыздың сүйікті достарын салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	--	--	--	---	--

Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны .

<p>Тіл гимнастикасы «Р»-ға тілің келе ме?</p> <p>Қаламқасқа «тұр», - деші, Қарындашқа «жүр», - деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші, Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші.</p>	<p>Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.</p> <p>Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ аланның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабындар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.</p>	
--	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p>Мақсаты Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа</p>	<p>Музыка</p> <p>Міндеті: -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Мақсаты Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева)</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);</p> <p>Мақсаты: . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>II.«Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту</p> <p>Мақсаты - . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтақ қол жеткізу» Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп</p>	<p>Музыка</p> <p>Міндеті: - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу</p> <p>Мақсаты Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И.</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.</p> <p>Антарктида Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені. «Пингвиндер» ойын-жаттығуы Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	<p>Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көленке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>	<p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады</p>	<p>өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады</p>	<p>Мамақов) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көленке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Серуен-Бақылау №1 Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру.камқорлықпен қарауға үйрету. Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға камқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім.Ойна,жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Серуен-Бақылау №2 Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Серуен-Бақылау №3 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мөнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Серуен-Бақылау №4 Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуді де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу.Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қим.ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарының дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамытудан Сабыржан, Аман Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге	Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар	Музыкалық -ырғақтық жаттығулар. Айару, Нұрғасыр музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындау.	Сабыржан, Аман Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым	Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса

	үйрету.	дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.		сұрақтарға жауап беруге үйрету	«дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	«Үй жануарлары» Мақсаты: тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастырады.	«Сұрақ – жауап» Мақсаты: қойылған сұрақтарға нақтылып жауап бере алады. Өз ойын ашық айта алады.	«Секіргіштер» Мақсаты: жеңіл секіру дағдыларын жетілдіру	«Ғажайып қобдиша» Мақсаты: Ойын барысында балалар зерек болу керектігін ұғады. Суреттерден артық суретті табады.. Бір-бірін тыңдай алады.	«Таспаны кім тез орайды?» Мақсаты: қол қимылдарын шапшаңдықпен жасай алады.
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ(РО) КММ мектебі
Мектепалды сынып О «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 19– 23 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті театры: «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.» Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Ойын– жаттығу: «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын: «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	«Менің тобымдағы өсімдіктер» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Шаттық шеңбері: Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	Шаттық шеңбері: «Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүрекпен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	Шаттық шеңбері: «Сикырлы таяқша» Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	Шаттық шеңбері: «Қыс» Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	Шаттық шеңбері: «Шана» Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тонса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тонса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру –Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. –Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. –Кеме не үшін керек?	Сауат ашу негіздері Міндеті сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөледі. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Дыбыстармен жаттығулар. «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты	Сауат ашу негіздері Міндеті Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөледі. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға	Сауат ашу негіздері Міндеті Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу Мақсаты Жазуды көзбен анықтайды, сөздерді буынға немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Бастыр. Педагог графикалық жұмысты	Көркем әдебиет Міндеті - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру Мақсаты: Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету Мақалдың мағынасын түсініп алу. Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен

<p>Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеді отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шақырады</p>	<p>немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. «Жүп құр» ойын-жаттығуы Педагог тактаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тактаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине</p>	<p>балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,кар..., ка..., пи..., бә... т.б. Дәптермен жұмыс 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.</p>	<p>бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.</p>	<p>бөліс».</p> <p>– Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз)</p> <p>– Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз)</p> <p>Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас неді. Көрермендер қол шапалақтайды</p>
--	--	---	---	---

Үзіліс:»

<p>Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтпін, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p>Қимылды ойын:« Көгі-гөк » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда? - Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p>Қимылды ойын: « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үнгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасындар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үнгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үнгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>
--	--	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау - Мақсаты Балалардың үйде асырайтын жануарлар</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты: заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді заттарды бірнеше тең бөлікке</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру.</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу Мақсаты Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру.</p>
--	---	--	--	---

	<p>туралы түсініктерін кеңейту. ә) Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді.</p> <p>түсінеді: оларға камқорлық жасау қажеттігін түсінеді.</p> <p>қолданады: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі</p> <p>Үйде адаммен бірге тағы қандай жануарлар өмір сүреді? Белгіле. Көмекші суреттердің көмегімен өзінің үйіндегі итің немесе мысығың (тотықұс, тасбақа, атжалман) туралы әңгіме құрайды. Оның суретін жапсыр. Ол туралы қызықты бір оқиғаны айтып бер.</p> <p>«Жануарға ат қой» ойынын ойнауға шақырады. Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады.</p>	<p>беледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;</p> <p>түсінеді: затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;</p> <p>қолданады: бөліктерден пішін құрастыруды;</p> <p>Педагог балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тактаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды. – Сендер жапсырмадан не көріп тұрсындар? Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады? Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік – жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді). Практикалық жұмыс жүргізеді Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. - Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.</p> <p>Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Неше бөлік шықты? (екі) -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады. Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт) – Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады. Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоныр жолақты алады. – Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді. - Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең) - Қанша бөлік шықты? (үш) –Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды. Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)</p>	<p>қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереди заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;</p> <p>түсінеді: затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;</p> <p>қолданады: бөліктерден пішін құрастыруды;</p> <p>«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді. Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. – Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз. – Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз). Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз) Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). –Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты? (Екі кішкентай тіктөртбұрыш). – Ал шаршының төрттен бірі? (Ол да шаршылар, бірақ кішкентай). – Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз. Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері. Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: менгереди: қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;</p> <p>түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды;</p> <p>қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде бағдарлауды</p> <p>Шағын топпен жұмыс. Санамақ арқылы балалар екі топқа бөлінеді. Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады. Тапсырманы орындауды ұсынады. Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді). – Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді). – Аквариумда неше балық бар? Сандар жазылған карточкаларды шығарады: 4 + 2 = 6 Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. - Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? - Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.</p>	<p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жол ережесін сақтау үшін, үнемі жол белгілері блуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • көшеде тәртіп сақтау керектігін түсінеді; • қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыларын қолданады <p>Жұмбақ жасыру. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Жүргізуші: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасындар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасындар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек.</p> <p>Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Қандай жол белгілерін білесіңдер? Балалар білгендерінше айтады, тәрбиеші толықтырады. Олар: автокөлікке арналған жол белгісі, жаяу өтпе жол белгісі, жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. – Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. – Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. – Мына суретте не көріп тұрсындар? – Балалар жол жиегінде доп ойнап жүр). – Жолда доп ойнау неге қауіпті? – Доп жолға домалап кетеді, оны аламын деп , бала машина дөңгелегі астына түсуі мүмкін</p>
Үзіліс:					

<p>Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты » деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>	<p>Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p>
--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: , Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу Мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Нұр-Сұлтан қандай қала? – Нұр-Сұлтан – астана. Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тапқақ жаттау, Мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек. I - i-i, ic, in, ini, ish-kish – мынау – ескерткіш. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө...(көше) Та...(таза) Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.) Нұр-Сұлтан – ... (Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіріп Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды. –Өлең не туралы? –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? –Алыс шалғайда не көрінеді? –Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. –Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді. Сөздік жұмыс. Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру Мақсаты . ертегіні ым-шарамен сахналауға дағдыландыру Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды. Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі қалай аталады? – Шықбермес Шығайбай қандай адам? – Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? – Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? – Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? – Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? – Алдаркөсе не деп жауап берді?</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: -- балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету -- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақта - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану Мақсаты қысқы табиғатты салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Топтық жұмыс</p>
--	--	--	--	--	---

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:
 Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту
 1. Т: Күй сандықты ашайық
 Б до- до- до
 Т: тілдерін біз бастайық
 Б: ре - ре - ре
 Т: бас дыбысты бастайық
 Б: ми - ми - ми
 Г Жайлап әнге салайық
 Б: до - до - до
 2. Шалқып шығар сонда күй
 Б: фа - фа - фа
 Т: Бәрі до - дан басталар
 Б: до- до -до
 Т: До -ны қоштар басқалар
 Б: До, ре, ми, фа, соль, ля , си, до



Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»
 Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті - Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру Мақсаты : Мамандықтармен таныстыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді:әр алуан мамандықтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады:әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды. –Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды. Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Дикан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандықтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды:дыбыстың сөз ішіндегі орнын анықтайды. Түсінеді: дыбыстардың сөз ішінде өз орындары бар екенін түсінеді. Қолданады: дыбыстар туралы білімдерін. Дыбыстармен жұмыс Сызбаны тақтаға іледі. – Сөздер дыбыстардан тұратынын білесіңдер, дыбыстар жеке тұрғанда ештенені білдірмейді. Мысалы а, б, қ. Осылай айтсақ, ешкім ештеңе түсінбейді. Егер осы дыбыстарды қосып, «бақ», – деп айтсақ, онда бәріміз жеміс бағы туралы айтылғанын білеміз. Әр дыбыстың сөз ішінде өз орны бар. Мысалы «лақ» сөзінде: • «Л» дыбысы бірінші тұр; • «а» дыбысы екінші тұр; • «қ» дыбысы үшінші тұр. Әр айтылған дыбыстың өз орны бар. Егер дыбыстарды дұрыс айтпасақ, сөз дұрыс құралмайды. «Дұрыс тап» дидактикалық ойыны – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды:дыбыстың сөз ішіндегі орнын анықтайды. Түсінеді: дыбыстардың сөз ішінде өз орындары бар екенін түсінеді. Қолданады: дыбыстар туралы білімдерін «Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табыайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Мақсаты Геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Күтілетін нәтиже: Жасайды:дыбыстың сөз ішіндегі орнын анықтайды. Түсінеді: дыбыстардың сөз ішінде өз орындары бар екенін түсінеді. Қолданады: дыбыстар туралы білімдерін : Дәптермен жұмыс Геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Жалғастыр Саусақ жаттығуы Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық</p>	

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Енбек үшін жаралғанбыз.
-3-3-3-3-3


Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара
Қалмай ұшып соңынан,
Ара қуды Мұратты.
-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды егілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған көрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін көрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып көрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, көрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Міндеті: - Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр)
Мақсаты Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту.

Далада жел соғып тұрғанын қалай білуге болады? Жел – тез жылжитын ауа ағымы. Дәптердегі кейіпкерлер – Қуаныш немесе Айсұлудың сұрақтарына жауап береді.. Далада жел соғып тұрғанын ағаш бұтақтарының қозғалуына, су бетіндегі қозғалысқа, аспандағы бұлттардың көшуіне (қыста – боран, бұрқасын) қарап білуге болады.

Күрделі сұрақ: ауа кімдерге керек?
Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не

Математика негіздері
Міндеті Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру
Мақсаты шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру
Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Педагог балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ). Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады. Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды


Математика негіздері
Міндеті Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру
Мақсаты шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру
Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең» – Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.

Математика негіздері
Міндеті Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру
Мақсаты шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру
17- кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс – Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ – таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз. .


	<p>істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек, коқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту керек).</p> <p>Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппе-дәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейді. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді.</p> <p>Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады. Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды. Балаларды ауаны сезінуге шақырады. Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі</p>	<p>көрсетеді). Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді. - Екеуінің шегі сәйкес келетіндей етіп жақындату керек. - Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз. Педагог өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді. Педагог балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады. Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ. «Тең заттар» ұғымымен таныстыру. Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді. -Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады? Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады. Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді. -Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)</p>			
--	--	---	--	--	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Шегіртке.
 Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,
 Ән саламын ш-шырылдап:



Ойын: «Күн мен жаңбыр»
Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе



<p>-ш-ш-ш-ш-ш Жоқ тұрақты мекенім, Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін. -ш-ш-ш-ш-ш (Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.) Қоңыз. Тым қатұлы кескіні, Жақтырмаймын ешкімді, Үлкен қара қоңыздың Дауысы алыстан естілді: -ж-ж-ж-ж-ж Мұндай сұмдық бола ма? Келе салып сонауға Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!» -ж-ж-ж-ж-ж Көбелек пен инелік Қалды тіптен именіп. Мұнды әуен басталды Шегірткеміз күйзеліп: -ш-ш-ш-ш Ызылдады ара да: -з-з-з-з-з Ызылдады маса да: -з-з-з-з-з Ал өрмекші үн түнсіз Жасырынды тасаға «Тыныштықты бүгінгі Келді дағы бүлдірді»- Дөп қоңызға құмырсқа Өз ренішін білдірді. Ал қоңызға бәрібір, Айтатыны: «Ары ж-ж-жүр!» Жанында еш досы жоқ, Гүж-гүж етіп әлі жүр. (Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Өр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа)</p>		<p>бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жанбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендендер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.</p>
---	---	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: -- Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Мақсаты Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату. – Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы). Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск көрсетеді. Интербелсенді тақтада Алматымен таныстыру. – Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту Мақсаты ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді. Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді. – Ертегі ұнады ма?</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті - Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты: Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді Әже Еркелетіп ертемен Оятады ол мені. Таңғы таза ауамен, Тазалаймыз бөлмені. Ертегісі өзінің Таусылмайды не түрлі. Әжімдері көзінің</p>	
--	---	--	---	--	--

	<p>саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе. Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту.</p> <p>– Алматы қандай қала екен? – Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.</p>	<p>– Ертегіде кімдер бар? – Мынау – қолғап. – Мынау не? (Қолғап). – Бірінші кім келді? (Тышқан) – Тышқан қандай? – Тышқан кішкентай. – Екінші? (Бақа) – Бақа не деді? – Бақа не істейді? – Тышқан не деді? – Соңғы кім келді? (Аю) – Барлығы неше болды? (6) – Аю қандай? – Аю үлкен. – Аю қалай жүреді?</p>	<p>айтады, өз аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді:әр алуан мамандықтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады:әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды. Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Ойын шарты: Өртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауып жабыстырады. Педагог балалардан «Кім болам?» деген тақырыпта шағын әңгіме құрауларын сұрайды</p>	<p>Мейірімі секілді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен! (Әбубәкір Қайран)</p>	
--	--	--	---	--	--

Үзіліс: « Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны.

<p>Еліктеу ойындары: “Кім жақсы айтады” P-p-p-ppp</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">  <div style="text-align: center;"> <p>Ы-ы-ы-ыы</p>  </div> </div>	<p>Гүлдерді иіскейік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.</p>	<p>Ойын: «Өзен» Кішкене өзен арқылы. Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін. Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді. Көрнекіліктер: тақтай, жіп. Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтадан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.</p>
---	---	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу – Мақсаты - Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту «Ең ептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет) Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы</p>	<p>Музыка Міндеті: - Өлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету Мақсаты Өлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева) Ән айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев) «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті Міндеті: - Допты заттарды айналдыра жүргізу Мақсаты Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту «Қаңбақтар» (3 рет) Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Мақсаты Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, нықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту «Жігіттер» (3 рет) Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен</p>	
--	--	--	--	---	--

	қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді	Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай) «Полька» (эстон халық биі) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)	фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.	жұмсақ секіріп қайта қону.	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	. Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №1 Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші:</i> Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақишаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №2 Бақылау: Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай</i> <i>Көшетін әкеп қайыңның,</i> <i>Отырғыздым аулаға.</i> <i>Жіп-жіңішке жас шыбық,</i> <i>Өспейді деп ойлама.</i> <i>Жас шыбық өсіп толады,</i> <i>Әсем қайың болады,</i> <i>Сұғарып, күтіп, баптасам.</i> <i>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйсіненшілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Тәрбиеші сұрақтары: *Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? *Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? *Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? *Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? *Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? *Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?</i></p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №4 Бақылау: Итті бақылау Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; — жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «КҮШПІМ» А. Меңдібай</i> <i>Кіп-кішкентай күшігім,</i> <i>Сүйкімдісін өзінің.</i> <i>Еркелейді ойнақтап,</i> <i>Жылтырын-ай көзінің.</i> <i>Оратылып аяққа,</i> <i>Бір сәт тыным таппайды.</i> <i>Кел, достарым, жасқанба,</i> <i>Күшігім менің қаппайды</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма? ♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? ♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктеркөбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалты түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу</p>	

	Гүл егетін жерді тазалау. <i>Мақсаты:</i> Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.	Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.	қатысу. <i>Мақсаты:</i> - ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Жеке баламен жұмыс: Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайынды арал, талды арал»	Жеке баламен жұмыс Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.	Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: -ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу	Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты: -белгі бойынша әрекет етуге баулу; -жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).	
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш Батталова атындағы ТМ (РО) КММ мектебі

Мектепалды О «А» сыныбы



Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 11 – 15 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар!	Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	«Кім шапшан» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	Тіл ұстарту жаттығулары «Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.	«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, -Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Мақсаты : Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. –Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз. –Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе? –Ендеше өз аналарыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар. Педагог балаларға көмек	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу Мақсаты Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Буындармен жаттығулар. «Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы	Көркем әдебиет Міндеті: Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту Мақсаты: ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру Өлеңде не туралы айтылған? – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады? – Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады? – Қай уақытта малдар төлдейді? – «Сары уыз» деген не? Өлеңді суреттер бойынша қайтала. Педагог мнемокестедегі суреттер

	<p>ретінде қосымша сұрақтар қояды: –Анаңның аты кім? –Кім болып жұмыс істейді? –Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам? –Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің? Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды</p>	<p>лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады</p>	<p>табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(рига), Дә(рия)</p>	<p>буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмүз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыз...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоназыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз.</p>	<p>арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды. Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып түсіндіреді</p>
--	--	--	---	---	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Торғайлар мен мысық»


		<p>Ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, <u>торғайларды көріп</u>, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен <u>мысыққа ұсталған торғайлар</u>, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 <u>торғайды ұстаған сон</u>, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)</p>
---	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Туған өлке, ел, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. -үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу (кір. 08.03) Мақсаты Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды:өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді. түсінеді:пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын. қолданады: зерттеу және тәжірибе жасау жұмысымен айналыса алады Суретті қарап шығып, көліктер мен ұшақтардың неден жасалғанын талқылайды. Олар жанар-жағармайсыз жүре ала ма? Қосымша мәлімет: Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Өтірлер, иісудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасындар. Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысуға шақырады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысады. Туған өлкеде қандай пайдалы кендер өндірілетінін анықтайды. Қазақстанның пайдалы қазбаларына қатысты шартты белгілермен танысады.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуы. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p> <p>Балалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p>	<p>Математика негіздері Міндеті -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты: геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуы. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p> <p>Геометриялық материалмен топтарда практикалық жұмыс жасау. Санамақ арқылы топқа бөлінеді. Балаларға әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шаршылар, шарлар, шеңберлер және т.б.) қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды ұсынады. Ойынға қатысады. Фигураларды талдайды. Фигураларды бір-бірімен салыстырады. Практикалық жұмыс. Балалар зерттірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ. – Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуы. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p> <p>«Сықырлы дорба» ойыны. «Сықырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сықыршы сықырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зыңданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2-</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру Мақсаты туған өлке әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру Күтілетін нәтиже: • өздерінің туған жері туралы әңгімелеуге; туған өлкенің табиғатын суреттеуге арналған тапсырманы орындайды/жасайды; • туған жер, Отан біреу-ақ екенін, оны мәңгі сүю керектігін түсінеді; • туған жер туралы білетін әндерін, тақпақтарын күнделікті өмірде қолданады Туған өлке ол не? – Өзіміз тұратын үй, көше, ауыл, табиғат, Отан, Қазақстан мемлекеті – барлығын «туған өлке» деп айтуға болады. – Біз қай Республикада тұрамыз? – Бас қаламызды атаңдар. – Иә, балалар, өзіміздің туып-өскен жеріміз «туған өлке», «атамекен» деп аталады. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, қуатты өлке, оның байлығын бүкіл тұрғылықты халқымыз пайдаланып, бақытты өмір сүруде. Туған өлкеміздің ауылы мен қалаларында өздерің секілді бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып-өскен жерін мақтан етеді. Сол себептен мен өздеріңмен туған өлкеміз туралы әңгімелескім келіп тұр. Ата-бабамыз бала бойында сәбилік шақтан бастап қоршаған ортаға, табиғатқа деген дұрыс көзқарас қалыптастырып отырған. – Өздерің тұратын жердің табиғаты туралы әңгімелендер. – Өздерің тұратын қала (ауыл) қалай аталады? Тірек сұрақтар қою арқылы балаларға туған қала, ауылдары туралы әңгімелетеді. Балалар өздерінің туған қаласы немесе ауылы орналасқан мекені туралы әңгімелейді. Өздері тұрып жатқан қаладағы (ауыл) көрнекті жерлер, табиғаты, халқы немен айналысатынын әңгімелейді. Балалар өздерінің туып-өсіп</p>
--	---	--	--	---	---

			<p>бірдей мөлшерде болуы керек.) – Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды. – Сопақшаға қандай заттар ұқсас? (Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді көрсетеді.) Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды. – Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді. – Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз. – Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді? – Бұл фигуралар несімен ұқсас? Балалар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышқа қарама-қарсықабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар.</p>	<p>тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз</p>	<p>жатқан туған қаласы, ауылы Отанның бір бөлігі екенін түсінеді</p>
--	--	--	---	---	---

Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар
 «Күн мен түн»



Ойын: “Күн мен түн”
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м рақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресебір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйінежүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқанқатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанатын. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.
Ереже:
 1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Шығармашылық бейнелеу
--	------------	------------	-----------------	----------------	-----------------------

	<p>Міндеті: -- -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».</p> <p>Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтыңдаршы. Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.</p> <p>Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді</p> <p>Мынау не?</p> <p>– Мынау – қарлығаш.</p> <p>Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдау.</p> <p>Суреттер бойынша жұмыс.</p> <p>– Мынау – Қарға.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – Қарға.</p> <p>– Мынау – Көкек.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – Көкек.</p> <p>– Мынау – Дәуіт.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – Дәуіт.</p> <p>– Мынау – Жылан.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – Жылан</p> <p>– Қарлығаш көмек сұрады.</p> <p>– Қарлығаш не істеді?</p> <p>– Қарлығаш көмек сұрады.</p> <p>– Көмек, кө-мек.</p> <p>– Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.</p> <p>– Қарлығаш нелерден көмек сұрады?</p> <p>– Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. – Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын,</p>	<p>Міндеті - , Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру</p> <p>Мақсаты киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не артық?».</p> <p>Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).</p> <p>– Көйлек неге артық?</p> <p>– Көйлек – киім.</p> <p>– Сендерде қандай киім бар?</p> <p>Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру.</p> <p>– Көйлек, шалбар, жейде – нелер?</p> <p>– Көйлек – киім. Шалбар – киім.</p> <p>Көйлек, жейде, шалбар – киімдер.</p> <p>Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде?</p> <p>Мынау – ұзын жең жейде.</p> <p>Мынау – қысқа жең көйлек.</p> <p>Мынау қандай көйлек?</p> <p>Мынау – қысқа жең көйлек.</p> <p>Сөйлемдерді айтып жаттығады.</p> <p>Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу.</p> <p>Ең-ең-жең. Ұұұзын жең.</p> <p>Қа-қа-қысқа – қысқа жең</p>	<p>Міндеті: -Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру</p> <p>Мақсаты Ана туралы өз ойларын айтықыз.</p> <p>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».</p> <p>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталағанды</p> <p>Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты.</p> <p>Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».</p> <p>Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.</p>	<p>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p>Мақсаты ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз.</p> <p>– Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде?</p> <p>– Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.</p> <p>Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді</p> <p>Наурыз</p> <p>Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағмыз. Сәскеде - жаз, Түнде қыс Секілді екен Наурыз. Төлдеп жатыр малымыз, Қазан толы сары уыз. Сүті көп те, Көмірі аз Болады ғой Наурыз. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз. Көжесі көп, Қыры көк Қандай жақсы наурыз!</p>	<p>әрекеті</p> <p>Міндеті: - анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу</p> <p>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау</p> <p>-- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию</p> <p>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>(кір. 08.03)</p> <p>түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу</p> <p>- достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>-- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Мақсаты –қонжықты суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>уақытым жоқ – деді. – Көкек не деді? – «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. Қарға не деді? – «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. – Осы істері дұрыс па? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығашқа не көмек берді? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығаш пен Дәуіт дос болды. – Қарлығаштың досы – Дәуіттің досы ...</p>				
--	---	--	--	--	--

Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны

		<p>Ойын: «Кесіртке» Мақсаты: балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі.</p>
---	--	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру Мақсаты Заттарды тік нысанға лақтыруды үйрене түсу, ықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту «Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p>Музыка Міндеті: - Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру Мақсаты Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Келіншек» қ.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай) Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) «Анашым» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өнд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» би («Билеп</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату Мақсаты: Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл- қозғалыс тәжірибесін толықтыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: 3 метрден қозғалыстағы нысананы ату, релаксация. Түсінеді: «толеранттылық» терминін, «командалық ойындар» ойын ережелерін, Қазақстан Республикасындағы түрлі халықтарға құрметпен қарауды. Қолданады: допты бір-біріне лақтыруды, қозғалмалы нысананы ату дағдыларын, шашырап жүру, жүгіру, командада келісіп әрекет ету дағдыларын</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу Мақсаты Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену «Тақиятастау» Көлденең нысанға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады. Бастапқы қалыпта аяқтарын ықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде</p>	<p>Музыка Міндеті - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау Мақсаты Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. Музыка тыңдау: «Келіншек» қ.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай) Ән айту: «Домбыра сазы» (И.</p>
--	--	---	--	---	---

<p>Серуен</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы,</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Күнді бақылау Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (күн)</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №15 Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды,</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Топырақты бақылау Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №17 Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы</p>

<p>Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ◆ Бүгінгі бұлттар қандай? ◆ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ◆ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? <p>Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p>	<p><i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</i> Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? <i>(қоңыр түсті әйнекпен)</i> Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</p>	<p>Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ◆ Желдің қандай түрлері болады? ◆ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ◆Барынша қатты желдердің атын ата? <i>(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</i> ◆ Әлсіз желді қалай атайды?<i>(«самал жел» деп атайды)</i> ◆Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</p>	<p>дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсе, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тынайтықшы ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты:</i> торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты:</i> берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. <i>Мақсаты:</i> секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</p>	<p><i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік той? (маса) -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты, Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? <i>(көбелек, құрт т.б.)</i> ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? <i>(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)</i> ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? <i>(ара, жібек құрты, құмырсқа).</i> ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ◆ Зерттеу жұмысы Қанқзын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p>
--	---	---	---	--

					Еңбек: Алаңды коқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ержелеріне үйрету	Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек	Бағдаршамның нақты қызметін үйрету
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	Қимылды ойын «Акку-каздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш Батталова атындағы ТМ (РО) КММ мектебі

Мектепалды О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 22 – 26 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Әдебиет орталығы» «Тату доспыз бәріміз» тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық-суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс. Мақсаты: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	Үстел- үсті ойын: «Паздарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!» Мақсаты: конструктормен, есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын: «Достық» Мақсаты: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)	Мнемосхемамен «Дос» туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын.	«Достық үйін құрамыз» Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Мақсаты Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тандап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады. Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла» Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады. 1-тапсырма Педагог балаларға «л» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк. 2-тапсырма Педагог балаларға «м» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: маймыл, манты, мақта, махаббат, мал, ми, мысық, мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз. 3-тапсырма Педагог балаларға «к» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбелек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс. Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамындар. Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар... (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик) т.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина» – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырындар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.».</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)</p>
--	--	---	---	--	--

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»
Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
Ықтимал күрделендіру: тез ойла
Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



Ойын: «Оюларды құрастыр»
Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.
Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері
Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Міндеті: тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігін білу
Мақсаты Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру
Күтілетін нәтиже:
Қжасайды: экоаймақтарды, онда тұратын жануарлардың атауларын атап береді; Қазақстандағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің ерекшеліктері туралы түсінігі бар.
түсінеді: белгілі бір өсімдіктің нәліктен белгілі жерлерде ғана өсетінін түсіндіріп бере алады.
қолданады: экологиялық мінез-құлықпен таныс; зерттеушілік қабілеті бар, бақылау арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады
«Үйшік» ойынын ұйымдастырады: балаларға ҰОҚ-ға қатысты суреттерді үлестіреді. Педагог «үйшікте» отыр. Оған кіргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады. Ойынға кіріседі.
 Б: Үйшікте кім тұрады? П: Бұл мен – көгал.
 Б: Ал мен – орманмын. Мені үйшікке кіргізіші. П: Маған қай

Математика негіздері
Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау
Мақсаты уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру. **түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; **қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.
демонстрациялық материалмен жұмыс. Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады, қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды. Дәптермен жұмыс Педагог 1-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. Әр жыл мезгілінің айларын атайды
 Жұмыс дәптеріндегі 1-тапсырманы қарайды. Барлық суреттер араласып кеткенін айтады. Жұмбақты оқиды. Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз

Математика негіздері
Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау
Мақсаты уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру. **түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; **қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді
«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны
 Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай? Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б. «Жыл мезгілі»

Математика негіздері
Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау
Мақсаты уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру. **түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; **қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді
Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»
 Педагог бастайды, балалар жалғастырады. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай ретпсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз. Дәптермен жұмыс 2-тапсырма. Балалар шеңберді қарайды – Жыл айларын есіне сақтандар. Жыл мезгілдерінің айларын атайды. Балалар хормен қайталайды. Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз. Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды. – Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4) – Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар. – Педагог

Қоршаған орта
Міндеті: емдік қасиеті бар өсімдіктерді білу
Мақсаты Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту
Күтілетін нәтиже:
жасайды: дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді.
түсінеді: олардың емдік қасиеттерін.
қолданады: дәрілік шөптерді жинау дағдысын
 Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Өртүрлі өсімдіктер әртүрлі ауруларға ем. Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстанның дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен ши

	<p>жерің ұқсайды? Соны айтсаң кіргізейін.</p> <p>Б: Менде де, сенде де шөптер мен гүлдер, саңырауқұлақ өседі, жәндіктер, ұсақ жануарлар тіршілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен де шулайсың, мен де шулаймын.</p> <p>Б: Түк, түк. Мен – көлмін. Мені де үйшікке кіргізіңізіші. П: Егер көгалдан айырмашылығыңды айтсаң кіргіземіз.</p> <p>Б: Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіру мүмкін емес. Адамдар маған қыдыруға емес, суға түсуге келеді</p>			<p>балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды</p>	<p>дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі</p>
--	--	--	--	---	--

Үзіліс:

Саусақ ойыны: «Тасбақа»

Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, колмен орындау.

1.Тасбақа

Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

Фонетикалық жаттығулар

Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.

1.Баудағы кім?

Ара болсаң, ызыңда

3-3-3, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?

(3- 3-3) - қатты\жай

Психологиялық ойын:

Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»

Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Ойын шарты:

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.

Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



Аз қимылды ойын:

Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

Мақсаты: балаларға тез бұлтартып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

Ойын шарты:

Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.

Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

Ойынның ережесі:

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді.



2. Жыланның ысылы.
Жылан қалай дыбыстайды?
Ыс-с—ыс-сссс....



3. Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай:
«О...о...о!» деп таң қалды.



Шапшаң, епті кимылдауға жаттығады.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі

Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,-
Мақсаты ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету

Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме?
Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етеқбаев) ертегісін балаларға ұсынады.
Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.
Ертегі не туралы?
Жаңа сөздермен таныстыру.
– Мынау – сатушы. Са-ту-шы.
– Мынау кім?
– Мынау – сатушы.
– Сатушы нан сатады.
– Сатушы не істейді?
– Сатушы нан сатады.
– Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.

Қазақ тілі

Міндеті - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр
Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,

Ұнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.
– Балалар бұл ненің даусы?
Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да

Сөйлеуді дамыту

Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту
Мақсаты алған білімдерін пысықтау

Таңдаған ертегіні сахналау

Көркем әдебиет

Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
Мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру

Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету.
– Суреттен не көріп тұрсыңдар?
– Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы.
Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған.
– Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз.
Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.

Шығармашылық бейнелеу әрекеті

Міндеті: - Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету
- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау
-- ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию
- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу
Мақсаты-сырмақтың суретін салуүмүсіндеу, жапсыру, құрастыру

Топтық жұмыс

	<p>– Мынау кім? – Мынау – наубайшы. – Наубайшы нан пісіреді. – Наубайшы не пісіреді? – Наубайшы нан пісіреді. – Мынау – бидай. – Мынау не? – Мынау – бидай. – Мынау – диірменші. – Мынау кім? – Мынау – диірменші. – Диірменші бидайдан ұн жасайды. – Диірменші бидайдан не жасайды? – Диірменші бидайдан ұн жасайды. – Мынау – ұн.</p>	<p>басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай тағыс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырга, ешкіге, жылқыға шөп, су береді</p>		<p>Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Кііз үйдің пішіні қандай? Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Кііз үйдің пішіні қандай? !</p>	
--	---	--	--	---	--

Үзіліс:

Сюжетті - ролді ойын: «Тігінші»

Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Өнерім қол ұшында,

Боламын мен тігінші

Тігіншінің ішінде,

Бас бармақтай бірінші.

Ойын: «Дұрысын тап»

Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кесе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар.

Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.

Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?

Шаштараз не киеді?

Балалар белгілеп береді.

- Ендеше, сендер түсінген боларсындар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

Ойын: «Тігінші»

Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)

Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.

Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді.

Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.



Артикуляциялық жаттығулар:

Ойын: «Часы» «Сағат»

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• **«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді тандайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұту және тік көтеру Мақсаты Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.</p>	<p>Музыка Міндеті - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту Мақсаты . Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова) Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов) «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хорөвөдтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Мақсаты - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p>Баскетбол себетіне доп лақтыру. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын нық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Мақсаты Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ» Ойыншылар бірінші ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді. Өзін-өзі уқалау: «Балақан, қандай жақсы алақан!»</p>	<p>Музыка Міндеті - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру Мақсаты . Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова) Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов) «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хорөвөдтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
<p>Серуен</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №18 Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №19 Бақылау: Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №20 Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №21 Бақылау: Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №22 Бақылау: Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</p>

<p>алғашқы кезеңіне көңіл аудару);</p> <p>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;</p> <p>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз. <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сал-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлталар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде</i></p>	<p><i>мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</i></p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі <i>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққимге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жарара, іріңді ісікке, шиканға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шанишуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i></p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>) ◆ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>) ◆ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ◆ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (<i>олар бұрынғыдан да жасылдана түседі</i>) ◆ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>) ◆ Оны неге олай атаған? ◆ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? <p>Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .</p>	<p>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбеккорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүлкітей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Кұжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <p>Тәрбиеші сұрақтары.</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ◆ Зерттеу жұмысы 	<p>Бақылау барысы Көркем сөз. <i>А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жапырақтар сыбдырлап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Еңбеккорды аялайды, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ◆ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> ◆ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) ◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ◆ Жанбыр қандай температурада жауады? ◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). <p>Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: <i>кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>	<p>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>— Табиғатты сүйеу, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ◆ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ◆ Олардың қандай айырмашылығы бар? ◆ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ◆ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай? ◆ Оларды қалай күтесіңдер? ◆ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ◆ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ◆ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ◆ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ◆ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <p>Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). Мақсаты: — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
--	--	---	--	---

	<p>сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ◆ Бакбак гүлінің түрі қандай?? ◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ◆ Бакбактың қандай лақап аттары бар? ◆ Бакбакты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмыс: Бакбактың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>		<p>Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырסקалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i></p>		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Көктем мезгілінің белгілерін үйрету	Мақал-мәтел: Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт	Кхутем киім үлгілерін білуге үйрету	Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру	Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	<p>Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</p>	<p>Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.</p>	<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p>	<p>Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: —Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; —Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.</p>	<p>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ
 Мектепалды О «А» сыныбы
 Балалардың жасы 5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 29-30 сәуір, 1–3 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<p>Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. «Қимылды қайтала» жаттығуы Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: Жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бүгүлі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.</p>	<p>бірақ олар жетістікке жете алмады.Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар). Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз. Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады. Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын " Кім жылдам?» Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды.</p>		
---	--	--	--



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті - Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру Мақсаты сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру. Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру. – Балалар, мынау – аула. – Мынау не? – Мынау – аула. – Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады). – Аулада не болуы мүмкін? Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға</p>		<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Мақсаты - Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту. –Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсін. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. –Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті</p>		<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу --Құрылыс материалдарынан,</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с. Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады – Мынау – қаз. Қаз – үй құсы. – Мынау – ... (қаз). – Қаз қандай құс? – Қаз – үй құсы. – Аулада қаз бар. – Аулада не бар? – Аулада қаз бар. – Мынау – үйрек. Үй-рек. – Мынау не? – Мынау – үйрек. – Үйрек – үй құсы. – Үйрек қандай құс? – Үйрек – үй құсы. – Аулада үйрек бар. Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Балалар мәтінді қайталайды</p>		<p>жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: –Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бак ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. –Сондай дәмді! – деді Хамит. –Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды. 1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады? 2.Хамит атасынан не туралы сұрады? 3.Атасы осы кезде не деді? 4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді? 5.Көп жылдар өткен соң не болды? 6.Атасы Хамитті қайда әкелді? 7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</p>		<p>конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты- Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	--	--	--	--	---

Үзіліс:

Аз қимылды ойын:«Кім алысқа»
Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшандылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.

Ойын: «Әскери мамандықтар»
Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дөріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту.
Ойын барысы: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.
Шекарашы
 Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.
 С. Чертков
Ұшқыш
 Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.
 С. Чертков
Теңізші
 Теңізші кемеді жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі.
 С. Чертков
 Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады.
 Мысалы: шекарашы,барлаушы,теңізші,сарбаз, о-фи-

Қимылды ,еңбек ойын:
«Күзетшілер»
Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшандылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Ойын шарты: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері боладыЕкеуінің де көзі орамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын аяқастыра ұстап,қарама–қарсы «көпір» жасап тұрады. Басқа балалар бір–бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс.Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды.Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса,оған қолын тигізеді,яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі.Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады.Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.



Лабиринт




	цер.	Тәрбиеші: Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!	
--	------	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу</p> <p>Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Бірғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.</p> <p>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді</p>		<p>Дене шынықтыру Міндеті:. Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p>Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке бегі табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>		<p>Музыка Міндеті Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту - Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру (кір.07.05) Мақсаты Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) Көктем» (А. Жайымов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету</p>		<p>Мамыр Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Құмырсқаларды бақылау Мақсаты: Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;</p>		<p>Мамыр Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Найзағайды бақылау Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру;</p>

	<p>ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік той? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмысқер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>		<p>Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>) Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсындар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек. Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ♦ Олар өз илеулерін қайда салады? ♦ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)</p>		<p>Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркіреді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тоғы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тоғының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақышбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс</p>
--	---	--	--	--	--

			Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. Еңбек Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</i>		істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Альфия мен Заңғарға Қ дыбысына сөздер айтқызу		Санат пен Ерасылға заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту.		Айзереге пішіндер түрін жаттату.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады		Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақ саты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғ арымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға а деген қызығ ушылықтарын арттыру. Жаттығ у ойыны Қимылдарын дамыту. Мақ саты: Допты берілген бағ ытқа қарай оң жә не сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғ алыс координацияларын сақтау; Мақ ал-мә тел -Сә уір айы-су айы, Мамыр айы- гү л айы. -Кө ктемгі жауын артық болмас.		Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.		Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімніңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова мектебі

Мектепалды О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 13 – 17 мамыр 2023-2024 оқу жылы


Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
-------------	----------	----------	----------	----------	------

Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға (болады), Кешірімді болуға (болады), Қатыгез болуға (болмайды), Тәртіпті болуға (болады),	Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту	Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырындар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бербеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіндер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру	Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз</i> <i>Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жас); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i> Еңбек тапсырмасы:	Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма?</i> <i>Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.</i> <i>Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i> Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - -Буын туралы ұғымдарды	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу - Мақсаты Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау	Көркем әдебиет Міндеті . Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

	<p>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрін жоқ екен. Қайтып бетінді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қок!» – деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді.</p>	<p>дыбыстарды анықтау (кір.07.05) Мақсаты Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Буындармен жаттығулар. Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз». Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да (рига), Да (рия).</p>	<p>қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу (кір.09.05)</p> <p>Мақсаты Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады. Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасыңдар. Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын.... (бантик) т.б. Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина» – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп,</p>	<p>жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады. Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын. Қолданады: сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала</p>	<p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. –Аңызда нелер туралы айтылған? –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? –Екеуі қалай келіседі? –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?</p>	<p>Ойын: «Кәне, тауып көр» – Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді. Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ос-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-.</p>	<p>кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», -«ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.».</p>		
--	---	--	---	--	--

Үзіліс:

			<p>Ойын: « Масаны ұста» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді. Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады. Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек. Ұсыныс: Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса</p>
---	--	---	--

		байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.
--	--	---




2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: - «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу Мақсаты , Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау Күтілетін нәтижелер: жасайды: көктемнің белгілерін атап береді. түсінеді: табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін. қолданады: эксперименталдық жұмыстармен айналысу қабілеті қалыптасқан. Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.(кір.07.05) Мақсаты Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Күтілетін нәтижелер: меңгереді: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: заттардың салмағын өлшеу -Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру (кір.09.05) Мақсаты Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; Күтілетін нәтижелер: меңгереді: ауыр заттарды анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді; түсінеді: таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін; қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау Мақсаты Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту Күтілетін нәтижелер: меңгереді: иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды; түсінеді: таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын; қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату Мақсаты Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту Күтілетін нәтижелер: жасайды: ағаш түрлерін атап береді. түсінеді: қалалар мен ауылдарда неліктен ағаш егетінін түсінеді. қолданады: зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс Жасыл желек дегеніміз не? Педагог ойды қорытады: Төңірегімізде ағаштың көп</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» болады (жапырақты жасыл түске бояйтын хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың көлеміне байланысты. Адамдар сияқты ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауын- шашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар</p>	<p>білуді . «Жанды апта» дидактикалық ойыны 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. - Аптаның екінші күнін атаңыз. 10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. - Суреттерді қараңдар. - Бірінші суретте не бейнеленген? - Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші). Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.</p>	<p>табақта). – Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – (біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды. Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады? - Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз?</p>	<p>Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p>	<p>болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды. Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, қарағай) бір жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, қайың, қарағай, үйенкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады. Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен қоректенеді</p>		<p>Балалар сұхбатқа қатысады. Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді. Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек. Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік? Кішкентай текше қостық. Суретті қарауды сұрайды. Таразылар неге төмен түскен</p>		
--	---	--	--	--	--

Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар
«Кім көп таспа жинайды?»



		<p>1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ” Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу. Шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді. 2.Ойын:“Айна ” Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру. Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.</p> 
--	---	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.07.05) Мақсаты ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тактада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? – Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). – Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады. – Мынау – барыс. Мынау не? – Мынау – барыс. – Барыс жаттығулар жасады. – Барыс не істейді?</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу</p> <p>Мақсаты жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. – Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Монологты байланыстырып құра білу Мақсаты . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>Мақал-мәтел: Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей. Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады). Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек. «Қ» – қала, аққала, сандық. «М» – моншак, отырмын, өшірдім</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Жаз мезгілі несімен ұнайды? – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». – Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің. – Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлеңде не туралы айтылған? – Болашақта сен қандай болғың келеді? – Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбегінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты- балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>– Барыс жаттығулар жасады. – Мынау – борсық. Мынау не? – Мынау – борсық. – Борсық жаттығулар жасады. – Борсық не істеді? – Борсық жаттығулар жасады. – Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты</p>	<p>дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Балалар</p>			
--	---	--	--	--	--

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан» ойыны.

<p>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.</p>	<p>Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді.</p> 	<p>Ойын: «Табан балық және шортан» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.</p> 
---	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p>	<p>Музыка Міндеті: - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру Мақсаты Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p>	<p>. Дене шынықтыру Міндеті: - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Мақсаты Баскетбол ойыны қимылдарын;</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Кеуде тұсынан екі қолмен допты бір-біріне лақтыру Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Мақсаты . Талдау</p>	<p>Музыка Міндеті - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу Мақсаты Музыка арқылы балаларды</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>(кірікт.09.05) Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>	<p>Музыка тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын»«Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді</p> <p>«Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру. Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді</p>	<p>жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет) Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды</p>	<p>патриоттық сезімге тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалықаспаптаой нау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №10 Бақылау: Кемпіркосақты бақылау <i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосақ туралы түсініктерін қалыптас-</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №11 Бақылау: Найзағайды бақылау <i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №12 Бақылау: Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Топырақты бақылау <i>Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру .</i> Бақылау барысы</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Желді бақылау <i>Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту;</i></p>

 • сұрақтарға жауап беру, әңгімелей білу дағдыларын күнделікті өмірде **қолданады**.
 «Жайлау» тақырыбында демонстрациялық материалдардағы суретпен жұмыс. Жайлау – жазғы қоныс. Жайлауды суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Қазір де малшылар жазғы жайылымды жайлау ретінде пайдаланады, жайлауға көшеді. Қой, түйе, сиыр жайлауға шығарылады. Ата-бабаларымыз киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан, оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады. Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайық. Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп

	<p>Жасы үлкен әжей «шашу» шашып жатыр. Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді.</p>			<p>қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін ең қолайлы баспана. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300–400 келіге жуық. Бұл салмақты бір түйе еркін көтере алады. Кереге, шаңырақ, уық, сырқырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Соның ішінде кереге киіз үйдің негізгі қаңқасы болып есептеледі. Ол талдан, жіңішке қайыңнан жасалады. Қазақ халқы ерте кезден бастап мал бағып, өсірумен шұғылданған, сондықтан көшіп-қонып өмір сүрген. Әр жылдың ерекшелігіне қарай малды көбейтіп ұстауға жағдай жасаған. Жайлауды да таңдап, шөбі мен суы мол жерге барып қонған. Қысқы қыстауды өзен жағасына қамыс өскен, таулы қыраттар және орманды, мал боран соққан кезде ылғал таба алатын, қар астындағы шөпті тұяғымен аршып жеуге ыңғайлы жерге орналастыратын. Қазақтар өздерінің көшіп-қонуына аса жауапкершілікпен қараған</p>
--	---	--	--	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

<p>Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.</p> 	 		<p>Ойын: « Көбелектер бақалар» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Батпактың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.</p>  
---	--	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: Қазақ тіліндегі</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Бақылаулар мен</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</p>
---	---	---	--	---



<p>сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету</p> <p>Мақсаты өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету</p> <p>Арман мен Сәуле диалог жүргізеді.</p> <p>– Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ұ-рамын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лаймын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.</p> <p>Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.</p> <p>Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын).</p>	<p>таныстыру</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру</p> <p>Ойын: «Сикырлы қоржын». (Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.</p> <p>– Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған. – Тостаған неден жасалған? – Тостаған ағаштан жасалған. – Мынау – ожау. – Мынау не? – Мынау – ожау. – Мынау – ұлттық ыдыстар. – Мыналар – нелер? – Мынау – ұлттық ыдыстар.</p> <p>Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.</p> <p>– Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай? «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтындаршы. (Табак, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы: Менде тостаған. Сенде не?</p>	<p>суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p> <p>Мақсаты . Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.</p> <p>Ертегі: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады).</p> <p>Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: –Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті.</p> <p>Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпап қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.</p> <p>Қасқыр: –Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: –Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті</p>	<p>қойылымдарға қатысуға баулу</p> <p>Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.</p> <p>Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді? – Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.</p>	<p>Міндеті: -- Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік -Жапсырудың түрлі әдістерін қолдану (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру - Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден казак халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру</p> <p>Мақсаты сәукеленің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>	
---	--	---	--	---	--

Үзіліс: «. Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны

Артикуляциялық жаттығулар:
Балықтар
Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,



Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»
Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
Жасы: 5-6 жас аралығы
Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады,

<p>Әйтпесе жұтып қояды!</p>  <p>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсенділігін, икемділігін арттырады.</p>				<p>балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.</p> 
				

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу Мақсаты Қолбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады</p>	<p>Музыка Міндеті: - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт Мақсаты Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p>: Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Мендіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату Мақсаты - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p>. Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау. Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу Мақсаты Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p>«Ең сақ кім екен?» Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту. Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды.</p>	<p>Музыка Міндеті - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Мақсаты Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p>: Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Мендіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
<p>Серуен</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №3 Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау Мақсаты: — Бұталар туралы білімдерін молайту;</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №4 ♦ Бақылау: Тастарды бақылау Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Бақылау барысы</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау.</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы</p>	<p>Сәуір Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Сутоғанды бақылау Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</p>

	<p>— Бақылай, зерттей білу қабылдеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші әңгімесі: Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен кант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.</p> <p>Балаларға сұрақтар ◆ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ◆ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ◆ Мойыл жидектерінен не жасайды? ◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?</p> <p>Еңбек Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. <i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.</p> <p>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p>Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.</p> <p>*Балабақша ауласында, гимарат құрлысында тастар бар ма? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. <i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i></p>	<p><i>табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы.</i> <i>Көркем сөз. «Бұлт»</i> <i>Ө. Ақылбекұлы</i> <i>Бұлттың қайда тұрағы?</i> <i>Біле алмадым мұны әлі.</i> <i>Білерім көк аспанның,</i> <i>Бұлт-көшпелі бұлағы.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ◆Бұлт дегеніміз не? ◆Бұлттардың түсі қандай болады? ◆Бұлттар неден тұрады? (<i>сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.</i>) ◆ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (<i>түйдек бұлттар, иарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар</i>) ◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасан олардан таныс бейнелерді көруге болады) ◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ◆Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.</i></p>	<p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ◆ Желдің қандай түрлері болады? ◆ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ◆Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>) ◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды) ◆Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>	<p><i>Бақылау барысы</i> Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жағыпен жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау Еңбек Аулаңы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.</i></p>
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: сөздерді дұрыс айтуды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Өлең, тақпақтар жаттату	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ

					жаттату
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Бір тал кессең, он тал ек.	Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.	Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоқсыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) ҚММ мектебі**

Мектепалды **О «ә» сыныбы**

Балалардың жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **II-апта 08 –12 сәуір 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
-------------	----------	----------	----------	----------	------

Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін білдіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы» Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер, гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 11				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	«Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану Мақсаты: Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды. –Ертегіде нелер жайлы айтылған? –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? –Екеуі жолдан не көрді? –Қасқыр Түлкіге не деді? –Сонда Түлкі не дейді? –Ертегі қақпанға қайсысы түседі? –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе? –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырта 3–4 баладан сұрап шығады. Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суреттерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру Мақсаты: сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді. Қолданады: тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады</p> <p>«Берілген дыбысқа сөз ойла» ойын-жаттығуы – Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысылы: -ы- дыбысы сөз басында: ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б. -ы- сөз ортасында: маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қактығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б. -у- дыбысы кездесетін сөз: тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.) -ү- дыбысы кездесетін сөз: үтік, үміт,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. Түсінеді: дыбыстық талдау тәсілін. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» дидактикалық жаттығуы – Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.); -ә- (әгеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты: буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста» Педагог қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздерден жауап беру керек. 1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) 2. Сүйікті суыңның? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.) Ойын: «Дұрыс қос» Педагог тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты: әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойынды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады</p>

		<p>күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б. «Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы – Алақандарыңды үстелге қойындар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: дос, бейбітшілік</p>	<p>Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.); -м- (мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншак, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.). Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық» Педагог әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (бота, құлыншак, аю, мысық, мәшине). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді. Педагог балалардан сөйлемдегі сөздерді ретімен айтуға тапсырма береді. Мысалы, бірінші сөз – Мәлік, екінші сөз – ботамен, үшінші сөз – ойнады. Сөйлемнің сызбасын сызады</p>	<p>атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады. 1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант). 2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе). 3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос (асқабак, қызанақ). Педагог суреттерді дұрыс қосқан балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.</p>	
--	--	---	--	---	--

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Мысықтар мен балалар»

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Дауыстарын қайтала.

Аң біткенмен алысқан

Ақырады **арыстан:**

А-а-а-а-а-а

Нәзік дауысы қозының

Естіледі алыстан:

Мә-ә-ә-ә-ә

Дөңгелетіп аузыңды,

Жіңішкертіп даусыңды,

Бұзаумын деп ойла да,

Дауысын оның қайтала:

Мо—о-о-о

(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал)

Майлыаяқ.

Жайлау толы малды аяп,

Күзетіп жүр Майлыаяқ.

Жолатпайтын ешкімді,

Дауысы алыстан естілді:

(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р

«Тамақ жеймін ашпын д», -деп,

«Қорқып иттер қашсын», -еп,

Күжірейтіп желкесін

Ырылдады қасқыр кеп:

(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р

«Қорықпаймын сенен»,-деп,

«Сазайынды берем»,-деп,

Дірілдетіп қасқырды

Айбатын ит асырды:

(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р

«Мынау бәле екен» деп,

«Түбіме бұл жетер» деп,

Қорқып қасқыр жөнелді,

Қайтып келмес ол енді.

(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?

Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыңдар.)



Ойын: «Мысықтар мен балалар»

Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталаынады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет



<p>Қоршаған орта Міндеті белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу Мақсаты байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтиже : • байланыс құралдарын қызметін, оларды ажырата алуға арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • байланыс құралдарының жұмыс істеу ерекшеліктері мен маңызын; компьютердің пайдалы, зиянды жақтары туралы мәліметтерді түсінеді; • қазіргі заман технологиясына байланыс қолданыстағы байланыс құралдарын күнделікті өмірде қолданады.</p> <p>Педагог жұмбақтар жасырады . 1. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде. 2. Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде Естіп алар бір құлақ алыс елде . 3. Жазуы бар ақ парак қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. Жұмбақтың жауаптары: теледидар, телефон, газет. – Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алысжақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар ақпарат құралдары деп аталады. Балалар, қалай ойлансындар, алыс жердегі адамдар бірбірімен қалай хабарласады? – Алыс жердегі адамдар бір-бір-біріне хат жазады, телеграмма жібереді, телефонмен сөйлеседі. – Хатты қалай жібереді? (Педагогпен бірге талқылап, қортынды жасайды). – Пошта арқылы. – Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Теледидар, радио, газет және интернет арқылы білеміз. – Теледидар, радио, газет, интернет</p>	<p>Күтілетін нәтижелер менгереді: заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; түсінеді: термин мағынасын; заттардың орналасуын; қолданады: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.</p> <p>«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады. Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: -қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа Мақсаты кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер менгереді: заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; түсінеді: термин мағынасын; заттардың орналасуын; қолданады: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді</p> <p>Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс. Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта – сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету Мақсаты кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер менгереді: заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; түсінеді: термин мағынасын; заттардың орналасуын; қолданады: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді</p> <p>Педагог өткен оқу қызметіндегі «Сикырлы қозғалыстар» ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жүқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутқа көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту Мақсаты Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: балықтардың бірнеше түрін атап береді. түсінеді: балықтардың мінез-құлқының тіршілік ету ортасына тәуелділігін біледі. қолданады: коммуникативтік дағды</p> <p>Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді. Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүнгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, қурап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды.</p>
--	---	--	--	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Сылдырмақпен сылдырлат»

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары
«Жасыру» саусақ ойыны.
Ойын шарты: Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.



Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

<p>Қысқа қарандаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз. Ал енді, келесі қолға жасырамыз. Қарандашты қыса отырып, Алақанды ауыстырамыз. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады. «Салат» саусақ ойыны. Сәбізді алып тазалаймыз, (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз, (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз, (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді) Дәруменге байыған. (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді)</p> 		<p>Ойынның шарты: 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секірітіп /жіптен, текшелерден, шенберден өту, т.б./</p>
---	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сықырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сықырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сықырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сықырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не?</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.</p> <p>–Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнгерлеп оқып береді.</p> <p>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақов) –Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнгерлеп, интонациямен айту Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кино</p> <p>- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу</p> <p>Мақсаты-ұлудың суретін салу,мүсіндеуұжаспыру,құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	---	---	--	---

		– Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам. – Мынау – қант. – Мынау не? – Мынау – қант.	жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.	!	
--	--	---	--	---	--

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Көжектер» ойыны.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары
«Кіріп» жаттығуы
 Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)
 Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).
 Кіріп кетсе қолыңа,
 Өкпелеме жарайма!
Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.
Мақсаты : қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.
 А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.
 Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.
 В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.
 Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.



Ойын: «Көжектер»
Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.
Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру Мақсаты Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру</p> <p>«Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180° айнала қозғалып, бұрылады. «Тоннель». Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек. Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік</p>	<p>Музыка Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету Мақсаты : Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Дөпті екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Мақсаты - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.</p> <p>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сынғай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Дөпті екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Мақсаты 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.</p> <p>40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін</p>	<p>Музыка Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру Мақсаты Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету..</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>
--	---	---	---	---	--

	ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек			қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады		Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.		Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.		Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімніңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға (болады), Кешірімді болуға (болады), Қатыгез болуға (болмайды), Тәртіпті болуға (болады),	Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді киып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шандарын сұрту	Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру	Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз</i> <i>Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i> Еңбек тапсырмасы:	Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма?</i> <i>Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.</i> <i>Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i> Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты: . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанак екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті.</p> <p>Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрін жоқ екен. Қайтып бетінді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-ко-қок!» – деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді.</p> <p>Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. –Аңызда нелер туралы айтылған? –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? –Екеуі қалай келіседі? –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу Әкір.09.05) Мақсаты - Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Буындармен жаттығулар. Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен) – Балалар, шенберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз». Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(кыл) , да(уыс), Да (рига), Да (рия).</p> <p>Ойын: «Кәне, тауып көр» – Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіндер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді. Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ос-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - Мақсаты - Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады. Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар. Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (коян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншак), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (княр), ұзын... (бантик) т.б. Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина» – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырындар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», -«ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «ал.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.»</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу - Мақсаты - Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады. Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын. Қолданады: сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті . Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты - өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p>
Үзіліс:					



Ойын: « Масаны ұста»
Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: Ойнаушылар бір-бірінен қол созымай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді.
 Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады.
 Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек.
Ұсыныс: Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Міндеті: - «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу
Мақсаты , Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: көктемнің белгілерін атап береді.
түсінеді: табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін.
қолданады: эксперименталдық жұмыстармен айналысу қабілеті қалыптасқан.
Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.
 Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» болады (жапырақты жасыл түске бояйтын хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың көлеміне байланысты. Адамдар сияқты

Математика негіздері
Міндеті: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.
 -Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру
(кір.09.05)
Мақсаты Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;
түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; **қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді .
«Жанды апта» дидактикалық ойыны 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырмалар береді. - Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз. 10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. - Суреттерді қараңдар. - Бірінші суретте не бейнеленген? - Екінші суретте не бейнеленген?

Математика негіздері
Міндеті: заттардың салмағын өлшеу
Мақсаты Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: ауыр заттарды анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді;
түсінеді: таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін;
қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).
 – Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – (біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын



Математика негіздері
Міндеті: топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау
Мақсаты Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды;
түсінеді: таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;
қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді
Топтарға практикалық жұмыс.
 Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге оту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл

Қоршаған орта
Міндеті: - Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату
Мақсаты Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: ағаш түрлерін атап береді.
түсінеді: қалалар мен ауылдарда нәліктен ағаш егетінін түсінеді.
қолданады: зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс
Жасыл желек дегеніміз не?
 Педагог ойды қорытады: Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты нәліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды.
Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған

Математика негіздері
Міндеті: заттардың салмағын өлшеу
Мақсаты Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: ауыр заттарды анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді;
түсінеді: таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін;
қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).
 – Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – (біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын

	<p>ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауын- шашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, карагай) бір жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, қайың, карагай, үйеңкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады. Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен қоректенеді</p>	<p>(Үшінші, төртінші). Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.</p>	<p>қояды. Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады? -Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз? Балалар сұхбатқа қатысады. Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді. Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек. Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік? Кішкентай текше қостық. Суретті қарауды сұрайды. Таразылар неге төмен түскен</p>	<p>және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек- кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p>	<p>әсерімен, эмоцияларымен бөліседі.</p>
--	---	--	---	---	--

Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар «Кім көп таспа жинайды?»


	<p>1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ” Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшандыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу. Шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді. 2.Ойын:“Айна ” Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру. Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.</p> 
--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.07.05) Мақсаты ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу Мақсаты жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді?</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Монологты байланыстырып құра білу Мақсаты . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру Мақал-мәтел: Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей. Дидактикалық ойын:</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлен оқуға дағдыландыру. Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне</p>
--	--	---	--	--	--

<p>түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының толтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? – Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). – Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог кима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады. – Мынау – барыс. Мынау не? – Мынау – барыс. – Барыс жаттығулар жасады. – Барыс не істейді? – Барыс жаттығулар жасады. – Мынау – борсық. Мынау не? – Мынау – борсық. – Борсық жаттығулар жасады. – Борсық не істеді? – Борсық жаттығулар жасады. – Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты</p>	<p>– Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. – Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Балалар</p>	<p>«Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады). Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек. «Қ» – қала, аққала, сандық. «М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p>	<p>– Жаз мезгілі несімен ұнайды? – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». – Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің. – Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлеңде не туралы айтылған? – Болашақта сен қандай болғың келеді? – Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</p>	<p>қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты- балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	--	--	--	--

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан» ойыны.

<p>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істемей. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.</p>	<p>Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы мольнан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сен келеді, Сегіз серке тең келеді.</p> 	<p>Ойын: «Табан балық және шортан» Мақсаты: балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шенбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанатын.</p>
---	--	--



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Міндеті: Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). (кірікт.09.05) Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>	<p>Музыка Міндеті: - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру Мақсаты Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын»)«Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Мақсаты Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді</p> <p>«Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру. Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшағындай етіп мөлшерлейді</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Кеуде тұсынан екі қолмен допты бір-біріне лақтыру Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Мақсаты . Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет) Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды</p>	<p>Музыка Міндеті - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу Мақсаты Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (ұнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалықаспаптаойнау: «Құлыншак» (С. Урбах)</p>	
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
<p>Серуен</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №10 Бақылау: Кемпіркосақты бақылау Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосақ)</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №11 Бақылау: Найзағайды бақылау Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады.</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №12 Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбеккорды аялайды,</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Топырақты бақылау Мақсаты: <i>торф топырағының қыртысымен таныстыру</i> . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: - <i>жел туралы түсініктерін бекіту;</i> - <i>жел түрлерін есте сақтау.</i> Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел)</p>

	<p>Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпіркосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпіркосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпіркосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпіркосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ◆ Кемпіркосақ қай уақытта пайда болады ? I ◆ Ол қай уақытта жоғалады? ◆ Кемпіркосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпіркосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын коқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<p>Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсақалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p>	<p>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік той? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсақ) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсақ</i>). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсақ) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсақалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Аланды коқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>өтсең, ол аяккіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тынайтың ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i></p>	<p>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызғады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>) ◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды) ◆ Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флогердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>«Бақыт деген не өзі?» Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағын. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемні жаттау</p>	<p>Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі жаттату</p>	<p>Санат пен Ерасылға түстерді атап айту.</p>	<p>Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.</p>	<p>Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпіркосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</p>	<p>Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</p>	<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Елгілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</p>	<p>Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.</p>	<p>Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір- біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Балтабай Адамбаев тірек орта мектебі

Мектепалды О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1V-апта 20 – 24 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	«Құмырсқа» өлеңі Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Қойды допты орнына. Онға, солға қарады, Үлкен тау деп ойлады. Мақсаты: Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру.	<i>Құмырсқа» өлеңі</i> <i>Ұзын мұртты құмырсқа,</i> <i>Келе жатты жұмысқа.</i> <i>Алды допты қолына,</i> <i>Қойды допты орнына.</i> <i>Онға, солға қарады,</i> <i>Үлкен тау деп ойлады.</i> <i>Мақсаты: Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру</i>	. «Армысыз!» Армысыз,қайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!	. «Армысыз!» Армысыз,қайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!	. «Армысыз!» Армысыз,қайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру Мақсаты Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру –Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. –Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды.	Сауат ашу негіздері Міндеті: - сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру Мақсаты . сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - Мақсаты сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды.	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру Мақсаты сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды. Түсінеді: сөйлемнің сөздерден	Көркем әдебиет Міндеті . Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру Мақсаты театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады.

	<p>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>– Балалар, мынау – аула. – Мынау не? – Мынау – аула. – Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады). – Аулада не болуы мүмкін? Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.</p> <p>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады</p> <p>– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы. – Мынау – ... (қаз). – Қаз қандай құс? – Қаз – үй құсы. – Аулада қаз бар. – Аулада не бар? – Аулада қаз бар. – Мынау – үйрек. Үй-рек. – Мынау не? – Мынау – үйрек. – Үйрек – үй құсы. – Үйрек қандай құс? – Үйрек – үй құсы. – Аулада үйрек бар. Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Балалар мәгінді қайталайды</p>		<p>сендер мұқият тыңдаңдар: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсін. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. –Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: –Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. –Сондай дәмді! – деді Хамит. –Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды. 1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады? 2.Хамит атасынан не туралы сұрады? 3.Атасы осы кезде не деді? 4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді? 5.Көп жылдар өткен соң не болды 6.Атасы Хамитті қайда әкелді? 7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</p>		<p>және жінішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу --Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты- Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	---	--	--	--	---

Үзіліс:

<p>Аз қимылды ойын:«Кім алысқа» Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.</p>	<p>Ойын: «Әскери мамандықтар» Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын , елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту,іскерліктерін дамыту. Ойын барысы: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады. Шекарашы Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді. С. Чертков Ұшқыш</p>	<p>Қимылды ,еңбек ойын: «Күзетшілер» Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады.Екеуінің де көзі орнамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап,қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады. Басқа балалар бір-бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы</p>	 <p>Лабиринт</p>
--	--	---	--

	<p>Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады. С. Чертков</p> <p>Теңізші Теңізші кемеді жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі. С. Чертков</p> <p>Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, офицер.</p>	<p>білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі. Тәрбиеші: Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарығыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!</p>	
---	---	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрету</p> <p>Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Бірғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.</p> <p>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді</p>			<p>Дене шынықтыру Міндеті: Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>		<p>Музыка Міндеті Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту</p> <p>- Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру (кір.07.05) Мақсаты Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыка тындау: «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) Көктем» (А. Жайымов) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>		<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>		<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

<p>Серуен</p>	<p>Мамыр Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б.</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа.</i>) Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды?</p>		<p>Мамыр Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Құмырсқаларды бақылау Мақсаты: Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>) Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқанын</p>		<p>Мамыр Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Найзағайды бақылау Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы</p>
----------------------	---	--	---	--	--

	<p>(құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>		<p>илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек. Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ◆ Олар өз илеулерін қайда салады? ◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. Еңбек Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p>		<p>жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>		<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>Альфия мен Заңғарға Қ дыбысына сөздер айтқызу</p>		<p>Санат пен Ерасылға заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту.</p>	<p>Айзереге пішіндер түрін жаттату.</p>	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p>		<p>Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа</p>	<p>Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа</p>	

			<p>қызығ ушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.</p>		<p>қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата –ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ(РО) КММ мектебі

Мектепалды О «Ә» сыныбы



Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі III-апта 13 – 17 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінзді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға (болады), Кешірімді болуға	Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шандарын сүрту	Ойын: «Мейірімділік жібi» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырындар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.	Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын,</i>	Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік</i>

	(болады), Қатыгез болуға (болмайды), Тәртіпті болуға (болады),		Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру	тапқырлығын дамыту. Еңбек тапсырмасы:	әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап- күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» – деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау (кір.07.05) Мақсаты Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Буындармен жаттығулар. Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады. Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз». Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу (кір.09.05)</p> <p>Мақсаты Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады. Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар. Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл.... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ...</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу - Мақсаты Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады. Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын. Қолданады: сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті . Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің? 3. Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p>

	<p>тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. –Аңызда нелер туралы айтылған? –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? –Екеуі қалай келіседі? –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?</p>	<p>келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те - (геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(кыл) , да(уыс), Да (риға), Да (рия). Ойын: «Кәне, тауып көр» – Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарындағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді. Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ос- , қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша- , ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-</p>	<p>(тамақ), кара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншак), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик) т.б. Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина» – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.»</p>	<p>дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала</p>	
Үзіліс:					



Ойын: « Масаны ұста»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым», - дейді.

Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады.

Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек.

Ұсыныс: Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта

Міндеті: - «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жанбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу

Мақсаты , Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау

Күтілетін нәтижелер:
жасайды: көктемнің белгілерін атап береді.
түсінеді: табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін.

қолданады: эксперименталдық жұмыстармен айналысу қабілеті қалыптасқан.

Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.

Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» болады (жапырақты жасыл түске бояйтын

Математика негіздері

Міндеті: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.

- Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. **(кір.07.05)**
Мақсаты Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту

Күтілетін нәтижелер:
менгереді: «кеше, бүгін, ертен» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;
түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;
қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді

. **«Жанды апта» дидактикалық ойыны** 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар

Математика негіздері

Міндеті: заттардың салмағын өлшеу -Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру **(кір.09.05)**

Мақсаты Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: ауыр заттарды анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді;

түсінеді: таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін;
қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).

– Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар

Математика негіздері

Міндеті: топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау
Мақсаты Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту

Күтілетін нәтижелер:
менгереді: иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды;
түсінеді: таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;
қолданады: таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді

Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір

Қоршаған орта

Міндеті: - Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату

Мақсаты Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту

Күтілетін нәтижелер:
жасайды: ағаш түрлерін атап береді.

түсінеді: қалалар мен ауылдарда нәліктен ағаш егетінін түсінеді.
қолданады: зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс

Жасыл желек дегеніміз не?

Педагог ойды қорытады: Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер

	<p>хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың көлеміне байланысты. Адамдар сияқты ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауын-шашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, қарағай) бір жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, қайың, қарағай, үйеңкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады. Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен қоректенеді</p>	<p>таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз. 10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. - Суреттерді қарандар. - Бірінші суретте не бейнеленген? - Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші). Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.</p>	<p>жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – (біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды. Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады? -Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз? Балалар сұхбатқа қатысады. Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді. Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек. Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік? Кішкентай текше қостық. Суретті қарауды сұрайды. Таразылар неге төмен түскен</p>	<p>затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p>	<p>біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды. Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі.</p>
--	--	---	--	--	--



Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар

«Кім көп таспа жинайды?»



1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды?”

Максаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене



		<p>кимвлдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшандыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам кимвлдауға тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.</p> <p>2.Ойын:“Айна ”</p> <p>Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене кимвлдарын жетілдіру.</p> <p>Шарты:Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі кимвлдар жасайды. «Айна – бала» сол кимвлдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div>
--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.07.05) Мақсаты ертегі арқылы сынын, кимвлын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? – Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). – Ертегідегі ұй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады. – Мынау – барыс. Мынау не? – Мынау – барыс. – Барыс жаттығулар жасады. – Барыс не істейді? – Барыс жаттығулар жасады.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу</p> <p>Мақсаты жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Көктемде құстар келеді. – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. Мынау не? – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. – Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Монологты байланыстырып құра білу Мақсаты . . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>Мақал-мәтел: Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей. Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады). Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек. «Қ» – қала, аққала, сандық. «М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнгерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы мәнгерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Жаз мезгілі несімен ұнайды? – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». – Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің. – Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлеңде не туралы айтылған? – Болашақта сен қандай болғың келеді? – Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты- балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	--	---	---	--

	<p>– Мынау – борсык. Мынау не? – Мынау – борсык. – Борсык жаттыгулар жасады. – Борсык не істеді? – Борсык жаттыгулар жасады. – Кар барысы мен борсык жарыска катысты</p>	Балалар			
--	--	---------	--	--	--

Үзіліс: Секіруге арналган ойындар «Табан балық және шортан» ойыны.

<p>Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналган Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттыгуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.</p>	<p>Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді.</p> 	<p>Ойын: «Табан балық және шортан» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.</p> 
--	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). (кірікт.09.05) Мақсаты . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту «Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары</p>	<p>Музыка Міндеті: - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру Мақсаты Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру Музыка тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын») «Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан»</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Мақсаты Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді «Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Мақсаты . Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)</p>	<p>Музыка Міндеті - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу Мақсаты Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық</p>
--	---	--	---	---	---

	көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек	(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді	Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды	қимылдар: «Женіс күні» Б. Бейсенова (ұнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалықаспаптаойнау: «Құлыншак» (С. Урбах)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Мамыр Серуен-Бақылау №10 Бақылау: Кемпірқосақты бақылау <i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті	Мамыр Серуен-Бақылау №11 Бақылау: Найзағайды бақылау <i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от камшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)	Мамыр Серуен-Бақылау №12 Бақылау: Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)	Мамыр Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Топырақты бақылау <i>Мақсаты:</i> <i>торф топырағының қыртысымен таныстыру</i> . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек	Мамыр Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Желді бақылау <i>Мақсаты:</i> <i>- жел туралы түсініктерін бекіту;</i> <i>- жел түрлерін есте сақтау.</i> Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызды: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен

	<p>Қоршаған орта Міндеті: -- Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру. Мақсаты: - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру - . Күтілетін нәтижелер: жасайды: жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады. түсінеді: адам қолымен жасалған заттарды атап береді; жанды және жансыз заттарды бір- бірінен ажырата алады. қолданады: жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді; заттарды мақсатына сай пайдаланады; бақылау, еңбек және тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше анықтай алады</p> <p>топтың жұмысын қағазды зерттеу бағытында ұйымдастырады. Қағаздың қасиеттерін зерттейді: оны қолмен ұстап, қайшымен қиып көреді, суға салады. Содан соңның қасиеттерін атап көрсетеді. Төмендегідей қорытынды шағарады: Қағаз құрылымына қарай жұқа және қалың болып бөлінеді. Қағаз мықты және әлсіз. Қағаз суға еріп кетеді. Қағазды қайшымен қиюға немесе қолмен жыртуға болады. Қағаздан түрлі заттар жасауға болады.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту; заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Мақсаты:- кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4</p>	<p>Математика негіздері Міндеті:- Кеңістік туралы түсініктерді бекіту; заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Мақсаты: - кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды Топтық жұмыс. Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды 1-тапсырма. Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. – Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан? 2-тапсырма. Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Педагог балаларға терминдерді қолдануды</p>	<p>Математика негіздері Міндеті:- Кеңістік туралы түсініктерді бекіту; заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Мақсаты:-- кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды</p> <p>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды. «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті:- Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату Мақсаты:- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау Күтілетін нәтижелер: жасайды: күз мезгілінің белгілерін атап көрсетеді. түсінеді: себеп-салдар байланысын болатынды; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі. қолданады: алған тәжірибесін күнделікті өмірде пайдалана біледі (маусымға сай киінеді және т.б.</p> <p>Балаларды балабақша аумағындағы экскурсия кезінде проблема іздеуге және оны зерттеуге бағыттау. Педагогтің жапырағы селдіреп, көбірек түскен ағаш пеп жапырағы көп түспеген ағашты табу туралы ұсынысын орындайды. Ағаштардың атауын атайды және оны қандай белгілеріне қарап анықтағанын айтады. Экскурсия кезінде балалардың назарын күзгі табиғаттың сұлулығына, ағаш жапырақтарының біртіндеп азайғанына, жәндіктердің жасырынып қалғанына</p> <p>құстардың топталып, оңтүстікке ұшып кетуге қамданып жатқанына аударады. Балаларға ауа райындағы өзгерістер мен өсімдіктердің қазіргі жағдайы арасындағы өзара байланысты (күн сәулесі түсетін уақыттың қысқаруы, ауа температурасының төмендеуі) түсіндіреді. Құстардың дауысы, шегірткелердің шырылы, ара мен шыбынның ызыңдағаны естілмей, айнала тыныштала бастағанына назар аудартады. Балалар ең әдемі, түрлі түсті жапырақтарды жинайды, оларды көлеміне, пішініне, бояуына қарай салыстырады, жапырақтардың қандай ағаштардан түскенін айтады. Егер жиналған жапырақтардың арасында (желмен ұшып келген) өзгеше</p>
--	---	---	--	---	--

		рет қайталанады.	үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында		жапырақтар болса олардың бұл жерге қалай келгенін айтып береді. Желдің күшін желбаққыш (флюгер) арқылы анықтайды. Балалардан құстардың тіршілігінде қандай өзгерістер болып жатқанын, олардың неліктен жылы жақтарға ұшып кетуі керектігін сұрайды (жыл мезгілімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістердің бір-бірімен байланысын ұғындыру үшін). Балаларға күн суытып, өсімдіктердің қурайтынын, жәндіктердің жасырынып қалатынын, тұқым мен жемістердің азаятынын, сол себепті, алдымен жәндіктермен қоректенетін құстар, кейін тұқыммен және жемістермен қоректенетін құстар ұшып кететінін, бәрінің соңынан суда жүзетін құстардың жылы жаққа кететінін түсіндіреміз
--	--	------------------	--	--	---

Үзіліс: **Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»**

<p align="center">Тілді жаттықтыратын тақпақ</p> <p>Кім келді? Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз! Апа, апа бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Әке, әке бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Ағатайым бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Қарындасым бұл сен бе? Иә, иә, иә! Біздер тату жан ұя Иә, иә, иә!</p>		<p>Ойын: «Айдаһардың құйрығы» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</p>
---	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты: - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. Қолданады: сөйлемдер</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: - Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру Мақсаты: - Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттыулар жасау Мақсаты: - Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару Мақсаты: - Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: мақалдың мағынасын айтады -Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең сендерге ұнады ма? – Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Өлең не туралы?</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: -тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беру --тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беру - шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу - Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету Мақсаты: - күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру.</p>
--	--	--	--	---

<p>құрайды, сұрақтарға жауап береді. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, кима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді</p>	<p>Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. Қолданады: сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.</p>	<p>Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ -балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: I .Тебіншек ат – шегіншек. Шегіншек ат – тебіншек</p>	<p>– Өлеңді тыңдағанда сенде қандай көңіл күй пайда болды? – Бүгін қандай мереке деп ойлайсың? – Мерекеде кімді құттықтайсың</p>	<p>- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу Топтық жұмыс: Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Күз Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.</p>
---	---	---	--	---

Үзіліс : Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа» ойыны

<p>«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты:Қасиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады. Көрнекіліктер:қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.</p> 	<p align="center">Тірі және өлі табиғат</p>  	<p>Ойын: «Жер,су,ауа» Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу. Көрнекіліктер:асық Шарты:балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Білі бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.</p>
---	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Міндеті. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін Мақсаты: - Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін Күтілетін нәтижелер: Жасайды:</p>	<p>Музыка Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Мақсаты: - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу бии» (чех халық әуені)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Мақсаты:- Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру керектігін үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жалпы дамыту жаттығуларын, пашырап жүруді, «Өз-өзіңе кел» психологиялық- қозғалыс жаттығуын; Түсінеді:тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру Мақсаты:- Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыканың сипатын бейнеліп мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру Мақсаты:- Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов)</p>
--	---	---	---	--

	<p>«Ине-жіп» жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.</p> <p>Түсінеді: спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін</p> <p>Қолданады: баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын</p> <p>«Мұқият бол» ойын жаттығуы.</p> <p>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).</p> <p>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p>Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>болатындығын; Қолданады: екі аяқпен қалай секіру керектігін</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</p> <p>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p>және сыртқы қырымен жүру</p> <p>Түсінеді: баяу жүргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін.</p> <p>Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін</p> <p>Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сықырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Картотека №2 Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. Жеке жұмыс: Балалармен мысық туралы өлең жаттау. Мысық сүтке тойды Көзін қысып қойды Өндетіп бір баяу</p>	<p>Картотека №3 Мектеп ауласындағы құстарды бақылау Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын атату және қимыл-қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын таңдау. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жем салғышқа,</p>	<p>Картотека №4 Күз мезгілінде желді бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. Мақсаты: Өз ойын алаңдарын таза, жинақы ұстауға үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Такпақ оқу. «Желді күн» (Ж. Смаков)</p>	<p>Картотека №5 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан кикымын салу.</p>	<p>Картотека №6 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау.</p>

	<p>Дейді мияу, мияу, мияу. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық», «Кім тез жетеді?» Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ, Тышқан ұстау талабы. Сылдыр етсе жапырақ, Дереву бұға қалады.</p>	<p>үлкендердің көмегімен құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Мақсаты: Қыс мезгілінде құстарға қамқорлықтың өте қажеттігін ұғындыру. Құстарды үркітпей қамқорлауға үйрету. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» (жүгіру) Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен, ойын ережесін бұлжытпай орындау. Көркем сөз: «Міне торғай, Үйін қорғай, Жер бауырлап зырлай Шырқап биік, күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды.»</p>	<p>қуды «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт Жел соққан соң Жұлқынды» Қимылды ойындар: «Күн мен түн» (жүгіру) Мақсаты: Жүгіру, секіру, мергендік қабілет-терін дамыту.</p>	<p>Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орыңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу.</p>	<p>Мақсаты: Өз алдына еңбектену білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел» туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гүлдеп болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып»</p>
Серуеннен оралу	Ішке кіру				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Ернұрға дыбыстың айтылуын жаттықтыру</p>	<p>Көзайым мен Алуаға заттардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.</p>	<p>«Құмырсқа» Ертегіні таныстыра отырып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Мединаға қағаздан түрлі геометриялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету.</p>	<p>Балаларға шығармашылық саласы бойынша топтасып ой-қиялдарымен ермексизден жануарлар мүсіндеуді үйрету</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Ойын: «Керсінше айт» «Бір сөзбен ата» (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ойын: «Жазылмай қалған сандарды ата» «Орындықтар» (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Дойын: «Сикырлы суреттер» «Қай қолымда көп» (құрастыру, матем. енгіздері)</p>	<p>Ойын: «Ұзын-қысқа» «Кім епті» (Сөйлеуді дамыту, матем. негіздері)</p>	<p>Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ
 Балалардың жасы 5 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 11 - 15 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер» Мақсаты: Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.	Д/ойын: «Кері айт» Мақсаты: мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Үстел- үсті ойын: «Паздарды құрастырамыз» Мақсаты: конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын: «Көліктерді ата» Мақсаты: балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен балабақша туралы әңгімелесу.	Фотосуреттер қарастыру «Сүйікті ойыншықтарым ». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау.	Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі».	Құрылыс ойындары «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 2				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мнемосхемамен «Көліктер» К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.	«Көңілдімін» Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көліктің дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін,айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн	«Зу-зу етіп көшеде» Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.	«Көлік жүйрік шықты алға» Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.	«Бип-бип-бип дейді» Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Мақсаты: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама	Сауат ашу негіздері Міндеті : Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді атайды, мағынасын түсінді. Түсінеді: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді.	Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Мақсаты: - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді атайды, мағынасын түсінді. Түсінеді: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді. Қолданады: дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға	Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты: «дыбыс», «сөз» туралы білімдерін бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді. Түсінеді: сөз заттардың	Көркем әдебиет Міндеті: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату - Күтілетін нәтижелер: Жасайды:

<p>сөзбен айтады; Түсінеді :досына деген адалдықты, сенімділікті; Қолданады: бір-біріне қол ұшын бере білуді.</p> <p>Үнтаспадан Б.Самединованың орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк</p>	<p>Қолданады: дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді Педагог балаларға ымен «отырындар», «сөйлемдер», «тыныштальындар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру</p> <p>–Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тіктөртбұрышпен белгілейміз. Педагог сөз сызбасын тақтаға жазып немесе сызбасы сызылған көрнекілікті тақтаға іліп, көрсетіп, түсіндіреді</p> <p style="text-align: center;">□</p> <p>«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т</p>	<p>толық жауап береді Педагог балаларға ымен «отырындар», «сөйлемдер», «тыныштальындар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей ишарамен түсіндіру</p> <p>«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу, шапалақтау, бір орында жүру т.б. Дәптермен жұмыс 1.Суретке кара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. 2.Суреттерге кара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.</p>	<p>атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін біледі. Қолданады: берілген дыбысқа сөз ойлап айтады «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишқадан беріп отырады). Мысалы айтылатын сөздер: алма, алақан, алмұрт,ананас, алша, автобус, ақула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б. Ойын соңында көп фишқа жинаған жеңімпаз анықталады</p>	<p>әдеби жанрларды ажыратады; әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын және еңбектің не екенін; Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, әңгімені айтып бере алады</p> <p>– «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды? «Көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді». Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады Мақалды жаттап ал. Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның. Балалар педагогтің жетелеуімен еңбек еткен адамның өсіргені балдан да тәтті екенін түсінеді</p>
--	---	--	---	---

Үзіліс

<p>Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» Шарты:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. Дыбыстық жаттығу Дан-дан-дан-манадан, Дан-дан-дан-шанадан, Ем-ем-ем– мінгізем. Ем-ем-ем – жүргізем.</p>	<p style="text-align: center;">ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ</p> <p>Олар 4 топқа бөлінеді: Ескертуші белгілер (алдағы қауіп туралы ақпарат береді)</p>  <p>Тыйым салушы белгілер (белгілерде көрсетілген бейнелердің жүруіне тыйым салады)</p>  <p>Сілтеуші белгілер (адамға қажетті нысанның қайда екенін көрсетеді)</p> 	<p>Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер. Ойын шарты: 1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. 2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. 3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.</p>
---	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған ортамен танысу Міндеті : Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу Мақсаты: - отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту Күтілетін нәтиже:</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: -- «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру Мақсаты: -заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру Мақсаты: - заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру Мақсаты: - заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру Мақсаты: - заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Міндеті: - - Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек ету дағдыларды игеруге ықпал ету Мақсаты: - : Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек</p>
--	---	--	--	---	--

	<ul style="list-style-type: none"> • өз отбасы туралы әңгімелеуге байланысты тапсырмаларды орындайды/жасайды; • отбасы мүшелері арасындағы байланысын түсінеді; • өз отбасы туралы алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады. <p>Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. – Ал тату болу үшін не істеу керек? – Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. – Бір-біріне көмектесу керек</p> <p>«Кім қалай жақын» ойыны. – Атаңның саған қандай жақындығы бар? – Әкемнің әкесі. – Әжелеріңнің сендерге қандай жақындығы бар? – Әкемнің анасы. – Сен оларға кім боласың? – Немере. – Сіңлің (қарындасың) сенің әкеңе кім болады? – Қызы. – Сен әкеңе кім боласың? – Баласы.</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды; түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын; қолданады: заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды</p> <p>Педагог суретті қарауға ұсынады. Балалар суретті қарайды. Суретте не бейнеленгенін айтады. – Дүкенде неше ойыншық бар? (Көп.) – Суреттегі қандай ойыншықтарды біреу деп айтуға болады? – Қандай ойыншықтар бірнешеу? – Түстері әртүрлі, бірақ бірдей ойыншықтар бар ма? Балалар суретті қарап, бір-бірден тұрған ойыншықтарды табады: бір ракета, бір гитара, бір аю, бір керік және т. б. Көп ойыншықтар мәшинелер, қуыршақтар, текшелер және т. б. Балалар сөйлеу барысында «біреу», «көп», «бірнеше» сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: мәшинелер көп, қайық біреу. «Алаңдамай жалғастыр» дидактикалық ойыны Педагог ойын шартын түсіндіреді: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтаңдар, егер «бір» деп айту керек болса, алақанды соғыңдар, «бір» деп айтыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтыңдар. – Аспанда жұлдыздар... (Көп.) – Аспанда ай ... (Біреу.) – Адамда ана ... (Біреу.) – Мұхитта балық ... (Көп.) – Егістікте бидай ... (Көп.) – Аспанда күн ... (Біреу.)</p>	<p>қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды; түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын; қолданады: заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды</p> <p>Топтағы практикалық жұмыс Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс ұсынуға болады. Әрбір үстелге көп қарындаштарды (таяқшалар және басқалары) қояды. – Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп.) – Қанша қызыл қарындаш бар? (Біреу.) – «Біреу» сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қойыңдар. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. – Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? Осы ойыншықтарды қоршап сызыңдар. Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде «бірнеше» немесе «көп», «біреу» сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды. Балалар түстері бірдей ойыншықтарды атайды</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды; түсінеді: «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын; қолданады: заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды</p> <p>Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атандар» Айналасынан қандай заттардың көп екенін (орындықтар, үстелдер, қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады. Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды. Педагог 3-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. – Суреттегі бант қандай түске боялған? (Қызыл.) Бір сыйлықты таңдап, банттиң түсіндей түске бояйды. Қанша қорап бояусыз қалды? – Онда не болуы мүмкін? – Сыйлыққа қандай ойыншық алғыңыз келеді? Әр бала бір қорапты таңдап, оны бояйды.</p>	<p>ету дағдыларды игеруге ықпал ету . Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мектеп ызметкерлері туралы әңгімелейды, сандар арқылы интербелсенді тақтадан тапсырмаларды орындайды/жасайды; • мектеп мамандары балалар үшін жұмыс жасайтынын түсінеді; • мектеп мамандарының қайсысы қандай жұмыспен айналысатынын туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады <p>«Қажетті құралдарды жина» ойыны (Үстелде әртүрлі заттар шашылып жатады, соның ішінен мейірбикеге қажетті құралдарды жинап, сөмкеге салу қажет). – Балалар, мейірбике асығып жүріп құралдарын шашып алыпты, оның медициналық сөмкесін жинауға көмектесулеріңізді сұрайды. Біз сізге көмектесеміз бе? Балалар үстелге келіп, мейірбикенің сөмкесіне медициналық құралдарды жинайды. – Барлығың дұрыс жинадыңдар ма, тексерейік, әр құралға ат қоямыз. Балалар әр медициналық құралдың атын атайды, не үшін қажет екенін анықтайды. – Жарайсыңдар! Мейірбике сендерге өте риза болады деп ойлаймын. Еркін, зырылдауықты айналдыр. Қандай цифр? Цифрға сәйкес тақтадан суреттер пайда болады: кіржуғыш мәшине, жаюлы кірлер, сабын, кір жуғыш ұнтақ т.б. – Балалар, біз қандай бөлмеге келдік? – Осы заттармен жұмыс жасайтын адамның мамандығын атаңдар. (Балалар өзара сөйлесіп, мамандық иесі – балабақшадағы кір жуушысы ... апай екенін табады). Слайдтан бейнебаян арқылы кір жуушы апай сөйлейді: «Балалар, балабақшадағы көрпе жаймаларын, төсеніштерді, сүлгілерді, барлық есік, терезе перделерін, аспаз мейірбике киетін халаттар т.б. заттарды тазартып, жуу – менің жұмысым</p> <p>«Не үшін керек?» ойыны Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы.</p>
Үзіліс					

Сюжетті - ролді ойын:

«Кім үздік жүргінші?»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Корнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте суретке көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.




Саусақ ойындары

Ойын: «Қозылар»

Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, колмен орындау.

Тіл дамыту жаттығуы

Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,
Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,
Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,
Қозыларды мен жақсы көрем,
Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,
Қопарды да өзі сурет салды,
Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,
Қозыларды мен жақсы көрем,
Мына қозы ортаға тұрам деп,
Бүкіл ағаларын итеріп тастады.




Саусақ ойыны: «Құрттар»

Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.

Тіл дамыту жаттығуы

1,2,3,4,5
Құрттар серуенге жүрді,
Бір уақытта қарға алдарынан шықты,
Басын шайқап иіле,
-Менің түскі асым- деп,
Енді қараса құрттар жоқ.



Психологиялық ойын:

Ойын: «Сәлемдесу» жаттығуы.

Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.

Ойын шарты: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.



Аз қимылды ойын:

Ойын: «Кеме»


Мақсаты: Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Қажетті атрибуттар: ағаштан жасалынған кемелің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.

Ойын шарты: Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады.

Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.

Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі

Міндеті: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу
Мақсаты: -мектепке не үшін баратынын әңгімелеп айтып беру
Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді атайды, сөйлемдерді құрастырады, тақпақ жаттайды, қайталайды. Түсінеді: сұрақтарды түсінеді. Қолданады: шағын

Қазақ тілі

Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).
Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).
Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.

Сөйлеуді дамыту

Міндеті: - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану
Мақсаты: - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту
Күтілетін нәтиже: Жасайды:суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады;
Түсінеді: :досына деген

Көркем әдебиет

Міндеті: сөз өнеріне баулу,жаңылтпаш айту
Мақсаты: . сөз өнеріне баулу,жаңылтпаш айту Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру
Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады; әңгімені мазмұндайды;
Түсінеді: әңгіменің мазмұнын және еңбектің не екенін; **Қолданады:** мазмұнының жүйесін сактай отырып, әңгімені айтып бере алады
– Бүгін Мәдіхат Төрежановтың

Шығармашылық бейнелеу әрекеті

Міндеті:- Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу
- Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын мүсіндеу
- Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану
- Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ыдыстарын құрастыру

	<p>мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап беледі Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Танертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p>Түсінеді: адамгершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді. Қолданады: балабақша қызметкерлерімен қазақша амандасады, қарапайым сұраққа жауап береді. Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? – Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.</p>	<p>адалдықты, сенімділікті; Қолданады: бір-біріне қол ұшын бере білуді –Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал</p>	<p>«Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Әңгімені мәнерлеп оқу –Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың жасаған еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды Жаңылтпаш Не деген таңғажайып бақша бұл Төбеден алма қарша жауып тұр</p>	<p>Мақсаты: - балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту -тостағанды мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету -- ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, кию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру - қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеубіліктерін қалыптастыру - Балалар, менің қолымдағы ыдысты қалай атайды? Менің қолымдағы тостағанның қандай ерекшелігі бар? Сендердің үйлерінде осындай тостағандар бар ма? Суретін салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Топтық жұмыс</p>
--	---	---	--	--	--

Үзіліс

Сюжетті-рөлді ойын: «Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»
Мақсаты: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. **Жағдаят:** Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемеңі жөндеу, сүнгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа әзір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр. **Ойын шарты:** Кеме жасаушылар керме құрады, матростар матчаньң үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүнгіуірлер

Қимылды ойын: «Машинамен саяхат»
Мақсаты: Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.
Көрнекіліктер: Ойын алаңы, фишкалар.
Ойын барысы: Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.



Сюжетті-рөлді ойын: «Ұшқыштар»
Мақсаты: Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойында жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту. **Жағдаят:** Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда. Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару. Ұшақ далада жұмыс істеуде. **Тәрбиешінің іс-әректі:** Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс-әрекетін басшылыққа алады. **Балалардың іс-әрекетті:** Техник ұшақтың моторы тексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды. Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі. Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс-әрекетін бақылап басқарады. Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді. Радист балықшылар диканшылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды. Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі. Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі. Ұшқыштарға түскі ас дайындайды.

Қимылды ойын: «Автобус жүргізуші»
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану Мақсаты: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді; Түсінеді: күзде жемістер мен көгөністер мол болып, дәруменге бай болатынын; Қолданады: өлеңді	Сауат ашу негіздері Міндеті: - дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды. Түсінеді: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолданады Суреттермен жұмыс Педагог тақаға ер, үзенгі, ірімшік, өткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі. Балалар әр заттың атын атайды. Педагог осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел. Үзенгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел. Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі. Өткеншек –	Сауат ашу негіздері Міндеті: - дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды. Түсінеді: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолданады «Е дыбысы қайда тығылды?» ойын-жаттығуы Педагог алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын шапалақтап, сөзді айтулары керек. Сызбамен жұмыс. Педагог «ер» сөзінің сызбасын сызуды	Сауат ашу негіздері Міндеті: - дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып бөледі. Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып ауыз қуысында жасалатынын түсінеді. Қолданады: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратады «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог осы сөздерді айтқанда, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар	Көркем әдебиет Міндеті: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Мақсаты: - диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру - Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; 23 Түсінеді: ертегінің сюжет бойынша мазмұндайды; Қолданады: ертегі мазмұнының жүйесін сақтап айтып береді Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойыңды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі

	<p>мазмұнын түсініп, жаттап алады</p> <p>Күз бояуы (жаттау) Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шольп едім ақшаны, Қ ауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам.</p>	<p>балалар ойнайтын ойынның түрі. Өрмекші – жәндік. Инелік – жәндік. Заттың атын қайталатады және сөздегі бірінші дыбысты ерекшелеп айтқызады. – Осы сөздердің бірінші дыбысын айтқанда айтылуына мән берсеңдер, тілдің ұшы ілгері созылып жіңішкереді. Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, и, ү. Айнаны алып жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Педагог балаларға дауысты жіңішке дыбыстарды қайталату арқылы жаттатады. «Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы –Балалар, сендер жіңішке дауысты е, і, ө, и, ә, ү дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишқадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады</p>	<p>балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. «Ер» сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді. Ол жуан жіңішке екендігін анықтайды. «Жіңішке дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы Педагог қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздерден жауап беру керек. 1. Сүйікті тағамың қандай? (Мысалы: ет, ірімшік т.б.) 2. Достарыңның аты кім? (Өмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт). 3. Сүйікті ойыншығың не? (Өткеншек, үкі т.б.) Балалар ойнап жауап береді, көмек керек балаларға педагог көмектеседі.</p>	<p>дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишқаны көтереді. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінетінін естеріне түсіреді. 1) Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ, у. Айнаны қолымызға алып, жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. 2) Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, и, ү. Айнаны алып, жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Қазақ тілінде сөздер не жуан дауыстылардан, не жіңішке дауысты дыбыстардан құралады. Мысалы, тек жуан дауысты дыбыстардан құралған сөздер: аққу, арыстан, тасбақа, қараторғай т.б. Тек жіңішке дауысты дыбыстардан құралған сөздер: өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш т.б. суреттерін тақтаға іліп көрсету, жуан, жіңішке дыбыстарды естеріне сақтату. Кейбір сөздерде жуан және жіңішке дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы, кітап, мұғалім т.б</p>	<p>адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.</p>
--	---	---	---	--	---


Үзіліс Кеністікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

<p>Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сұңғу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!</p>				<p>Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Максаты: кеністікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынның анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.</p>
				



«Тіс шеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған ортамен танысу

Міндеті: «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру
Мақсаты: Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету

Күтілетін нәтижелер:

жасайды: ағаштар мен бұталардың бірнеше түрін атап бере алады.
түсінеді: ағаштар мен бұталардың құрылымындағы айырмашылықтарды түсінеді.
қолданады: ағаштар мен бұталарды сипаттайтын әңгімелер құрастырады; шағын тәжірибелер жасайды

«Мен қандай пайда әкелемін?»

атты дидактикалық ойын ұйымдастырады. Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.

П: Ағаштардың қандай пайдасы бар?
Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұя салады.

Күрделі сұрақ: ағашқа қарап жел соғып тұрғанын білуге бола ма? Балалар өз болжамдарын айтады. Егер бұтақтар шайқалып тұрса, жел соғып тұр деген сөз. Желдің қуатын анықтайды

Математика негіздері

Міндеті: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру

Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: 1 және 2 саны мен цифрын;

түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін;
қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды

Педагог іздеу тапсырмаларын ұйымдастырады.

– Неше паровоз? – Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды. Дауыстап «екі» сөзін қайталайды. Одан кейін ұсынады: – Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с. – Вагондардың әрқайсысында 2 терезе бар. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды. Ойын жаттығуы: «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу». Педагог бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсынады. – Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ

Математика негіздері

Міндеті: Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру

Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: 1 және 2 саны мен цифрын;
түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін;
қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды

Дәптермен жұмыс

Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретте не бейнеленгенін атайды. – Қандай заттарды «бір» деп айта аламыз? – Не туралы бір деп айтуға болады? Балалар: бір себет, бір тостаған. Оларды бояйды. – Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Екі мысық, екі тышқан. Екі-екіден тұрған заттарды дұрыс отыру ережелерін қайталайды.

Математика негіздері

Міндеті: Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру

Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру
Күтілетін нәтижелер:
менгереді: 1 және 2 саны мен цифрын;
түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін;
қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды

Тапсырма. Заттарды санайды, көрсетілген түспен бояйды. Тапсырманы орындар алдында әңгіме жүргізеді. Әр топта неше зат бар? Қандай түспен бояуға болады? Балалар 1 және 2 цифрының түсімен бояуға болатынын түсінеді. Балалар

Тапсырманы өздігінен орындап, тексереді. - тапсырмада Балалар суреттерді қарайды, артық затты табады. Таңдауын түсіндіреді. Қайсысы артық екенін бөледі. Балалар «артық» затты табуға

Қоршаған ортамен танысу

Міндеті: - Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату
Мақсаты: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту .
Күтілетін нәтижелер:
жасайды: жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.

түсінеді: жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.
қолданады: кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады Педагог балаларға тапсырманы «ВЕНН ДИАГРАММАСЫ» техникасының көмегімен орындауды ұсынады: «Сен жануарлар туралы не білесің?» дидактикалық ойыны.

Тапсырманы түсіндіреді: Сияр мен қасқырдың арасында айырмашылықтар да, ұқсастықтар да бар. Қызыл бұрышқа қасқырдың тіршілігіне қатысы бар карточкаларды қойып, сөздерді жазындар (орман, тырнақтар, қасқырдың аузы, азу тіс, жыртқыш). Ал жасыл бұрышқа – сиярдың тіршілігіне қатысы барларын жазындар (пішен, шөп, сүт, ет, мүйіз, құйрық, бұзау, му- му...). Сары секторға жануарларға тән ортақ белгілерді жазындар (мәселен, жүн қаптаған), 5 минут уақыт беріледі. Топтасып/шағын топпен жұмыс істеу. Диаграмманы балалар өз бетінше толтырады. Содан соң оған білетін мәліметтерін қосады немесе берілген ақпараттарды дұрыстайды. Топтасып жұмыс істейді. Бір-бірімен ақпарат алмасуына, бағалаулармен, қорытындылармен бөлісуге болады.

	бар? Педагог «екі» сөзінің «жүп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Балалар дауыстап «екі», «жүп» деп қайталайды. – Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар. – Бір затты (бір саны) және заттар жұбын (екі саны) қандай цифрмен белгілейміз?	үйренеді, олар оны атайды, кара ит (түсі бойынша) артық болуы мүмкін. Немесе жабайы аң сияқты сұр қасқыр	Салыстырмалы талдау жасап, бастапқы тапсырманы орындауды аяқтайды. Сұрақтардың көмегімен дұрыс ақпаратты анықтайды: Қандай дыбыстар шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?
--	--	--	---

Үзіліс Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»

<p>Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар: Қысқыштармен ойналатын ойын Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. «Жаңғақтармен ойын» Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.</p>	   	<p>Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырылатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.</p>
--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу Мақсаты: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: күз мезгілі, күз айларын, шағын мәтінді, жаңылтпашты қайталайды. Түсінеді: күз мезгілінің ерекшелігін. Қолданады: карапайым сұрақтарға жауап береді Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру Мақсаты: көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: көкөністердің қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды. Түсінеді: көкөністер бақшада өседі. Қолданады: тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. «Дүкен» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Көкөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз</p>	<p>Сөйлеулі дамыту Міндеті: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау Мақсаты: - Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Жасайды: : өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді; Түсінеді: күзде жемістер мен көкөністер мол болып, дәруменге бай болатынын; Қолданады: ертегі өлеңді мазмұнын түсініп, жаттап алады Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру Мақсаты: - Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; 23 Түсінеді: ертегіні сюжет бойынша мазмұндайды; Қолданады: ертегі мазмұнының жүйесін сақтап айтып береді Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстыршілігі арқылы еңбекке баулу Жұмбақ Балпаң-балпаң басады, Қыр-</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Тақырыбы: «Жанбырлы күн» Міндеті: - Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу - жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу Мақсаты:- - балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру -маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту -- жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету; өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; қайшымен жұмыс істей білу</p>
--	--	---	--	--

	<p>Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды</p>	<p>бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.</p>	<p>табу керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер.</p>	<p>жотадан асады. Паналайды үнгірді, Іздемейді тасаны. (Аю) Ертегіні оқу – Ертегі қалай аталады? – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Шаруаға не келді? – Аю шаруаны қалай қорқытты? – Олар қалай келісті? – Шаруа не екті? – Аюға қай жағын берді? – Келесі жылы шаруа не екті? – Аю не нәрсені білмеді?</p>	<p>кабілеттерін арттыру -- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру</p> <p>Топтық жұмыстар</p>
--	--	--	--	---	---

Үзіліс Жүгіруге арналған ойындар «Көбелектер бақалар»

<p>Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. Ұсыныс: Егер қуып жетсе, кеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.</p>  	 	<p>Ойын: «Көбелектер бақалар» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.</p>  
---	---	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті жануарларым» Міндеті: - Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу</p> <p>Мақсаты: Гимнастикалық</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Біздің аспаптар» Міндеті: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру Мақсаты: - Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау</p> <p>Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер:</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дене қабілеттерін дамыту» Міндеті: оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру Мақсаты: Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру Күтілетін нәтижелер:</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доппен ойнап, көңіліңді көтер!» Міндеті: -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтан үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру Мақсаты: бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен» Міндеті: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау:</p>
--	--	--	---	---

	<p>кабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: гимнастикалық кабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды.</p> <p>Гимнастикалық кабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)</p>	<p>«Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр кылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>	<p>Жасайды: гимнастикалық кабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу. Қысқа секіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты қайтадан қағып алу. Түсінеді: кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін және қозғалыс анализаторларын дамыту, қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру керектігін, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру керектігін. Қолданады: отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтын</p> <p>Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру</p>	<p>ақауларының алдын алу</p> <p>Тепе-теңдік сақтау – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет) Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады. Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде динамикалық тепе-теңдік сақтау – денені түзу ұстау, еңкеймей басын жоғары ұстап, алға қарап, аяқты алдымен басын басып, сосын толық табанына басу керектігіне басты назар аудару керек</p>	<p>«Қазан» (П. Чайковский) Ән айту: Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр кылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Картотека №14 Тұманды күнді бақылау. Мақсаты: Тұман кезінде маңайындағы үйлердің көрінбеуін нәліктен тұманған себептерін айтып түсіндіру. Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешу. Көл жағалай көктемде Көлбеңдейді көк перде</p>	<p>Картотека №15 Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау. Мақсаты: Балаларға жапырақтар желмен ұшып жүргені туралы білім беру. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу. Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (жапырақ) Еңбек: Ұшып жүрген себетке жапырақтарды жинау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу.</p>	<p>Картотека №16 Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады. Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. Қимылды ойын: «Автомобильдер» Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Картотека №17 Ауа-райын бақылау Мақсаты: Ауа-райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру. Жеке жұмыс: Тақпақ жаттау Қарашы, күз келді, күз келді Сары алтын жауыпты іздері Еңбек: Жапырақтармен кішкентай бұталарды жинастыру.</p>	<p>Картотека №18 Аула маңындағы шалшық судың мұздап тұрғанын бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілінде сулардың нәліктен қатып тұрғанын түсіндіріп беру. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу. Жылт-жылт еткен Жырадан өткен (су) Еңбек: Әдемі жапырақтарды жинап тәрбиешіге беру.</p>

	(тұман) Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды қорашаға салу. Мақсаты: ұқыптылыққа мұқияттылыққа үйрету. Қимылды ойын: “Ұшты-ұшты” Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз: Күзім –ау, күзім –ау Мінезің бұзық ау	Қимылды ойын: “Тез жина Мақсаты: Еңбек сүйгіштілікке баулу. Көркем сөз: Тақпақ айтқызу. Ж. Смаков «Жау, жаңбыр» Жаңбыр , жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасын.	Ойын шарты: Қатысушылардың қолдарында әр түрлі түсті рөлдер бар. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша әр түрлі түсті таяқшалармен балалар өзін жүргізуші ретінде санап, өз дабылы бойынша қимылдайды	Мақсаты: еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: допты домалату. Мақсаты: Қол –бұлшық еттерін домалату. Дербес іс-әрекеттер.	Мақсаты: әдемілікке баулу. Қимылды ойын: “Ит пен мысық” .
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Кең қадам»	«Тыныш жүгіріп өт»	: «Ұшты-ұшты»	«Аталған ағашқа жүгіріп бар»	«Белгіні тыңда»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Жеке жұмыс	Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады	Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не?	Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану	Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?	Туған күнге қандай
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ш.Батталова атындағы ТМ (РО) КММ

Мектепалды О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 2 - 6 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
алаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Біз бақытты баламыз» Кел, шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	«Мен әдепті баламын» Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан, шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері» Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Қардан үйшік жасаймыз»	Фотосуреттер қарастыру: «Қысқы ойындар түрлері» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қыстың қызықты сәттері» еркін сурет салу. Д/ойын: «Қар»
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	I - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: -адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Мақсаты: Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөледі дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: саусақты бұғу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды; Түсінеді: сәлем беруді, амандасуды; Қолданады: отбасы мүшелерін буынға бөледі Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.	Сауат ашу негіздері Міндеті: -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: - дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады. Түсінеді: дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін. Қолданады: дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды «Мұқият бол» дидактикалық	Сауат ашу негіздері Міндеті: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады. Түсінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады «Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны –Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан	Сауат ашу негіздері Міндеті: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. Түсінеді: сөздің дыбыстардан тұратынын. Қолданады: сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады. «Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы Дұрыс жауапқа фишка беріледі. Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Етік, ешкі, елгезек. –	Көркем әдебиет Міндеті: Диалогты сөйлеуін қалыптастыру Мақсаты: . сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын берілген дыбысты табады, Қолданады: әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен

	<p>Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады</p>	<p>жаттығуы Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті тікт өртбұрышты көтереді. «Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны – Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасындар. Мысалы: үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік (ат), ұзын (ожау), бұзық (әгеш), үлкен (ақула), кен (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б. «Қайтала»(доппен) дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасындар. Мысалы: тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ғғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), һһһаһ(һ), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), цциркуль(ц), шшшахмат(ш), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у) т.б. – Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.)</p>	<p>басталатын сөз қосуларың керек. Мысалы: қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әгеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік) т.б. – Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар туралы айтып беремін. Жаңылтпашты жаңылмай айта білген бала шешен де, ұтымды сөйлеуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттері жетіледі. Сонымен қатар жаңылтпаш айта білген баланың тіл байлығы дамып, күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланады. Ал жаңылтпаш табиғат, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер туралы әртүрлі тақырыптарда болады. «Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы Асан бақша жактан Ақ сабақты асқабақ әкелді. Басқа жактан Басқарақ асқабақ әкелді. – Балалар осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр? – А дыбысы. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс. – А дыбысы жуан дауысты ма, әлде жіңішке дауысты ма? – Жуан дауысты дыбыс. – А дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады. – А дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады. Дауыс шымьлдығы ашық болады. Осылай а дыбысы жасалады.</p>	<p>Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр. Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. «Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: (С) Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; (Ғ) ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз, жаға, Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, ғанибет; (Б) бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, кобыз, бақыр; (Қ) қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ</p>	<p>танымсаңыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Өңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды Өңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: – Өңгіменің авторы кім? – Өкесі балаларына қандай ақыл айтты? – Балалары өкесінің ақылын тыңдады ма? – Сыпыртқы неге сынбады? – Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды? – Өкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім де ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді? – Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды</p>
<p>Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар <i>«Лақтыр да, қағып ал»</i></p>					

<p>Суретті тіл ұстарту: Ша – ша – ша Айшаның шанасы тама (ша) Са – са – са Қасқыр соқты Мұ (са) Ол – ол – ол Ағашта лимон м(ол) Ра – ра – ра Дүкеннен нан алды Са (ра) Из – из – из Тамаққа қосты сәб(із) Жу – жу – жу Ыдысты тазалап (жу)</p>		<p>Ойын: «Лактыр да, қағып ал» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады, соны санайды.</p>
--	---	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну Мақсаты: заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: • заттардың неден жасалғанын анықтайтын тапсырмаларды орындайды/жасайды; • қоршаған ортадағы күнделікті көріп жүрген заттарының қандай материалдан жасалғандығын түсінеді; • материалды тиімді пайдалану тәсілі туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Қалай ойлайсындар, бұл заттарды кімдер жасайды? – Оларды ересек адамдар жасайды. – Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады? – Әрине, табиғаттан алады. – Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады? – Ағаштан, темірден жасалады. . «Көп ойла, сөз ойла» ойыны.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру Мақсаты 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: 3 және 4 сандары мен цифрларын; түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді 1-тапсырманы орындауды ұсынады. – Суретте не бейнеленген? – Неше мәшине? Неше қуыршақ? Санайды. Суреттегі заттардың санын табады. Шаршыға сонша нүкте салады. Мәшиненің санын 3 цифрмен белгілейді. Қуыршақтар санын 4 цифрмен белгілейді. 3 және 4 цифрларын табады. Педагог 3 және 4 цифрлары туралы өлең оқиды: Екі доға түйіскен, Қара, аумай тұр «Үштен» Ұқсастығын табады Зер салғандар мынаған: Тура «Төрт» боп қалады. Орындықтар құлаған Демонстрациялық материалмен жұмыс (15-кесте). Педагог 3</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру Мақсаты: 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: 3 және 4 сандары мен цифрларын; түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді 2-тапсырма Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде QR код көрсетіледі. Санның салу ретін бейнелеу көруге болады. 3 цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізеді. Одан кейін оны ауада жазады. Еденде аяқпен жазуды ұсынуға болады. 4 цифрмен де осыған ұқсас жұмыс істейді. Практикалық жұмыста осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады. Демонстрациялық материалмен жұмыс (6-кесте). Тапсырма: Заттар тобына жиынтық атауын таңдау, санауды бекіту. – Суретте не бейнеленген? Қандай бір сөзбен атауға болады? Қанша автобус? Қанша трактор? Қанша жүк көлігі? Барлығы қанша?</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру Мақсаты 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: 3 және 4 сандары мен цифрларын; түсінеді: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді «Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны Педагог ойын шартын түсіндіреді: төрт балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады. Дәптермен жұмыс 4-тапсырмада балалар суреттерді қарайды, «артық» затты табады. Таңдауларын түсіндіреді. Мысалы, суретте ұшақ, тікұшақ және</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту Мақсаты:- мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру Күтілетін нәтиже: • сурет бойынша мамандық түрлерін ажыратуға; мамандықтың қандай қызметті атқаратынын әңгімелеуге; болашақтағы өз қиялындағы мамандық туралы пікірін айтысуға арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • барлық мамандықтың қажет екенін, олардың қызметтері мен байланыстарын ажырату керектігін түсінеді; • мамандық туралы басқа оқу қызметтерінен алған туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады. Демонстрациялық материалмен жұмыс. – Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. – Қалай ойлайсындар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте, балаларға білім береді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда</p>
--	---	--	--	--

	<p>Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылад</p>	<p>және 4 цифрларын көрсетеді. Заттың санына қарай бейнеленген суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен сәйкестендіруді үйренеді.</p>		<p>мәшина көрсетілген. Артық – мәшине, ол жерде қозғалады, ал қалғаны аспанда ұшады.</p>	<p>жұмыс істейді? Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. – Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздеріңнің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялыңдағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады</p>
--	---	---	--	--	---

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»

Тілді жаттықтыратын тақпақ
Кім келді?
Қане, қане кім келді?
Біз, біз, біз!
Апа, апа бұл сіз бе?
Иә, иә, иә!
Әке, әке бұл сіз бе?
Иә, иә, иә!
Ағатайым бұл сіз бе?
Иә, иә, иә!
Қарындасым бұл сен бе?
Иә, иә, иә!
Біздер тату жан ұя
Иә, иә, иә!



Ойын: «Айдаһардың құйрығы»
Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
Ойынның шарты: Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.
Ұсыныс: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстап алу, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Мақсаты жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: көгөністердің қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды. Түсінеді:</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Мақсаты күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Мақсаты Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: саусақты бұғу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрды ажыратады, сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді жатқа айтады, басқалардың пікірін тыңдайды</p>		<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - - қазақ оюларының көптірлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру - аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>көгөнiстер бақшада өседi. Қолданады: тындайды, сұрақтарға жауап бередi Ойын: «Кiм жылдам?» себетке көгөнiстердi жинайды, атайды, сипаттайды. «Жемiс-көгөнiс дүкенi» демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөнiс сатылатынын атайды. Педагог алдымен өзi айтады: Дүкенде кияр бар. Дүкенде қызанақ бар</p>	<p>айтады, сөздердi сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды. Диалогке қатысады. Түсiнедi: сөздер мен сөйлемдердi түсiнедi. Қолданады: жемiстердiң атауларын қолданады, сұрақтарға жауап бередi Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Қоржынның екiншi жағын ашады. <i>Педагог жемiстердi бiр-бiрлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.</i> Күз мезгiлiнде жемiстер пiседi. Мынау – өрiк. Iк-iк – мiне, өрiк. Мынау не? Мынау – өрiк. Өрiк – жемiс. Өрiк не? Өрiк – жемiс. Өрiк дәмдi. Өрiк қандай? Өрiк дәмдi. Мынау – анар</p>	<p>тақырыпқа әңгiме құрайды; Түсiнедi: сәлем берудi, амандасуды; Қолданады: отбасы мүшелерiн буынға бөледi Е.Өтетiлеуұлының «Бес саусақ» өлеңiн педагог мәнepлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдiң данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Орган терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрiнiң базары</p>	<p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең ұнады ма? – Авторы кiм? – Бұл өлеңде не туралы айтылған? – Қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ. Құлыншақтың түсi қандай? – Құлыншақтың жалы қайда болады? – Сен құлыншақты қайдан көрдiң? – Құлыншақ туралы не бiлетiнiңдi әңгiмелеп бер Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?» Ойын шарты: Қоржын iшiнде бiрнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенiн табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.</p>	<p>ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендiру - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру - Ойынға қажеттi құрылысты бiрлесiп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бiрге жоспарлауға, бiр-бiрiмен келiсiп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкiндiк беру Мақсаты:- - қазақ оюларының көп түрлiлiгi туралы түсiнiктерiн кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшелiктерi туралы бiлiм беру; - аталған заттардан қалауы бойынша мүсiндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендiру -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендiру -- Ойынға қажеттi құрылысты бiрлесiп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бiрге жоспарлауға, бiр-бiрiмен келiсiп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкiндiк беру Топтық жұмыс</p>
--	---	--	--	---	--

Үзiлiс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа» ойыны.

<p>Тіл гимнастикасы «Р»-ға тілің келе ме?</p> <p>Қаламқасқа «тұр», - деші, Қарындашқа «жүр», - деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші, Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші.</p>	<p>Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.</p>	
--	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Лактыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу Мақсаты допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. Түсінеді: төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады</p>	<p>Музыка Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату Мақсаты Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру . Күтілетін нәтижелер: Жасайды: допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. Түсінеді: төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу Мақсаты Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады Күтілетін нәтижелер: Жасайды: допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. Түсінеді: төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды</p> <p>«Допты еденге соқ» - түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс</p>	<p>Музыка Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай) »</p>
--	--	---	---	---	--

				<p>түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.</p> <p>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.</p>	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Аспанды бақылау Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды. Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан) Мақал – мәтелдер: Қарға қаркылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады. Тақпақ «Аспанда» Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты» Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: Жолдарды қардан тазарту.</p>	<p>Желді бақылау Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау. Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) Тақпақ: Жел тынымсыз гүілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып. Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар» Еңбек: өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу. Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу</p>	<p>Күнді бақылау Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. Жұмбақ: Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады. Тақпақ: Шұғылалы күніміз Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер» Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту</p>	<p>Су бетіне қатқан мұзды бақылау Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз) Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар» Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы». Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</p>	<p>Қарды бақылау Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар. Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар) Болжам: көп қар- көп нан. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы». Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру.</p>

Балалармен жеке жұмыс	«Сықырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Жансая, Нұрбек	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аружан, Темірлан	«Сықырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Нұрперзент, Сымбат	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Аянат, Нұртуған	«Құстар фабрикасы» Мақсаты: Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. Айлин, Айнур.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар	Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты» Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.	Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы [Ш.Батталова атындағы ТМ \(РО\) КММ](#)

Мектепалды О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас




Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 11 – 15 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны Мақсаты: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	«Не жоғалды?» ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту	«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны Мақсаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны Мақсаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен әңгіме:Ата-	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен әңгіме:

беру	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын Мақсаты: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету	«Жануарды тамақтандыру» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету	Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу	«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 7				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Күтілетін нәтиже Жасайды: сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады; Түсінеді: өңір, желу сөздерінің мағынасын; Қолданады: қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көздері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды «Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. 1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. 2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. 3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. 4. Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды шар сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. шар сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, Шар сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударындар. – Шар сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасындар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Шар сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Шшшар бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы. – Ш дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Ш дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады. – Қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап шааар сөзін оқиды. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды доп сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. Д – дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Доп – 3 -дыбыс, 1 буын.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірзіділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға толық жауап береді . Жұмбақты шеш. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді. Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 3. Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Ұйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... (Шымшық) Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар». Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты: балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде</p>

			<p>айтасындар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? Жуан дауысты дыбыс, өйткені [a] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «шаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасындар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «Р» дыбысы дауыссыз дыбыс. – Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба? – «Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ыргағын өзгертуге келеді. – Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Шар – 1 буын, 3 дыбыс.</p>	орналастырылады.
--	--	--	---	------------------

Үзіліс :

<p>Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар» Мақсаты: Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. Жағдаят: Объектіны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспорттарды қарау;Экологиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаяттарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу.</p> 	<p>Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Зерттеушілер» Мақсаты: Ойнатылатын ойынның этаптарының біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диалогты моделдеуге үйрету. Жағдаят: Зерттеу объектісін таңдау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.</p> 	<p>Сюжеттік ойын: Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын Мақсаты : Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардың мейрәмділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . Жағдаят: Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.</p> 
---	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру Мақсаты Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру Декоративті балықтарға арналған үй қалай аталады? Балықтарды не үшін үйде,</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау Мақсаты . уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау Мақсаты уақыт ұғымдары туралы</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру Мақсаты Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру балаларды шкафта жатқан: алжапқыш,</p>
--	--	---	--	---

	<p>аквариумда ұстайды? Суреттерді қарап шығып, балықтар мекендейтін үйдің аквариум деп аталатынын айтады. Балықтарды аквариумда ұстайтын себебі: ол өте әдемі. Онда тіршілік ететін балықтар аквариум балықтары немесе декоративті балықтар деп аталады. Үйінде аквариумы барлар әсерлерімен бөліседі. Балықтардың атауларын атайды: гулли, семсербалық, кішкентай лақа, шілтеқұйрық. Қуаныш күрделі сұрақ қояды: Ондағы балықтар адамның қамқорлығынсыз тіршілік ете ала ма? Зерттеу жұмысы: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Талқылайды, тәжірибелік жұмысқа қатысады. Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі. Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды, тығылады. Және оларды жейді. Балықтың тіршілік етуі үшін судың маңызы зор. Аквариумға құятын суды бірнеше күн бұрын тұндырып қоямыз. Себебі, судың құрамындағы балықтарға зиянды заттар түбіне шөгуге тиіс. Содан кейін аквариумға ұлуларды саламыз. Олар аквариумның қабырғаларын, түбін тазалап, балықтардан қалған тамақтардың қалдығын жейді. Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін. Бірақ ондағы суды қатты жылытуға да болмайды. Қатты жылытылған су лайланып кетеді және онда оттегі аз болады. Салдарынан экожүйедегі тепе-теңдік жойылып, балықтар өліп қалуы мүмкін. Сондықтан аквариумда белгілі бір температура сақтаған жөн</p>	<p>Қүтілетін нәтижелер: меңгерді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді? Педагог демонстрациялық материалдан 10-кестедегі суреттерді көрсетеді. Сағаттың үлгісін қолданады (циферблат сағат тілімен). 10-кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог балалардан тәуліктің қай мезгілі бейнеленгенін сұрайды. Балалар күннің бөліктерін анықтайды, атайды. Педагог балалардан жауаптарын түсіндіріп беруін сұрайды: таңертең балалар беттерін жуады, тістерін тазалайды. Күндіз балалар балабақшада ойнайды. Кешке анасы ұйықтар алдында балаларға кітап оқиды. Балалар түнде ұйықтайды. - Бұл қай мезгілде болады? Сағатпен танысу. (№ 23 демонстрациялық материал (циферблат сағат тілімен). Сағат не үшін керек? Сағаттың қай түрін көрдің? (қабырға сағаты, қол сағаты, үстелге қоятын сағат) Саны бар шеңберді циферблат деп атаймыз. Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар. Егер ұзын тілі 12-ні, ал қысқа тілі 1 цифрасын көрсетсе, бұл сағаттың 1 болғанын көрсетеді.</p>	<p>анықтау Мақсаты уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Қүтілетін нәтижелер: меңгерді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды Сағаттың модельдерімен жұмыс Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.) Педагог балаларға өлең тындауды ұсынады. Таңертең тұрамын, Бетімді жуамын. Тісімді тазалап, Шашымды тараймын. Киімімді киемін, Бақшаға келемін Мен әдепті баламын. Балалар өлең тындап отырып топпен жұмыс жасайды: сағат тілін өз бетінше қозғап, таяқша қай бағытта қозғалатынын қадағалайды.</p>	<p>білімдерін қалыптастыру Қүтілетін нәтижелер: меңгерді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды. 2-тапсырма. Мәтінді тыңдайды. Сағат тілін аяқтап сызып салады, суреттермен сәйкестіреді. Кейін мәтінді оқиды. - Балалар таңғы сағат 8-де балабақшаға барады. - Суретке қараңыз, сағат тілі қай жерде орналасуы керек? Оны салыңыз. Содан кейін педагог тапсырманы оқиды, ал балалар оны өз бетінше орындайды. -Отбасы кешкі сағат 7-де тамақ ішеді. -Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды. Тапсырманы жұппен тексерген дұрыс. Педагог «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізеді. Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?</p>	<p>балықтарға арналған тамақ, құстарға арналған тамақ, су құятын ыдыс, майлық т.б. заттарды мұқият қарап шығуға шақырады. Ересек адамның көмегімен балыққа күтім жасау тәсілдерін көрсетеді (алжапқыш тағады, балыққа арналған тамақты шығарады, қорапты ашады т.б.) Педагог баланың іс-қимылын түсіндіріп отырады, қажет жерінде түзетеді. Жұмыс аяқталғаннан кейін заттарды бір жерге алып қояды. Педагог белгілі бір нысанды жасырады. Балалар сұрақтар қоя отырып, оның қандай зат екенін табады. Тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болатын сұрақтарды ғана қоюға болады. П: Мен бір жанурады жасырамын. Б: Жануарлар әлеміне жататын зат па? (Иә) Ол жанды табиғатқа жата ма? (Иә) Ол жануар ма? (Иә) Ол жәндік пе? (Жоқ) Құс па? (Жоқ) Ол балық па? (Иә) Ол аквариум балығы ма? (Жоқ) Өзенде тіршілік ететін балық па? (Жоқ) Ол жыртқыш балық па? (Иә) Ол адамға шабуылдай ма? (Иә) Оның ала түрі бола ма? (Иә) Ендеше ол – ақула! (Иә)</p>
Үзіліс:					
<p>Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатынын жайлы түсінік беру.</p>	<p>Ойын: «Оюларды құрастыр» Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді</p>				

Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.


Ықтимал күрделендіру: тез ойла

Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау. Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері

Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер-ғарышкер Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтпашты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Күтілетін нәтиже Жасайды: сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады; Түсінеді: өңір, желу сөздерінің мағынасын; Қолданады: қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әңгімені мазмұндайды; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға толық жауап береді – Балалар, ненің суретін көріп тұрсындар? (Слайдтан көрсету, әңгімелеу). – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз.</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалау – Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Мақсаты:- мерекелік отшашу суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыруды үйрету Топтық жұмыс</p>
--	--	--	---	--	--

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы: бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.

Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.

Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Мақсаты: Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>Музыка Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский) Ән айту: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Мақсаты Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Мақсаты Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.к.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады</p>	<p>Музыка Міндеті: -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту Мақсаты Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский) Ән айту: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	

Серуен	<p>Судың қатқанын бақылау Мақсаты: судың құрамымен таныстыру, табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру. Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды? Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады. Тақпақ: Қар жатыр аппақ Ойнауға жақсы-ақ Осындай шақта Кім үйде жатпақ? Жұмбақ: Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз) Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс». Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту. Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</p>	<p>Тоғайларды бақылау Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету; Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу. Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады. Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек» Тақпақ: Қазақ жері – сәніміз Мәуесі мол бағымыз Саясында жетілер Балдай бала шағымыз. Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю» Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.</p>	<p>Ағаштар мен бұтақтарды бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру. Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер. Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады. Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады. Тақпақ: «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай, қарағай Мейірбанды анадай. Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар» Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау</p>	<p>Қар үстіндегі іздерді бақылау Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Тақпақ: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.	Қимылды ойын: «Мерген кім?» Мақсаты:- заттарды лактыруға жаттықтыру; Жеке жұмыс: «Ағаш суретін сал» Мақсаты: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.	Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Инжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар	Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.	«Қолғап» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті
Балаларды үйге қайтару	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы [Ш.Батталова атындағы ТМ \(РО\) КММ](#)

Мектепалды О «ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **111-апта** 18 – 22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.12	Сейсенбі 19.12	Сәрсенбі 20.12	Бейсенбі 21.12	Жұма 22.12
Балаларды қабылдау		«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	«Маймылдар» ойыны Мақсаты: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сауат ашу негіздері Міндеті: -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Тал» сөзінің дыбыстық талдауы. [Т] дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз	Көркем әдебиет Міндеті: - - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты: өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін жасайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, сұрақтарға жауап береді. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең	

		<p>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады</p>	<p>сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Дөп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.</p>	<p>дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. [А] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңестеледі. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. [Л] – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ыргағын өзгертуге келеді. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар</p>	<p>сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді. Жаңа жыл келді Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!</p>
--	--	---	--	---	---

Үзіліс :


Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші»
	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Туған өлке, ел, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. -үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу (кір. 08.03) Мақсаты Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді. түсінеді: пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын. қолданады: зерттеу және тәжірибе жасау жұмысымен айналыса алады Суретті қарап шығып, көліктер мен ұшақтардың неден жасалғанын талқылайды. Олар жанар-жағармайсыз жүре ала ма? Қосымша мәлімет: Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Өтірлер, иіссудың</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуы. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p> <p align="center">Балалалар геометриялық</p>	<p>Математика негіздері Міндеті -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуы. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуы. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру Мақсаты туған өлке әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру Күтілетін нәтиже: • өздерінің туған жері туралы әңгімелеуге; туған өлкенің табиғатын суреттеуге арналған тапсырманы орындайды/жасайды; • туған жер, Отан біреу-ақ екенін, оны мәңгі сүю керектігін түсінеді; • туған жер туралы білетін әндерін, тақпақтарын күнделікті өмірде қолданады Туған өлке ол не? – Өзіміз тұратын үй, көше, ауыл, табиғат, Отан, Қазақстан мемлекеті – барлығын «туған өлке» деп айтуға болады. – Біз қай Республикада тұрамыз? – Бас қаламызды атаңдар. – Иә, балалар, өзіміздің туып-өскен жеріміз «туған өлке»,</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасындар. Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір кара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы кара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысуға шақырады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысады. Туған өлкеде қандай пайдалы кендер өндірілетінін анықтайды. Қазақстанның пайдалы қазбаларына қатысты шартты белгілермен танысады.</p>	<p>денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p>	<p>Геометриялық материалмен топтарда практикалық жұмыс жасау. Санамақ арқылы топқа бөлінеді. Балаларға әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шаршылар, шарлар, шеңберлер және т.б.) қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды ұсынады. Ойынға қатысады. Фигураларды талдайды. Фигураларды бір-бірімен салыстырады. Практикалық жұмыс. Балалар үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ. – Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) – Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды. – Сопақшаға қандай заттар ұқсас? (Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді көрсетеді.) Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды. – Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді. – Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз. – Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді? – Бұл фигуралар несімен ұқсас? Балалар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары</p>	<p>«Сықырлы дорба» ойыны. «Сықырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сықыршы сықырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зынданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап карап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз</p>	<p>«атамекен» деп аталады. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, қуатты өлке, оның байлығын бүкіл тұрғылықты халқымыз пайдаланып, бақытты өмір сүруде. Туған өлкеміздің ауылы мен қалаларында өздерің секілді бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып-өскен жерін мақтан етеді. Сол себептен мен өздеріңмен туған өлкеміз туралы әңгімелескім келіп тұр. Ата-бабамыз бала бойында сәбилік шақтан бастап қоршаған ортаға, табиғатқа деген дұрыс көзқарас қалыптастырып отырған. – Өздерің тұратын жердің табиғаты туралы әңгімелендер. – Өздерің тұратын қала (ауыл) қалай аталады? Тірек сұрақтар қою арқылы балаларға туған қала, ауылдары туралы әңгімелетеді. Балалар өздерінің туған қаласы немесе ауылы орналасқан мекені туралы әңгімелейді. Өздері тұрып жатқан қаладағы (ауыл) көрнекті жерлер, табиғаты, халқы немен айналысатынын әңгімелейді. Балалар өздерінің туып-өсіп жатқан туған қаласы, ауылы Отанның бір бөлігі екенін түсінеді</p>
--	---	--	--	--	---

			тең, тіктөртбұрышта қарама-қарсы қабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар.		
Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар «Күн мен түн»					
 	 	<p>Ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: «Күн» мен «Түн» деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м рақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресембір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.</p> <p>Ереже: 1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады. 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады. 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.</p>			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	<p>Қазақ тілі Міндеті: -- Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Таныс ертегілер иллюстрациясымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».</p> <p>Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтыңдаршы. Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді. Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді Мынау не? – Мынау – қарлығаш. Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату. Суреттер бойынша жұмыс. – Мынау – Қарға. – Мынау не? – Мынау – Қарға. – Мынау – Көкек. – Мынау не?</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - , Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру Мақсаты киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру Дидактикалық ойын: «Не артық?» Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). – Көйлек неге артық? – Көйлек – киім. – Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. – Көйлек, шалбар, жейде – нелер? – Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер. Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұ-ұ-ұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді қайталауды Мақсаты Ана туралы өз ойларын айтқызу.</p> <p>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».</p> <p>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталағанда Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық». Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. – Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде? – Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Наурыз Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағмыыз. Сәскеде - жаз, Түнде қыс Секілді екен Наурыз. Төлдеп жатыр малымыз, Қазан толы сары уыз. Сүті көп те, Көмірі аз</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу – Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау -- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару (кір. 08.03) түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу - достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды</p>

<p>– Мынау – Көкек. – Мынау – Дәуіт. – Мынау не? – Мынау – Дәуіт. – Мынау – Жылан. – Мынау не? – Мынау – Жылан – Қарлығаш көмек сұрады. – Қарлығаш не істеді? – Қарлығаш көмек сұрады. – Көмек, кө-мек. – Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. – Қарлығаш нелерден көмек сұрады? – Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. – Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді. – Көкек не деді? – «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. Қарға не деді? – «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. – Осы істері дұрыс па? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығашқа не көмек берді? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығаш пен Дәуіт дос болды. – Қарлығаштың досы – Дәуіттің досы ...</p>			<p>Болады ғой Наурыз. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәмiмiз. Көжесi көп, Қыры көк Қандай жақсы наурыз!</p>	<p>көлемдi пiшiнге өзгерте билудi бекiту</p> <p>Мақсаты –қонжықты суретiн салу,мүсiндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
--	--	--	---	---

Үзiлiс: «. Секiруге арналған ойындар «Кесiртке»ойыны



Ойын: “Кесiртке”
Мақсаты: балаларды [ойынның шартын бұзбай ойнауға](#), белгi бойынша қимыл-қозғалыс [жасауға дағдыландыру](#), зейiндерiн, [байқағыштықтарын](#), жүгiру дағдыларын дамыту.
Шарты:Бiр ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер iшiнде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесiрткенiң “басы”, соңғы ойыншы- кесiрткенiң “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкiл бағананы – кесiрткенi құйрығынан бастап өлтiруi керек. Кесiртке құйрығын қорғау мақсатында өлтiргелi жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен берiледi. Кесiрткенi аз уақытта өлтiрген топ – жеңiмпаз болып есептеледi.

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру Мақсаты Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, нықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту «Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p>Музыка Міндеті: - Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру Мақсаты Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Келіншек» қ.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай) Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) «Анашым» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өнд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату Мақсаты: Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл- қозғалыс тәжірибесін толықтыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: 3 метрден қозғалыстағы нысананы ату, релаксация. Түсінеді: «толеранттылық» терминін, «командалық ойындар» ойын ережелерін, Қазақстан Республикасындағы түрлі халықтарға құрметпен қарауды. Қолданады: допты бір-біріне лақтыруды, қозғалмалы нысананы ату дағдыларын, шашырап жүру, жүгіру, командада келісіп әрекет ету дағдыларын Кимыл-қозғалыс ойыны: «Шарбақ» (4рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстанып, төрт-төрттен бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады. Орыс халық әуендерімен әр қатар қарама-қарсы қатардағы балаларға барып иіледі. Сосын өз орнына қайтып келеді. Көңілді әуен басталғанда бар білетін қимылдарын жасап, балалар шашырап, секіріп билей бастайды. Музыка тоқтай қалғанда әр қатар өз орнына қатарға тұра қалуы керек. Олар айқастырып қол ұстасып, «шарбақ тоқиды».</p> <p>«Тентек доп» – армян халқының ойыны. (4 рет). Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушыларды ата бастайды. Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді. Бірақ, допты қағып алуға тырысады. Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу Мақсаты Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену «Тақиятастау» Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады. Бастапқы қалыпта аяқтарын нықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады</p>	<p>Музыка Міндеті - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау</p> <p>Мақсаты Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Келіншек» қ.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай) Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) «Анашым» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өнд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

<p>Серуен</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №6 Серуен бақылу: Қарды бақылау <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</i> <i>III. Ахметов</i> <i>Ақ қар еріп,</i> <i>Су көбейіп,</i> <i>Сай-салаға ағады.</i> <i>Бұрыш шашып,</i> <i>Жапырақ ашап,</i> <i>Гүл, бәйшешек басады.</i> <i>Бөбектерім, айтыңдаршы,</i> <i>Бұл қай кезде болады?</i> <i>Балаларға сұрақтар</i> <i>*Қазір жылдың қай мезгілі?</i> <i>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?</i> <i>*Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?</i> <i>*Неге бұл жердің қары еріп жатыр?</i> Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқак пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істеуді үйрету.</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №7 Серуен бақылу: Шырша ағашын бақылау <i>Мақсаты:</i> — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев</i> <i>Қанша заман өткенімен,</i> <i>Ескірмейтін асыл шырша.</i> <i>Алатаудың көктемімен,</i> <i>Доссың гөй сен, жасыл шырша.</i> <i>Өзгермейсің қыс келсе де,</i> <i>Бояғыңды оңдырмайсың.</i> <i>Аяз шымып, тістесе де,</i> <i>Жапырағыңды тоңдырмайсың.</i> <i>Балаларға сұрақтар:</i> <i>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?</i> <i>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?</i> <i>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?</i> <i>Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.</i> <i>Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.</i> Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. <i>Мақсаты:</i> ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №8 Серуен бақылу: Су тамшыларын бақылау <i>Мақсаты:</i> — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай</i> Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (<i>күн бетте</i>) ♦ Неге? (<i>күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады</i>) ♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (<i>қысқарады, аяз бен желден олар сынады</i>) ♦ Шуақты күні ше? (<i>өседі</i>) ♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (<i>күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады</i>) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №9 Серуен бақылу: Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (<i>күн</i>) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> (<i>күн</i>) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті айнекпен</i>) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</p>	<p>Наурыз Серуен-Бақылау №9 Серуен бақылу: Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (<i>күн</i>) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> <i>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.</i> *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті айнекпен</i>) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</p>
----------------------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: «Қоржынды сәңдейміз» Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Алинур, Рамазан	Жеке баламен жұмыс: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті Аяла, Айгерім	Жеке баламен жұмыс: Инжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Бекзат, Нұрсұлтан	Жеке баламен жұмыс: Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Жеке баламен жұмыс: «Автобус» Мақсаты: Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Айлин, Айбек
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қушышудан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.	Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты :Қозғалыс координацияларын дамыту.. Жаттығу ойыны Доппен жаттығу. Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Орман ел дәулеті, жер сәулеті. -Аяламансаң ағаш та, аспандап өспес.	Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: —Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ұйымы Ш Батталова атындағы ТМ (РО) КММ мектебі

Мектепалды О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас


Жоспардың құрылу кезеңі ІІІ-апта 18 – 20 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінізді сездіріңіз.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі- ҮІӨ)	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	Тіл ұстарту жаттығулары «Теңіз тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Мақсаты : Көркем шығармаларды сахналауға үйрету Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды. –Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсындар? –Күшіктің анасын қалай атаймыз? –«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? –Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. –Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? –Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы. –«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? –Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық» Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем құрады «Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны – Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасындар. Мысалы: көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбыр...(а), қасқы...(р), шырш...(а),	Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Мақсаты Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем құрады Сызбамен жұмыс Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады. Балалардан түсінгендерін сұрау. 1. Сөз неден жасалады? 2. Сөздің сызбасы немен белгіленеді? 3.		

	<p>–Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. –Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. –Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.</p> <p>–Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.</p> <p>Қасқыр: –Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. –Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. –Мысық, мен сені жеймін, – дейді. –Мені тойдыр, күшік. –Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. –Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? –Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік:</p> <p>–Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: –Әй, мақтаншак, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.</p>	<p>банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), кунбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ), мекте...(п), колга...(п); (а)...лқа, (м)...оншак, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ояу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгі т.б. «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер. Мысалы: -к дыбысы: (қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лак, кылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, ақсу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, ток т.б.) -т дыбысы: (тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.) Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз</p>	<p>Сөйлем сызбасы қалай сызылады? 5. Дыбыс сызбасы немен белгіленеді? «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі)</p>		
--	---	--	--	--	--

Үзіліс:

Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылың жасайық»




Құрылымдалған ойын:

Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»

Мақсаты: Балалардың көру қабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.

Шарты: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер. Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.



Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Мақсаты Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: жасайды:орманды мекендейтін бірнеше жануарды атап береді. түсінеді:жануарлардың орманда орналасу қағидасын; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік ететін ормане байланысын. қолданады:өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, үлгілеу қабілеті Суретте не бейнеленген? Ең биік ағаштарды ата (қарағай, шырша). Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? (Бөртегүл). Суретте шөп бар ма? Орманда нелер мекендейді? Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды. Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды. Үлгілеумен айналысады.Топтарға бөлініп, педагогтің алдын ала дайындаған орман суретіне жануарларды орналастырады. Орман қабаттарын айтады. Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады. Жерде жауынқұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады. Көртышқандар жер астын мекен етеді.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты : геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптасатыру. Күтілетін нәтижелер: менгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат». Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұр жинақтары салынған хатқалта жатыр.Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Мақсаты. : геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптасатыру. менгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды 1-тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сзып қосады.</p>		
--	---	--	--	--	--

Үзіліс:

<p>Ойын- жаттығу: «Мөлдір су» Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық» 3.«Тасбақа» Тасбақаға қараңдаршы, Тас жейдесін киіп ап. Тауға мінді, суға жүзді, Балықтарды ұстады. Дәмді тағам ішіп алып, Қарнын ол тойдырды. Енді қайда барады, Жата қалып, демалды. (Саусақтарын жұдырыққа түйіп алып, тасбақаға еліктеу. Саусақтарды үстел үстінде жүргізу. Басбармақпен ортаңғы саусақтарды ұштастыру. Саусақтарды қайтадан жұдырыққа тую).</p> 	<p><i>Сюжеті-рөлдік ойын</i> Тақырыбы :«Теңізшілер. Балық аулаушылар Су асты қайығы» Мақсаты : Оқушыларда ойында логикалық жүйелілікте бірнеше әрекеттерді қалыптастыру, ойын жағдайына кіру, ойынның сюжеті мен рөлі негізінде аяғына дейін ойнау. Балаларда жағымды қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру және топта мейрімді қатынасты қалыптастыру. Жағдаят: Кеме құрылымы, теңіз асты қайығы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік іс-әрекеттерді жасау,кемені жөндеу, сүңгуірдің жұмысы, Кемедегі жалаудын көтерілуі, портқа оралу. Май шабақты табу. Май шабақты аулау, балық кетеді, кемедегі тесілген жер. Жаңа зәкір суға түседі, теңізде өрт.Көмек келеді Тәрбиешінің іс-әрекеті: Капитан рөлінде кемені жүргізеді, басқаларға команда береді, маршруттық қағаз береді, басқа кемелермен байланысқа шығады. Дүрбі арқылы балықтардың бір үйір топтарын көру,зәкір салады, балықшыларға пәрмен салады. Балалардың іс-әректі: Кеме құрайды, матростар дінгекте ілініп тұрады, қараңғы жерге қарайды; көпірде тұрады; шлопкашы дінгектің дұрыс салынуын тексереді; Борсық матростарға команда береді, жұмысты қалай атқаратының бақылайды. Сүңгуірлер судың түбін қарайды, зәкір іздейді, краншылар кемені жүкпен толтырады. Механик көмірдің жанып кеткенін айтады. Дәрігер адамдарды емдейді және жүзу кезіндегі жарақаттандырғандарды. Балықшылар: торды бұрайды,теңізге лақтырады, балық аулайды, жәшікке сорттарымен орналастырады. Механик машина жұмыстарын тексереді. Адамдар билет сатып алады,кемеге отырады, транспорттық мекемедегі тыныштықты сақтайды. Адамдарға тамақты қалай дайындайды.</p>	<p><i>Сюжеті-рөлдік ойын</i> Тақырыбы : «Хайуанбақ » Мақсаты: Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру . Хайуанбақ жұмыскерлерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудің негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят: Хауанбаққа билет алу; Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін таңдау ; Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер , Аңлардың сауығуы. Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі Балалардың іс-әректі: хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейрімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғанын ескереді Дәрігер Айболит аңдар жанбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады .</p> 			
<p>3 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>					
	<p>Қазақ тілі Міндеті: -- Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу Мақсаты дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету.. Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?» – Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз. Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру Мақсаты заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. «Тазалық – денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру. Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек. Жаңа сөздермен таңыстыру. – Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі, тарақ қолданамыз. – Мынау – сабын.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Мақсаты Көркем шығармаларды сахналауға үйрету Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды. –Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? –Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші. –Күшік келе жатып неге жолығады?</p>		

	<p>Жаңа сөздермен таныстыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Көз көру үшін керек. – Көз не үшін керек? – Көз көру үшін керек. – Құлақ не үшін керек? – Құлақ есту үшін керек. – Мұрын дем алу үшін керек. – Мұрын не үшін керек? – Мұрын дем алу үшін керек. – Қол ұстау үшін керек. – Қол не үшін керек? – Қол ұстау үшін керек. – Қол жазу үшін керек. – Қол не үшін керек? – Қол жазу үшін керек. – Қол сурет салу үшін керек. – Қол не үшін керек? – Қол сурет салу үшін керек. – Аяқ жүру үшін керек. – Аяқ не үшін керек? – Аяқ жүру үшін керек. – Аяқ жүгіру үшін керек. – Аяқ не үшін керек? – Аяқ жүгіру үшін керек. – Көз, құлақ, мұрын, қол – бұлар сезім мүшелері. 	<ul style="list-style-type: none"> – Мынау не? – Мынау – сабын. – Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз. – Сабынмен не істейміз? – Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз. – Мынау – жөке. – Мынау не? – Мынау – жөке. – Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз. – Жөкемен не істейміз? – Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз. – Мынау – сүлгі Мынау не? – Мынау – сүлгі. – Сүлгімен денемізді сүртеміз. – Сүлгімен не істейміз? – Сүлгімен денемізді сүртеміз. – Мынау – тарақ. – Мынау не? – Мынау – тарақ. – Тарақпен шашымызды тараймыз. – Тарақпен не істейміз? – Тарақпен шашымызды тараймыз 	<ul style="list-style-type: none"> – Қасқыр не дейді? – Күшік не дейді? – Екеуі келе жатып нелерді көреді? – Қасқыр нені жейді? – Тойған Қасқыр Күшікке не дейді? – Іші пысқан Күшік неге жолығады? – Мысыққа не дейді? – Мысық не дейді? – Күшік жолда нелерді көреді? – Түйеге күшіктің шамасы келе ме? – Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен. – Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). 		
--	---	---	---	--	--

Үзіліс:

<p>Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар: Қысқыштармен ойналатын ойын Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. «Жаңғақтармен ойын» Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.</p>	 	<p>Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың ідейіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.</p>
--	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр) Мақсаты - Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену Биіктікке секіру.</p>	<p>Музыка Міндеті: - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау Мақсаты Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр) Мақсаты Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену «Тақиятастау» Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі.</p> <p>Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді</p>	<p>белгілей отырып тыңдау</p> <p>Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өнд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.</p> <p>Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады</p> <p>Көлденең нысанаға асықты бір қолмен лақтырады. Бастапқы қалыпқа нұсқау бойынша тұрады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп күшін мөлшерлеп лақтырады. Нысанаға тура тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады</p>		
